

С. М. Мәшімбаев
А. М. Сманова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ПОЛЯК ӘСКЕРИ ЕЛШІЛІГІНІҢ
ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ
(1939-1943 ж.)

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 94(574)075.8
КБЖ 63.3(5қаз)я73
М 37

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған (№4 хаттама 26 мамыр 2017 ж.)*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Г.К. Көкебаева**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Л.Т. Қожакеева**

Мәшімбаев С.М.

М 37 Қазақстандағы поляк әскери елшілігінің құрылуы және қызметі (1939-1943 ж.): оқу құралы / С.М. Мәшімбаев, А.М. Сманова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 90 б.

ISBN 978-601-04-2662-7

Оқу құралында Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, 1939 жылғы 1 қыркүйектегі Польша-Герман соғысының бірінші кезеңі, соғыс басталғаннан кейінгі Польша жайлы жазылады. Кеңес-Польша келіссөздерінен кейін КСРО жерінде Андерс армиясын құру туралы, тұтқындағы поляктардың көбін оңтүстік облыстарға көшіру, сөйтіп, Қазақстанда поляк әскерін құру үшін Қазақстан жерінде поляк әскери елшіліктерінің құрылуы және оның қызметі (1941-1943 ж.) баяндалады.

Оқу құралы тарих факультетінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 94(574)075.8
КБЖ 63.3(5қаз)я73

ISBN 978-601-04-2662-7

© Мәшімбаев С.М., Сманова А.М., 2017
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

КІРІСПЕ

Польша тарихнамасындағы бұрын-соңды ғылыми талдау жасалмай, кеңес тарихнамасында ақтандақ болып келген мәселе – екінші дүниежүзлік соғыс жылдарындағы КСРО жерінде генерал Андерс бастаған поляк әскерінің құрылуы. Бұл өзекті мәселеге тоқталмастан бұрын фашистік Германияның 1939 жылы 1 қыркүйекте Польшаға соғыс ашуы мен басып алу тарихына және 1939 жылы 17 қыркүйекте КСРО үкіметі Польшаға соғыс ашып, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны КСРО-ға қосып алуы шындықтан алыс болды.


Кеңестік кезеңде Қазақстанға Украинаның Польшамен шекаралас аудандарынан және Польшаның шығыс аймақтарынан зорлықпен көшірілген поляктар қоныстанды. Қазақстан жері тұтқынға түсіп, Катыньда қаза тапқан поляк офицері жанұясының да қайғы-қасіретіне куә болды. Тұтқын поляктардан құрылған генерал Владыслав Андерс басқарған әскердің тарихы да Қазақстанға қатысты тарихи оқиғалардың бірі. Бұл екінші дүниежүзілік соғыс және кеңес-поляк қатынастары тарихнамасында аз көңіл бөлінген мәселелер қатарына жатады. Кеңестік кезеңде Кеңес Одағының түрмелері мен лагерьлеріндегі поляк соғысы тұтқындарының тағдырына қатысты зерттеулер мүлде болған жоқ. Осыған байланысты КСРО жерінде жасақталған генерал Андерс әскерін объективті бағалау тоталитарлық жүйе кезінде, әрине, мүмкін емес еді. Қайта құру жылдарына дейін осы Кеңес Одағында құрылған поляк әскері жайлы сыңаржақ, кереғар пікірлер орын алады. Себебі бұл мәселені зерттеу 1939 жылдың 17 қыркүйегінде кеңес әскерінің Польша жеріне енгізілуі және кеңес жерінде қырғынға ұшыраған поляк офицерлері жөніндегі ащы шындықтың бетпердесін ашумен бірдей еді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары тақырыбына қатысты жазылған еңбектердің Кеңес Одағын асыра дәріптеп, насихаттау жағына көп ауытқып кеткендігі мәлім.

Андерс әскерінің құрылу тарихы жете зерттелген. Сонымен қатар Ресейде тек Катынь құпиясы ашылғаннан кейін ғана басталып, мұрағат құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Көшірілген, жер аударылған, жазаға ұшыраған поляк азаматтарының басым бөлігі Қазақстанға жіберілгені белгілі. Сондықтан Андерс

әскерінің жасақтала бастауы мен Иранға кетуіне дейінгі кезеңдегі бүкіл тарихы Қазақстанмен байланысты, соған орай біздің еліміздің мұрағат қорларында бірталай құжаттар мен материалдар сақталып қалған. Қазақстан егемендікке ие болғанға дейінгі кезеңде мұрағат қорларындағы құжаттар «өте құпия» белгісімен сақталғандықтан, бұл тақырыпты зерттеуге ешқандай мүмкіндік те болған жоқ. Осы жағдайларды ескере отырып, біз Польша мен Қазақстанның тағдырластығын Польша тарихының ең күрделі кезеңіндегі екінші дүниежүзлік соғыс, поляктарды көшіру, соғыс тұтқындарының ауыр тағдыры, Андерс әскерінің құрылуы сияқты оқиғалар арқылы көрсетуді мақсат тұттық. Аталған мәселелер тақырыптың өзектілігін ашып отыр.

1-тарау. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ

1. Герман-Польша соғысының алғашқы кезеңі (1939 жыл 1-28 қыркүйек)



1-сурет. Польша жеріне батыстан Германия әскерінің, ал шығыстан КСРО әскерінің баса-көктеп енуі

1939 жылы қыркүйек айының 1-күні таңда фашистік Германия ешқандай ескертусіз Польшаға соғыс ашты. Бұл екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы еді. Соғыстың алғашқы сағатынан бастап поляк халқы агрессорға қарсы жан аямай күрес жүргізді.

Польшаның Гдынь, Гданьск, Хель аралында айтарлықтай соғыс қимылдары жүрді. Вестерплат маңында күштің тең болмауына қарамастан поляк солдаттары жеті күн бойына қорғанып, отан алдындағы міндеттерін ерлікпен қорғады. Фашистік Германия Польшаны жаулап алу үшін 1,6 млн әскер, 62 дивизия, оның 7-еуі танк дивизиясымен соғыс ашты. Оның ішінде 2800 танк, 6 мың миномет пен артиллерия және 2 мың самолет болды. Польша жағы 1 млн адам, 24 дивизия, 4300 артиллерия, 220 танк және 800 самолет қарсы тұрды [1, 45 б].

Күштің тең болмауынан неміс-фашист әскерінің жеті күннен кейін Варшава қаласының маңында соғыс қимылдарын жүргізіп, Польшаны толық жаулап алу қаупі төнді.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы келісімдер негізінде Франция мен Ұлыбритания қыркүйек айының 3-күні Германияға соғыс жариялады. Алайда ешқандай Германияға қарсы соғыс қимылдары басталмады. Бұл жөнінде Франциядағы Польша әскери өкілі былай деп жазды: «Қыркүйек айының жетісі күні бір мың тоғыз жүз отыз тоғызыншы жылы Германияның батысында ешқандай соғыс қимылдары жоқ. Майданда тыныштық. Француздар Герман-Польша майданында соғыс қимылдарының немен аяқталатынын күтуде. Ұлыбританиядан көмек сұраған Польша уәкіліне ағылшын генералы Айронсамд: «... өздерінің жан ашығандығын айтып, бейтарап елдерден көмек сұрандар», – деп жауап берген» [1, 45 б].

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихында Франция мен Ұлыбритания үкіметтерінің бұл саясаты «Ғажайып соғыс» деп аталды. «Ғажайып соғыс» саясатының сол кездегі негізгі мәні Франция мен Ұлыбритания Германияға экономикалық қысым жасаумен шектеліп, Германияны шығысқа КСРО-ға қарсы соғысқа итермеледі. Олардың ойы Германия Польшаны жеңгеннен кейін КСРО-ға соғыс ашады деп ойлады. Бірақ бұл ойларынан ештеңе шықпады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Польша мемлекеті жалғыз соғыс қимылдарын жүргізуге мәжбүр болды.

Польша астанасы Варшава қаласының халқы екі жеті күрес жүргізіп, қару-жарақтың жеткіліксіз болуы, күштің тең болмауы, қаланың құлауын мәжбүр етті. Варшава қаласын қорғаушыларды басқарған генерал Валерсон Чума және елдің президенті Сте-

фан Сталинский болды. Соғыс қимылдары Польшаның Лодзь, Краков, Познань қалаларының маңында жүріп жатты.

Герман-кеңес арасындағы жасырын қол қойылған Риббентроп-Молотов пактісі, ықпал келісімі бойынша Қызыл Армия Батыс Украинаны басып кірген кезде неміс әскері Львов қаласын тастап, Қызыл Армия әскеріне жол ашты.

«1939 жылы қазан айының 2-күні Люблин қаласында Қызыл Армия мен неміс әскерінің бір-бірімен кездесіп әңгіме соғып, темекі шегіп, қуанышты күлкілерін көруге болады», – деп жазды қала тұрғындары. Бұл күні Польша тарихында Германия Польшаны, Қызыл Армия Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны толық жаулап алуымен соғыс қимылдары аяқталды.

Польшаны толық жаулап алғаннан кейін Гродно, Брест, Бинск қалаларында бірлескен әскери шеру ұйымдастырылған. Немістер бұл шеруді «Жеңіс парады» деп мақтанған. Мысалы: Гродно қаласындағы әскери шеруді кеңес генералы В.И. Чуйков және Германия генералы басқарса, Брест қаласында генерал Г. Гудериан және кеңес әскерінің бригада командирі С.М. Кривошейн қабылдаған. Қызыл Армия 1939 жылы қазан айында Польшаның Остроленка, Вышкув, Иодов, Мрозы, Сточек, Радзин, Парчев, Лютерский, Фрайполь, Сеняв, Пшемисль, одан әрі Венгрия шекарасына дейінгі жерді басып алған [2, 101 б].

1939 жылы қыркүйек айындағы соғыс қимылдарының барысында 200 мың поляк өлді, 300 мың полякты тұтқындап Германияға жұмысқа айдады. КСРО өз жағынан 200 мың полякты тұтқынға алды.

Польшаның мемлекетінің жеңілу себебі, *біріншіден*, Риббентроп-Молотов пактісіндегі жасырын ықпал жасау келісімі, *екіншіден*, Франция мен Ұлыбритания басшылары Долодьс Чемберленнің фашистік Германияны қолдау саясаты, *үшіншіден*, Польша мемлекеті соғысқа дайын болмады, қару-жарактың жетіспеуі болды. Соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін 1939 жылы қыркүйек айының 28-күні Мәскеу қаласында КСРО мен Германия арасында келісім жүргізіліп, КСРО-ның батыс шекарасындағы өзгерістерді Германия жағы толық мойындады [3, 49-50 б.].

Риббентроп-Молотов пактісінің бірінші кезеңі аяқталып, оның батыс шекарасы Польша жерінде Германияның жаулап

алған жерлерімен көрші болды. Ежелгі Речь Посполитая жері тарихта үшінші рет бөліске түсіп, поляк халқы тәуелсіздігінен айырылды.



2-сурет. Риббентроп-Молотов пактісіне қол қойып жатыр

Риббентроп-Молотов пактісінің негізінде Германия мен КСРО өзара келісіп отырып, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін өз ықпалына бөліске салды.

Бұл келісімнің екінші кезеңінде КСРО Эстония, Латвия мен Литваны оккупациялап, 1940 жылы маусым айында еріксіз КСРО-ға қосып, бұл елдерде кенестік тәртіп орнады. Сол кездегі коммунистік диктат саясаты «азат етуші» Қызыл Армияның көмегімен КСРО-ға үш социалистік республика қосылды деп үгіт-насихатты күшейтті. АҚШ, Ұлбритания үкіметтері бұл шараларды мойындамады. Сол кездегі АҚШ-та шығатын «Вашингтон пост» газеті 1939-1940 жылдардағы КСРО-ның «азат ету» миссиясын жаулап алу деп бағалады [4, 67 б.].

1940 жылдары КСРО-ның Қызыл Армиясы Финляндияның көптеген жерлерін өзіне қосып алды. Гитлер мен Сталиннің келісімімен Румыния үкіметі Солтүстік Буковиня мен Бессарабияны КСРО-ға беруге мәжбүр болды. Сөйтіп, 1939-1941 жылдарда

КСРО өзінің батыс шекарасын кеңейтіп, Германияның одақтас елдерімен көрші тату тұрып жатты. КСРО бұл жылдары кеңес-герман келісімінің негізінде соғыс өнеркәсібіне өте қажетті шикізат арқылы көмектесіп, фашистік Германия соғыс өндірісін жедел дамытуға мүмкіндік жасады. Бұл жөнінде кеңес-герман экономикалық сауда комиссиясының төрағасы Шнурре Риббентропқа былай деп жедел хат жіберді: «Кеңес үкіметінің бізге жіберіп отырған шикізаттары Германияның соғыс өнеркәсібін дамытуға және соғысқа дайындықты тездетуге зор маңызы бар» [5, 37 б.].

1939 жылдың 23 тамыз айынан, 1940 жылдың 11 ақпан айына дейін КСРО келісімі бойынша Германияға 1 млн т бидай, 900 мың т мұнай, 500 мың т фосфат, 100 мың т мақта, 500 мың т темір рудасы, 100 мың т хром, 2400 кг платина, каучук, ағаш материалдарын берген [5, 36 б.].

1939-1940 жылдары фашистік Германия Дания мен Норвегияны жаулап алады. Норвегияда Норвик маңындағы шайқаста неміс әскеріне қарсы Польшаның Подгальян бригадасы қатысты. Бұл бригаданы поляк генералы Зыгмунт Шишко-Богуш басқарған. Бұдан кейін Голландия, Бельгия мен Францияны жаулап алды. Ұлыбританияны неміс солдаттары бомбалады.

Ұлыбританияның корольдық әскери-әуе күштерінің ұшқыштарымен бірге Польшаның 302 және әскери эскадрильясының ұшқыштары ерлікпен күресті. У. Черчилль «поляк ұшқыштарының ерліктері ағылшын ұлтының есінде мәңгі қалады» деп баға берген.

Владислав Сикорский поляк ұшқыштарын «Англия үшін шайқастағы» ерлігі үшін «Крест Орден Виртути Милитари» орденімен марапаттайды. Германия мен Кеңес тоталитарлық жүйесі Польша жерінде толық орнады. Германия Речь Посполитаяның батыс ауданын қосып, орталық ауданында дербес генерал-губернаторлық құрып, оны генерал-губернатор Ганс Франк басқарды. Жаулап алған аудандарда толық неміс тәртібі орнап, поляктарды немістендіру саясаты жүргізілді. Католик шіркеуін қудалап, көбін жауып тастады. Поляк халқының ғасырлар бойына қалыптасқан мәдениетінен, рухани байлығынан айырды. Мысалы: Ягеллон университетінің 180 профессорын Германияға концлагерьлерге айдады. Пальмир, Вавер селоларын толық жойып жіберді.

Польша жеріндегі еврей халқының жағдайы өте ауыр болды. Еврейлерді жаппай қырып-жойып, арнаулы гетто аудандарында ұстады. 1940 жылдары немістер Польша жерінде арнаулы концлагерьлер құрды. Польшаның жаулап алған жерінде 200 концлагерь жұмыс істеді. Оның ішінде ең алыптары – Освенцим, Трешлинка және Майданск, бұл концлагерьде еврейлер ғана емес, жаулап алған елдердің адамдары арнаулы газ пештерінде өлтірілді. 1941 жылдың 21 маусымынан бастап кеңес елінің адамдары да әкелінді. Бір ғана Освенцим концлагерінде соғыс жылдарында 3 млн адам өлтірілді [3, 167 б.].

2. КСРО әскерінің Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны азат етуі

Армияның жеңілісі поляк халқының тәуелсіздік үшін басқыншылармен күресін жалғастыру жігерін жасыта алмады. Бірінші кезектегі міндет мемлекеттік биліктің сабақтастығын қамтамасыз ету болды. Румыниядағы бейтараптанған президент И. Мосъицкий билікті бұрынғы басқарушы топтың қолында сақтауға тырысты. Өзінің конституциялық өкілеттіктерін пайдалана отырып, орнын басушы етіп пилсудчик В. Рачкевичті тағайындады.

1939 жылы 23 тамызда Риббентроп-Молотов пактісіне қол қойылды. Бұл келісім Германия мен КСРО арасындағы шабуыл жасаспау туралы келісімі болды. Келісімнің жасырын бөлімінде Германия мен КСРО өзара келісе отырып, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдеріне өзара ықпалдаса отырып бөліп алуға келісті. Келісімнің құпия бөлімінде КСРО өзіне Бессарабия, Солтүстік Букавинаны қайтаруға, сонымен Эстония, Латвия мен Литваны өзіне қосып алуға, солтүстікте Финляндияны өз ықпалына қаратуға келісті. Риббентроп-Молотов келісіміне сәйкес, КСРО 1939 жылы 17 қыркүйекте Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерін азат ету үшін Польшаға соғыс жариялады. КСРО-ның бұл миссиясын АҚШ, Ұлыбритания мемлекеттері қолдамады. Сол кезде АҚШ-тың «Вашингтон пост» газеті КСРО-ның азат ету миссиясын «жаулап алу» деп бағалады.

Батыс Украина мен Белоруссияны азат ету миссиясы ұзаққа созылған жоқ, қазан айының 2-сі күні аяқталды. Польша үкіметі

Германияға соғыс қимылдарын жүргізіп жатқанда, КСРО әскеріне қарсы соғыс қимылдарын Польша жағы жүргізген жоқ. Сөйтіп, КСРО-ның азат ету миссиясы аяқталды. Қызыл Армия Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерін азат етісімен кеңес тәртібі орнады. Бұл жерлерде жаңа сайлау заңы енгізіліп, халық жиналысына сайлау өткізілді. Сайлауда Батыс Украинаны қолдап сайлаушылардың 92,8%-ы, Батыс Белоруссияда 96,7% қолдап дауыс берді. Сайлаудан кейін 1940 жылы қараша айында КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің қолдауымен Батыс Украина мен Батыс Белоруссия КСРО-ның құрамындағы Украина мен Белоруссия Республикаларының құрамына қосылды.

Кеңес үкметі Батыс Украина мен Белоруссия жерінде жаңа тәртіп орнатуға кірісті. Бұл қызметті Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) ұйымдары қолға алды. 1940 жылдан бастап Кеңес үкіметінің тәртібін орнату үшін помещиктерге, католик шіркеуінің адамдарына сенімсіздікпен қарап, қуғын-сүргін саясатын жүргізді. Соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін поляк солдаттары мен офицерлерін жаппай тұтқындап түрмеге жапты. Козельск, Старобольск және Остошков концлагерьлеріне поляк солдаттарын қамады. 1939 жылы қыркүйек, қазан айларында 230 670 поляк солдатын тұтқындады. Поляк әскері Кеңес үкіметінің әскери тұтқындарына айналып, 180 мыңы Сібір, Қиыр Шығыс, Қазақстан мен Орта Азияға жер аударды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Сталиннің зұлымдық саясаты тарихта «Катынь қасіреті» деп аталды. 1941 жылы мамыр айында Берияның қол қойған жарлығы бойынша Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан 95 мың адам жер аударылды. Польшаның шығыс ауданынан 1,5 млн адам жер аударылған. Мұны Кеңес үкіметінің «Геноцид саясаты» деп бағалады поляк тарихшысы В. Бартошевский.

Қызыл Армия Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алғаннан кейін, Польшаның шығыс аудандарында кеңес тәртібі орнатылды. Батыс Украина мен Батыс Белоруссияда жаңа сайлау заңы енгізіліп, халық жиналысына (парламент) сайлау өткізілді. Батыс Украинада сайлауға 4483 мың сайлаушы (98,2 %) қолдап дауыс берді. 400 мың сайлаушы қарсы дауыс берді. Батыс Белоруссиядағы сайлауға 2672 мың (96,7 %) сайлаушы қолдап дауыс берді [5, 102 б.].

1939 жылы Батыс Украина мен Батыс Белоруссия халқы жиналысы депутаттарының сұрауымен, арнаулы декларация қабылдап, 1940 жылы қараша айында КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің қолдауымен Батыс Украина мен Батыс Белоруссия, Украина КС Республикасы мен Белоруссия КС Республикасының құрамына қосылды.

Сайлау барысындағы халықтардың белсенді қолдауы Кеңес үкіметін жақсы көргендігінен емес, Батыс Украина мен Батыс Белоруссия халықтарының алдында тұрған таңдаудың жоқтығы, бір жағынан, егер сайлауда халық кеңес тәртібін қолдамаған күнде фашистік Германияға бағыну еді. Екінші жағынан, кеңес тәртібі орнағаннан кейін іле-шала қорқыту, қудалау кең етек алды. Сондықтан халықтың алдында бір ғана таңдау тұрды. Кеңес үкіметінің үгіт-насихат тұрмысы сол кезде басқаша түсіндіріліп, кеңес халқын алдауға барды. Батыс Украина мен Батыс Белоруссия халықтары өз туыстарын қолдап, сағынып, «армандары» орындалды, саяси белсенділік, кеңес қоғамының артықшылығын көрсетті деп жазды. Бірақ та тарих өз шындығын қазіргі таңда басқаша болғандығын көрсетіп отыр.

Кеңес үкіметі Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінде бірнеше күннен кейін НКВД (Народный комиссариат внутренних дел) ұйымдарының адамдары Кеңес еліндегідей тыңшылар арқылы жазықсыз адамдарға сенімсіздік білдіріп, қуғын-сүргін жүргізілді. 1940 жылдың маусым айында Батыс Украина жерінде помещиктерді, католик шіркеу адамдарын, әскери адамдарды ешқандай сотсыз тұтқындап, атып отырған. Қызыл Армия кеткеннен кейін Львов, Станислав, Дрогобич қалаларының түрмелерінен бірнеше жүздеген адамдардың өлігі табылған. Кеңес үкіметі жергілікті халықтардың рухани мәдениет ескерткіштерін талқандап, мектептер мен жоғары оқу орындарын да коммунистік идеологияға бағындырды. Орыстандыру саясатын кең түрде жүргізе бастады.

Әсіресе Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінде бұрыннан тұрып келе жатқан поляктардың жағдайы кеңес билігі орнағаннан кейін өте ауыр болды. Поляк солдаттары мен офицерлерін жаппай тұтқындап, Львов қаласындағы «Бригидки» түрмесіне жапқан. Одан кейін Козельск, Старобельск және Остамков концлагеріне айдаған. Батыс Украина мен Батыс Бело-

руссия халықтарының 10%-ын НКВД ұйымдарының шешімімен КСРО-ға жер аударған. Халықтың 1/3-і поляктар қуғын-сүргінге ұшырады. 1939 жылдың желтоқсан айының 29-ы күні шыққан СНК СССР «Арнаулы жер аударылған адамдарды еңбекке тарту туралы» және 1940 жылғы 2 наурыз айындағы шыққан жарлық бойынша жер аударылған адамдардың отбасылары да жер аударуға жатқан [7, 28-30 б.].

1941 жылы мамыр айында қол қойған жарлық бойынша Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан жер аударылған 95 мың адам болған. Олар Қазақстанға, Алтай өлкесіне және Краснояр, Омбы облыстарына жіберілген. Жаппай жер аударылған адамдардың 16%-ы баратын жеріне жете алмаған. Бұл халықтарға жасалған геноцид саясаты еді. Бұл жайында поляк тарихшысы В. Бартошевский былай жазды: «Ресейде алты және жеті ұрпақтан тұрған поляктарды жер аудару бұрын-соңды бірде-бір елде болып көрмеген, Кеңес өкіметінің геноцид саясаты, Польшаның шығыс ауданынан 1,5 млн адам жер аударылған, олардың арасында поляктар, поляк еврейлері, украин және беларусьтар да болды» [5, 104 б.].

3. Польша халқының фашизмге қарсы күресі

Алайда Францияның қолдауымен оппозиция бұл жоспарға қарсы тұрды. Премьер-министр және бас қолбасшы либералдық күштер өкілі генерал В. Сикорский (1881-1943) болды. 1939 жылы 30 қыркүйекте Парижде эмиграциядағы поляк үкіметі құрылды. Онда төрт басты антисанкциялық партияның өкілдері (шаруа, кеңестік, ұлттық-демократиялық және еңбек партиялары) жетекші орындарды иеленді. Оппозиция премьердің пайдасына президенттің өкілдігін елеулі шектей алды. 1940 жылы Франция күйрегеннен кейін үкімет Ұлыбританияға қоныстанды. Франция мен Таяу Шығыста 1940 жылы 84 мыңнан аса әскери қызметшісі бар поляк армиясы құрылды. Сонымен бірге басып алған елде Қарсыласу қозғалысы қалыптастып жатты. 1939 жылы қыркүйекте бірқатар жасырын әскери ұйымдар пайда болды, олардың ішіндегі ең ірісі – Қарулы күрес одағы (1942 жылдан бастап Крайова армиясы). Жеке қарулы құрылымдарды барлық саяси партиялар құрды. Биліктің өкілдік

органдары құрылды. Батыста – Саяси кеңес, басып алынған Польшада – Саяси келісу комитеті. Осында жасырын үкімет – делегатура құрылды.

Басқыншылар қанша күш-жігерін жұмсап, тырысқанымен, поляк халқы өмірінің барлық жақтарына жаппай бақылау орната алмады. Ол үшін аса маңызды қоғамдық-саяси белсенділік астыртын сипатқа көшті. Цензураға ұшырамаған баспагерлік қызмет кең өріс алды, мәдени-ағарту және тәрбие жұмысын жүргізу үшін жасырын орта және жоғары білім жүйесі, ұйымдар құрылды. Сатқындар мен коллаборационшыларға қарсы бағытталған астыртын әділ сот жүйесі әрекет етті. Поляктардың ұлттық өмірінің маңызды элементі католиктік және басқа церковьтер болды.

Крайова армиясының әскери және саяси басшылық директиваларына сәйкес Батыстағы поляк армиясы мен одақтастар Польшаны азат еткен сәтте жалпы қарулы көтеріліс үшін күштер жинаумен және дайындаумен айналысуы тиіс болды. Ағымдағы күресті жүргізу үшін (диверсиялар, есесін алу акциялары және т.б.) ағымдағы құрылым құрылды. Оккупацияның соңына қарай Крайова армиясында 200 мыңдай жауынгер болды, оның қатарында соғысқа дейінгі поляк армиясының әскери қызметшілері ғана емес, көптеген партиялық әскери құрылымдардың мүшелері болды. Крайова армиясы өз қызметімен қыркүйекке дейін Польшаның барлық аумағын қамтыды. 1942-1943 жылдарға дейін оның қызметінде диверсия басымдықта болды. Бірақ 1942 жылдың соңында гитлершілер поляк әскерін Замостья ауданынан шығарып тастауға кіріскен кезде, Крайова армиясы мұнда белсенді партизандық іс-қимылдарға көшуге мәжбүр болды. Партизан қозғалысы Сталинград түбінде неміс әскерін талқандағаннан кейін анағұрлым кең құлаш ала бастады.

Коммунистер басқарған Қарсылық қозғалысындағы ағым эмиграция мен делегатурада үкіметтерден дербес, тәуелсіз болып табылды. Польша компартиясын тарату және Коминтерн санкциясынсыз оны қалпына келтіруге тыйым салу соғыстың басында коммунистерде жеке партия болмауына әкеп соқтырды. Әрі 1941 жылдың соңына дейін басып алынған Польшада КСРО достарының одағы, Азаттық күресі одағы, Біздің және сіздің азаттығыңыз үшін күрес майданы және басқа да бірнеше жергілікті коммунистік ұйым құрылды.

1941 жылдың желтоқсанының соңында Варшава төңірегіне парашюттермен Комитерннің атқарушы комитетінен партия құруға өкілеттігі бар поляк коммунистерінің тобы (бастамашыл топ деп те аталатын) құрылды. 1942 жылы 5 қаңтарда Поляк жұмысшы партиясы (ПЖП) құрылды. Ол бірден фашизмге қарсы кең демократиялық майдан шеңберінде басқыншылармен қарқынды қарулы күресу үшін барлық патриоттық күштердің күш-жігерін бірігуге шақырды. ПЖП эмиграциядағы үкіметті мойындауға және делегатурамен, Крайова армиясымен тең құқықтағы шарттарда ынтымақтастық жасауға дайын болды. 1943 жылдың күзіне дейін коммунистер отанды азат етуді тездету үшін барлық патриоттық күш-жігер гитлершілерге қарсы қарулы күреске шоғырланған болуы тиіс деп есептей отырып, соғыстан кейінгі Польшада революциялық қайта құру бағдарламасын ұсынбады. Бірақ делегатурамен 1943 жылы басталған келіссөздер табысты болған жоқ.

ПЖП алғашқы практикалық қадамдарының арасында 1944 жылы Людова армиясына қайта құрылған Людова гвардиясы жеке әскери ұйымын құру болды. Оның қатарында тек поляк азаматтары ғана емес, тұтқыннан қашқан кеңестік әскери тұтқындар да шайқасты. Ең басынан-ақ партизандық соғысты жүргізуге баса көңіл бөлінді. Людова гвардиясының алғашқы партизан отряды 1942 жылы мамырда құрылды. Саны бойынша Людова армиясы Крайова армиясына жете алмайтын еді, басқыншылықтың соңында армия құрамында не бары 60 мың адам болды. 1944 жылы Людова армиясы ерекше белсенділік көрсетті, өйткені армия Кеңес Одағында құрылған поляк партизан штабынан қару-жарақ ала бастаған болатын [6, 115-117 б.]. 1944 жылы шілдеде Белоруссияны азат ету жөніндегі «Багратион» операциясы барысында Қызыл Армия мен онымен өзара іс-қимылдағы Поляк армиясы мемлекеттік шекараға шықты.

1944 жылы мамырдан шілде аралығында Мәскеуде басып алынған Польшадан келген КРН делегациясы, Поляк патриоттары одағы және кеңес басшылығы арасында келіссөз жүрді. 21 шілдеде Қызыл Армия мен Поляк армиясының бөлігі Бугке бет алды және Польшаның аумағына кірді. Сол күні Мәскеуде шын мәнінде сол күштердің үкіметі болып табылатын Поляк

ұлт-азаттық комитеті (ПҮАК) құрылды. КРН «басқыншыларға қарсы күресте өсіп шыққан поляк халқының жалғыз өкілі» мәртебесін алды, яғни парламент сияқты болды. 21 шілдеде КРН Поляк армиясы мен Людова армиясының бірыңғай Поляк әскеріне бірігетіні туралы декрет шығарды. Осылайша, елді азат ету сәтінде сол күштердің жеке мемлекеттік билік органы, қарулы күштері және дереу ПҮАК-ты де-факто деп таныған КСРО сияқты қуатты одақтасы болды.

1944 жылдың 22 шілдесінде ПҮАК Мәскеу радиосынан поляк халқына арналған манифест үндейді, бұл манифесте жаңа үкіметтің бағдарламасын көрсетеді. Эмиграциядағы үкімет басшылары заңды билікке қатысы жоқ деп айыпталды. 1935 жылы халық мойындаған конституция, демократиялық лагерь ел тағдыры үшін жауапкершілік пен маңызды әлеуметтік-саяси қайта құруларды өз мойнына алды. 1921 жылғы конституция орнына келді. Украиндар мен беларусьтардың мемлекеттік тиістілік туралы мәселесін өздігінен шешу құқығы мойындалды. Алдыңғы ғасырларда немістер жаулап алған батыс пен солтүстіктегі байырғы жерлерін Польшаға қайтару талап етілді. Манифесте Польшада демократиялық бостандықты қалпына келтіру, немістер мен сатқындардың меншіктерін мемлекеттік басқаруға өту, гитлерлік Германияны толық күйрету үшін барлық күштерді жұмылдыру қажеттілігі туралы айтылды.

Бастамалардың Польшада сол күштерге өтуі Лондон лагерін алаңдатты. Оның КСРО-ны «Буря» жоспарының көмегімен Польшаның бұрынғы шығыс жерлеріне дәмеленудің заңдылығын мойындаған мәжбүрлеу әрекеті сәтсіз аяқталды. Осы жоспар бойынша Крайова армиясының бөлімшесі Қызыл Армияның шабуыл жасайтын бөлімдерімен өзара іс-қимылда болды, бірқатар қалаларды, оның ішінде Вильнюс және Львов сияқты ірі қалаларды азат етуге көмектесті. Делегатура әкімшілігінің органдары астыртын әрекет етуден шығып, мұнда аумақтың қожайындары ретінде қимылдауға тырысты. Кеңес жағы бұл әрекеттерді заңсыз деп елемеді. КА әскери қызметшілері Поляк армиясы қатарына кіруді ұсынды, бас тартқан жағдайда бейтараптандырды. Бұрын берген антты бұзу қажеттілігі КА жауынгерлері алдына қиын таңдау қойды. Олардың көбі астыртын қала беруді артық көрді.

Польшаға шілдедегі шабуылы барысында Қызыл Армия Варшаваның оңтүстігіне Висла желісіне шығып, оның сол жағалауында бірнеше плацдармдарды басып алып үлгерді. Варшавадан неміс мекемелерін эвакуациялау басталды. Қала арқылы шығыста күйреген әскери бөлімдердің колонналары өтті, немістердің арасында үрейленушілік байқалды. Бірақ шілденің соңында жағдай тұрақтана бастады. Герман бронетанк бөлімдері шабуылдап жатқан кеңес әскерін тоқтатып, оларды Варшавадан шығарып тастады. Кеңестік әскери басшылық өз күштерін жақын айларда Варшава бағытына жұмылдыруды мақсат еткен жоқ. Тамыз айына Балканда стратегиялық шабуыл жоспарланды, онда әскери күштер мен техника орналастырылды.

Осы жағдайда КА басшылығы Лондон үкіметі мен делегатураның рұқсатымен, бірақ одақтастарымен және КСРО-мен келісімсіз Варшавада көтеріліс бастауға шешім қабылдады. Оны ұйымдастырушылар таза саяси мақсатты көздеді. Көтеріліс Мәскеуде сапармен жүрген эмиграциядағы үкімет премьері С. Миколайчик (1901-1966, ол 1943 жылы шілдеде В. Сикорский авиакатастрофада қайғылы қаза тапқаннан кейін болды) И.В. Сталинмен келіссөздерде Варшаваны поляктар өздері азат етті және онда поляк үкіметі бар деген фактіні пайдалана алуы үшін керек болды. Миколайчиктің ойынша, бұл КСРО-ның ПУАК-қа қолдау көрсетуден бас тартуға мәжбүрлеуі тиіс.

Көтеріліс 1944 жылы 1 тамызда басталды. Ол әскери тұрғыдан нашар дайындалған болды. Немістер Варшаваның бірнеше ауданын тез арада оқшаулап, авиация, бронотехника мен артиллерияны пайдалана отырып, басып-жаныштауға кірісті. Олар жай халықты жаппай атып, кепіл ретінде тұтқындыққа алды, қаланы қиратты. Көтерілісшілердің шығыны шамамен 16-18 мың адамды құрады, негізінен жас адамдар, 150 мыңнан аса жай адамдар қаза тапты. Көтеріліске Италия мен Англиядағы авиабазадан батыс одақтастар, одан кейін кеңестік «кукурузник» ұшақтары көмек көрсетті. 10 қыркүйекте Варшава бағытында кеңес және поляк бөлімдерінің екінші рет шабуылы басталды, астананың оң жағалаудағы бөлігі азат етілді. Поляк бөлімдері Висла арқылы бағыт алып, қаладағы кішігірім плацдармды жаулап алды, бірақ сегіз күндік табанды шайқастан кейін оны қалдыруға мәжбүр болды. Висланы алу қадамы жүзеге аспады.

1944 жылы 2 қазанда КА басшылығы көтеріліске қатысушыларды тұрақты армияның солдаттары деп санауға немістерден алдын ала келісімге қол жеткізіп, берілу туралы актіге қол қойды. Көтеріліске қатысушылар бейтараптандырылды, ал жай халық қаладан эвакуацияланды. Көтерілістің жеңіліс табуы заңды поляк үкіметі ретінде әлем қауымдастығы кімді – ПУАК-ты немесе эмиграциядағы үкіметті мойындайтыны ашық мәселе болып қалды. Польшадағы Қызыл Армияның жаңа шабуылы 1945 жылы қаңтарда басталды. Оның барысында елдің бүкіл аумағы азат етілді. Польшадағы Кеңес шығыны 600 мыңнан аса адамды құрады. Кеңес солдаттарымен поляк әскерінің жауынгерлері иық тіресе шайқасты, олар Берлинді алуға қатысты [6, 119-121 б.].

4. Сталин мен Сикорский арасындағы келісімдер

1941 жылы 3 желтоқсанда В. Сикорский мен И.В. Сталиннің кездесуі болды. Кездесуге поляк жағынан генерал В. Андерс пен елші С. Кот, кеңес жағынан КСРО Сыртқы істер халық комиссары В.М. Молотов қатысты. Сикорский кешірім жарияланғанына қарамастан әскерге аса қажетті бірталай поляк азаматтары қамаудан әлі босатылмай жатқанын айтты. Сталин ондай жағдайдың болуы мүмкін еместігін, өйткені кешірім барлық поляктарды қамтығанын ескертті. Поляк үкіметінің басшысы қамаудан әлі шықпаған 4000 офицердің тізімі бар екенін, поляк мәліметтері бойынша, бұл адамдардың Германияның лагерлерінде де, Польша жерінде де жоқ екенін айта келіп, олар кеңес жерінде деген қорытынды жасады. Сикорский әскерге шақырылмаған поляк азаматтарының кеңес жерінде ауыр жағдайда өмір сүріп жатқанын айтып, оларға жұмыс беруді, ал қарттар, әйелдер мен балаларды ауа райы жұмсақ жерлерге ауыстыру мәселесін де көтерді.

Сондай-ақ Кеңес Одағының барлық аймақтарында дерлік қосымша поляк елшіліктерін ашу және жергілікті жерлердегі поляк тұрғындарына көмек ретінде 100 млн сом несие беру туралы мәселелер қаралды. Ал кеңес жеріндегі поляк әскеріне қатысты Польша премьер-министрінің басты назар аударғаны әскерді қаруландыру мәселесі еді. Сикорский кеңес жеріндегі поляк әскерін қару-жарақпен, әскери жабдықтармен қамтамасыз

ету деңгейі аса төмен, сондықтан олар соғыс қимылдарын жүргізуге мүлде дайын емес, Батыс одақтастар қаруландыруға, жабдықтауға уәде беріп отыр, ол үшін ағылшын қару-жарағы мен азық-түлігін қиындықсыз жеткізетін жерге біздің әскерді ауыстыру қажет деді. Сикорскийдің нұсқауымен генерал Андерс әскердің жабдықталуындағы барлық қиыншылықтарды жан-жақты сипаттап берді. Сикорский поляк жауынгерлерінің қыстың кезінде жазғы шатырларда тоңып, азық-түлік жетіспеуден әбден қалжырап, өлім халіне жеткенін айтып, поляк әскерін Иранға көшіруді ұсынды. Иранда ағылшындар мен америкалықтардан көмек алып, поляк жауынгерлерінің денсаулығын қалпына келтіріп, қаруландырып, әскери дайындықтан өткізіп, оны қуатты әскер бөліміне айналдырған соң, майданға жіберуге болады. Бұл мәселе У. Черчилльмен алдын ала келісілген. Сикорский «Поляк әскері орыс майданына қайтып келеді, мүмкін ол бірнеше британ дивизиясымен күшейтілетін де шығар» деді. Сталинге поляк әскерін Иранға ауыстыру идеясы мүлде ұнамады, оның келесі сөздері айрықша кекесінмен айтылды: «Мен тәжірибелі және қарт адаммын. Сіздер Иранға кеткен соң мұнда қайтып келмейтініңізді білемін. Егер Англия поляк жауынгерлеріне зәру болып отырса, онда оның жұмысы көп болып тұр ғой». Сикорский: «Біз Ұлыбританиямен әскери одақтаспыз, ол өзінің міндеттерін адал орындайды. Сондай-ақ біз Ұлыбританияда нағыз дербестікке иеміз. Мен Шотландиядағы корпусты осы жаққа ауыстыра аламын, маған Англия ешқандай кедергі жасамайды деп ойлаймын. Тап осылайша мен Тобруктағы бөлімдерді де осы жаққа ауыстыра аламын». Бұған Сталин: «Егер поляктар бұл жерде соғысқысы келмесе, тура бетке айтсын: иә немесе жоқ. ... Мен әскер қайда жасақталып жатса, сол жерде қалуы керек деп білемін». Сикорский: «Олай болса, басқа шешімін табайық, өйткені бұл жерде біздің әскерді жасақтайтын ешқандай жағдай жоқ, мен адамдардың босқа қырылғанын қаламаймын. Ультиматум қояйын деп отырған жоқпын, бірақ алда адамдарды өлімге жеткізетін қатты қыс, боран мен аяз келе жатқанда мен оған қарап отырып, үндемей қала алмаймын». Андерс қатты аяздың басталып та кеткенін, ал поляк жауынгерлерінің басым бөлігі от жағатын пеші жоқ жазғы шатырларда жатқанын, олардың ішінде мұрын-кұлақтары үсігендердің бар екенін айтып:

«Бұл әскер құру емес, бейшара болып өмір сүру ғана», – деді. Поляк әскерін Иранға ауыстыру мәселесінің қаншалықты қиын шешім болғандығын кездесуге қатысушылардың мына сөздері айқын көрсетеді.

Сикорский: «Жаттығудан өтпеген жауынгерлерді немістермен шайқасқа салуға болмайды. Бұл әскердің беделін жоятын кешірілмейтін әрекет болар еді. Поляк әскері жақсы қарулануға және біртұтас құрама ретінде соғысуға тиісті».

Андерс: «Біз шайқасу үшін құрылып жатырмыз... Менің есебім бойынша, 150 000 жауынгерден тұратын 8 дивизия құруға болады, ал қазір бар-жоғы 2 дивизия ғана бар... Біз керекті азық-түлікті де ала алмай отырмыз, берілген уәделер мүлде орындалмайды».

Сталин (генерал Сикорскийге): «Өзіңіз біліңіз».

Сикорский: «Мен мәселені осылайша қойғанды қаламаймын. Мен жаңа ұсыныстарды күтемін және кез келген ыңғайлы шешімге келісемін».

Сталин (кекесінмен): «Ағылшындарға жақсы әскер керек екенін көріп отырмын».

Сикорский: «Бұл нақты пікір емес. Англияда бізді бағалайды, бірақ қанамайды. Мен Черчилльді жақсы білемін және де оның Ресейге көмектесу үшін қолынан келгеннің барлығын жасайтынын білемін».

Андерс: «...Адамдар екі жылдық үзілістен кейін өзіне-өзі келіп, қайта дайындықтан өтуі қажет. Еріктілердің жағдайы да ауыр, олар жаттығудан өтуге тиісті, бұл үшін белгілі бір уақыт және ыңғайлы жағдай керек».

Сталин (қырыстанып): «Бұл бізді жабайы және енді ештеңені түзете алмайды дегендік болар. Демек, орыс полякты қылқындандыруды ғана біледі, ал көмек көрсете алмайды ғой. Сендерсіз-ақ күніміз қараң емес. Біз барлығын қайтара аламыз. Өзіміздің де күшіміз жетеді. Польшаны азат етіп, өздеріңізге қайтарып береміз. Бірақ бұған жұрт не дейді? Бүкіл әлем біздің өзара келісе алмай жатқанымызға күлетін болады».

Сикорский: «Әскер ауа райы қатаң жерде қырылып қалмай, соғысқа қатысуға мүмкіндік алуы үшін оны қай жерде жасақтау керек деген сұраққа жауап ала алмай отырмын. Нақты ұсыныстар жасауды өтінемін. Біз сіздермен иық тіресе отырып, Польша

үшін соғысуды қалаймыз деп тағы да үзілді-кесілді мәлімдеймін.

Сталин: «Егер сіздер Иранға барсаңыздар, онда Түркияда немістерге қарсы соғысуға тура келеді; егер соғысқа Жапония кірісе қалса, онда Жапонияға қарсы соғысасыз. Ағылшындар қандай бұйрық берер екен. Мүмкін Сингапурға жұмсар.

Андерс: «Біз Польша үшін континентте немістерге қарсы соғысқымыз келеді. Біздің адамдар өз Отанын ұзақ уақыт көрген жоқ, ал поляктардай Отанын сүйетіндер сирек. Біз үшін осы жер Польшаға бәрінен жақын».

Сикорский: «Поляктардың патриотизмі дәлелдеуді керек етпейді. Альтернативті ұсыныстарды әлі де ести алмай отырғанымды мойындауға мәжбүр болып отырмын».

Сталин: «Егер сіз қаласаңыз, бір корпус, 2-3 дивизия кетуіне болады. Егер қаласаңыз, мен 7 дивизия құруға қаржы мен орын беремін. Қалай болғанда да мен ағылшындардың поляк жауынгерлеріне зәру екенін көріп отырмын. Өйткені Черчилль де, Гарриман да поляк әскерін көшіруге келісіп отыр».

Сикорский: «Ағылшындардың тағдырын осы жерде жасақталып жатқан поляк әскері шешетіндей, олардың жағдайы соншалықты жаман емес. Олар баяу қимылдайды, алайда бүгінгі таңда олардың үлкен күші бар. Біздің әскерді ауыстыру мәселесін көтеруді Черчилльден мен өзім талап еттім. Алайда мен жақсы ниетімді дәлелдей аламын: егер поляк күштерін шоғырландыруға ыңғайлы ауданды атап, ол жерде әскерді орналастыруға және жабдықтауға кепілдік берсеңіз, әскерді жасақтауға қажетті жағдайлар жасалса, әскерді Ресейде қалдыруға дайынмын» [10, 230-232 б.].

Бұл әңгімеден қандай қорытынды жасауға болады? *Біріншіден*, кеңес жеріндегі поляк әскерінің орналастырылуы, қарулану және жабдықталу жағдайлары мәз емес екендігі байқалады, өйткені Сикорский мен Андерстің әскер жағдайының қиындығы туралы сөздеріне Сталин ешқандай уәж айтпайды. *Екіншіден*, Сикорскийдің осы қиындықтарды жою үшін қандай да бір жаңа ұсынысқа келісетіні туралы бірнеше рет қайталаған сөзіне Сталин тура жауап бермейді. *Үшіншіден*, ағылшындардың поляк әскерін Иранға ауыстыруға келісім беруі Сталинді айрықша мазалаған. Мұның өзі бұрын да қайшылықты сипатта болған

кеңес-поляк қатынастарын жақсартпайтыны түсінікті. Сондай-ақ Сталин-Сикорский әңгімесінің жалпы нышаны поляк жағының қайшылықтарды ушықтырмай, мүмкіндігінше Сталинмен тіл табысуға тырысқанын көрсетеді. Ал Сталиннің сөздері батыстық одақтастарымен (АҚШ, Ұлыбритания) арақатынасын бұзып алмас үшін іштен тынып, поляктарды тыңдауға мәжбүр болғанын аңдататын сияқты.

5. В. Сикорскийдің өмір жолы



3-сурет. Владислав Сикорский

Владислав Сикорский 1881 жылы 20 мамырда Австро-Венгрия территориясындағы Галицияның Подкарпат воеводствасындағы Тушов-Народовы ауылында дүниеге келген. Жешувте білім алып, Львовта гиназияны тәмамдайды. 1902 жылы Львовтың саяси техникалық институтының «жол және көпір» факультетіне оқуға түседі. Ал 1908 жылы В. Сикорский Львовтық Белсенді Күрес Одағын құрушылардың бірі болады, сосын 1910 жылы жергілікті «Стрелец» поляк азаматтарының әскериленген одағының төрағасы болады. 1914 жылдан бастап галициялық Халық комитетінің мүшесі, 1916 жылдан бастап оның әскери бөлімінің бастығы болды. Осы кезеңде В. Сикорский мен Ю. Пилсудский арасында күшті шиеленіс басталады: Пилсудскийден айырма-

шылығы, Сикорский поляк мемлекетін Австро-Венгрияның қамқорлығында қайта құру үшін күресті. 1916-1918 жылдары Сикорский австриялық армиядағы поляктарды жинаумен айналысты.

1918 жылы қарашадан бастап Владислав Сикорский Поляк әскерінің құрамына кіреді: Галициядағы «Восток» әскери тобының штаб бастығы, «Бартатув» және «Полковник Сикорскийдің тобы» әскери топтардың бас қолбасшысы болды.

1919-1921 жылдары кеңес-поляк соғысы кезінде В. Сикорский 9-жаяу әскери дивизияны және Киев науқаны кезінде Полесск әскери тобын, Варшава науқаны кезінде 5-армияны, Замостье үшін болған шайқаста 3-армияны басқарды. Варшава үшін болған шайқаста Сикорскийдің қолбасшылығындағы әскери бөлімше поляк астанасының солтүстігінде үлкен тойтарыс беріп, бұл Пилсудскийге үлкен жеңіс соққысын беруге мүмкіндік берді. Осы Варшава үшін болған шайқаста Сикорский Польшаның ең жоғарғы әскери орденімен марапатталады: «*Virtuti Militari*». 1921 жылы сәуірде В. Сикорский поляк армиясының Бас қолбасшысы және Бас штабты басқарып, Ю. Пилсудскийдің орнын алмастырады.

1922 жылы 16 желтоқсанда елдің президенті Габриэл Нарувович өлтірілгеннен кейін Сеймнің төрағасы Мацей Ратай поляк армиясының Бас қолбасшысы В. Сикорскийге Министрлер Кеңесінің Төрағасы орнын ұсынады, бір уақытта Сыртқы істер министрлігін де басқарды. В. Сикорскийдің үкіметі ішкі тұрақтылықты қалпына келтіріп, Батыс елдерінің Польшаның шығыс шекараларын мойындауына қол жеткізеді.

1923-1924 жылдары В. Сикорский жаяу әскердің бас инспекторы, 1924-1925 жылдары В. Грабскийдің үкіметінде әскери министр, 1925 жылы Львовтағы поляк Әскерінің 6-бөлімшесін басқарды.

1926 жылы мамыр төңкерісі кезінде Сикорский Львовтағы әскери бөлімшені басқарды, бірақ үкіметке ешқандай көмек көрсеткен жоқ, дегенмен Ю. Пилсудскийдің басшылығындағы бүлікшілердің міндетін айтарлықтай жеңілдетте түсті.

1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польшаға соғыс ашқан кезде В. Сикорский елдің маршалы Эдварда Рыдз-Смиглыдан майданға жіберуді өтінеді, бірақ жауап алған жоқ. Қайтадан Францияға барып, ол жерде 28 қыркүйектен бастап эмиграция-

дағы поляк армиясын жасақтайды. 1939 жылы 30 қыркүйекте В. Сикорский эмиграциядағы поляк үкіметінің премьер-министрі болады (бұл орынды 1943 жылы өзі қаза болғанға дейін басқарды). 1939 жылы 7 қарашада Поляк Республикасының президентінің жарлығы бойынша В. Сикорский Қорғаныс күштерінің Бас инспекторы (Бас қолбасшы) болып тағайындалады. Оның Францияда құрған армиясы 84 мың адамнан тұрып, немістер Францияға соғыс ашқан кезде француз, ағылшын әскерлерімен бірге белсенді соғыс қимылын жүргізеді. Дегенмен Франция тізе бүккеннен кейін поляк бөлімшелері Англияға қарай бет алып, 1940 жылы 5 қыркүйекте Ұлыбританияның Қорғаныс күштерінің құрамына кіреді.

Немістер КСРО-ға соғыс ашқаннан кейін 1941 жылы 30 шілдеде В. Сикорский Англиядағы кеңестік елші И.М. Майскиймен Кеңес үкіметімен дипломатиялық байланысты қайта орнату және елдің шығысында поляк армиясын құру туралы келіссөз жүргізеді. 1941-1942 жылдары ол Ресейдің Бузулык ауданында жасақталған генерал Андерстің поляк армиясын жасақтау операцияларына қатысады.

Генерал В. Сикорский қызы Софьямен бірге 1943 жылы 4 шілдеде Гибралтарға жақын маңда әуе апатынан қайтыс болады.

В. Сикорский «Ақ бүркіт» ордені, «Virtuti Militari» жұлдыз орденінің Командорлық кресі, «Virtuti Militari» орденінің күміс кресі, Бірінші дәрежелі «Грюнвальда крест» ордені, «Возрождения Польши» үлкен крест орденінің ковалері, «Возрождения Польши» орденінің командоры, Крест Храбрых, Құрмет Алтын Крестпен мадақталған.

2-тарау. КСРО ЖЕРІНДЕ АНДЕРС ӘСКЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

1. КСРО жерінде поляк әскерін құрудағы генерал Андерстің қызметі

1941 жылғы 30 шілдедегі кеңес-поляк елшілік алмасу туралы жарлығына сәйкес, Польша эмиграциялық үкіметінің елшілігі КСРО-ның Куйбышев қаласында орналасты. Куйбышев қаласында КСРО-дағы Польша елшісі Станислав Кот, кеңес жерінде поляк әскерін құру штабының басшысы генерал Андерс және Польшаның КСРО-да әскери өкілеттілігінің басшылары қызметке кірісті.

1941 жылы 25 желтоқсанда КСРО-ның Сыртқы істер министрлігінің келісімімен Польша елшілігін құру туралы жарлығы жарияланды. Онда жазылғандай, Польша Республикасының елшілігі Қазақстан және Орта Азия Республикаларына көшірілген поляктар орналасқан жерлерде Кеңес үкіметінің жергілікті органдармен тығыз қызмет атқару үшін құрылды. Сондай-ақ Польша елшілігі жағдайға байланысты уақытша поляктар мәселелерімен айналысады.

Польша елшілігінің міндеттері:

– Польша елшілігінің ақпарат қызметі поляк азаматтарының мұқтаждарымен айналысады;

– Польша азаматтарын тіркеу, олардың КСРО жеріндегі қозғалысы, есепке алған поляктардың әскери қызметке жарамдылығы және отбасыларын жоғалтқандар туралы мәліметтер жинау;

– КСРО заңдарына сәйкес олардың жергілікті кеңес органдарымен байланысты жалғастырып, олардың көмегімен жұмысқа орналастыру;

– поляк азаматтарына мәдени-ағарту көмек көрсету;

– Польша елшілігінің өкілеттігі жоқ округтерде олардың қызметін арнаулы өкімет қызметкері барып атқарады;

– Польша елшілігінің басшысын және орынбасарларын Польша Республикасының елшісі тағайындайды;

– КСРО-ның Сыртқы істер министрлігімен байланыста жергілікті атқару органдарымен Ішкі істер министрлігімен (НКВД) тығыз қатынаста жұмыс атқарады [11, 135 б.].

Қазақстанда Польша елшілігінің қызметі КСРО-ның Солтүстік және Қиыр шығыс аудандарында орналасқан поляктарды ауа райы жылы аймақтарға көшіріп орналастыру және оларды тіркеуге алып, әскер қатарына шақырумен айналысу болды. Бұл аудандарда орналасқан поляктардан әскери бөлімдер жасақталды. Бұл қызметтерді кеңес-поляк келісіміне сәйкес КСРО жеріндегі құрылған Польша елшілігінің жергілікті жерде құрылған Польшаның әскери өкілеттік мекемелері айналысты. Сонымен қатар Орта Азия және Қазақстан жеріндегі аудандық, облыстық әскери комиссариаттар, Орта Азия әскери округі және Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жергілікті партия комитеттері мен аудандық облыстық атқару комитеттері, КСРО Ішкі істер министрінің (НКВД) бөлімшелері Қазақстан жеріндегі құрылған Польшаның елшілігі жанындағы әскери бөлімдерімен тығыз байланыста жұмыс атқарды.

1941 жылдың 12 тамызындағы КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығы бойынша кешірім алған азаматтардың барлығы Қазақстанға орналастырылды. 1941 жылы 1 қазанда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті Өзбекстанға 100 мың поляк азаматын қоныстандыру туралы шешім қабылдады. Бұл аймақтардың таңдалуы, әрине, бірінші кезекте мұндағы ауа райының жылылығына байланысты болар, сонымен қатар жер аударылған поляктардың көбі бұрыннан Қазақстанда тұрып жатқан болатын.

1941 жылы 25 желтоқсанда КСРО мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «КСРО жеріндегі поляк әскері туралы» қаулы қабылдады. Қаулы бойынша поляк әскерінің толық құрамы – 96 мың адам және 6 жаяу әскер дивизиясы, әрқайсысында 11 мың адамнан, штаб, офицерлік мектеп және басқа бөлімдерде 30 мың адам болмақ.

Куйбышев қаласындағы Польша елшілігімен және поляк әскерінің басшысы генерал Андерстің КСРО-ның әскери комиссариаты бөлімшелерімен келісіп Қазақстан және Орта Азия жеріне орналастырылды.

Атап айтқанда:

- Армия штабы мен ғимараты – Янги-Юль (Өзбек КСР);
- Офицерлер мектебі – Вереvская ст. (Өзбек КСР);
- Күшейтілген армия бөлімшесі – Отар ст. (Қазақ АКСР);
- Қара-Балты (Қырғыз КСР).

Сонымен қатар барлығы 6 жаяу әскер дивизиясы құрылды. 8-жаяу әскер дивизиясы – Пахта-Арал совхозында (ҚазКСР). 10-жаяу әскер дивизиясы Луговая ст.-сында (ҚазКСР) орналас-тырылды.

1941 жылы 8 тамызда Польша Жоғарғы Әскери Бас қолбасшысы В. Сикорский және Қызыл Армия Бас штабының барлау орталығының бастығы генерал-майор А.П. Панфиловтың келісімімен Қазақстан жерінде поляктарды қабылдау, оларды тізімге алу және орналастыру қызметін атқару үшін:

– КСРО Жоғарғы қолбасшылығы жанында Поляк Әскери миссиясы құрылды;

– Лондондағы Поляк жоғарғы қолбасшысы жанынан кеңес әскери миссиясы құрылады. Басқа жергілікті жерлерде Польша елшілігінің бөлімшелері құрылады делінген [9, 94 б.].

Қазақстанға КСРО-ның әр түкпірінен келіп жатқан поляк азаматтарын қабылдау, тізімге алу қызметтерін жүргізу үшін Орта Азия Әскери округының штабы Қазақстанның барлық облыстарының Әскери комиссариаттары Польшаның елшілігі жанындағы әскери өкілеттілігімен тығыз байланыста жұмыс істеуді міндеттеді.

1941 жылы 28 қазанда Қазақстанның Әскери комиссары генерал Щербаков және Польша әскерінің капитаны Казимир Марьянский Алматы, Қарағанды, Ақмола облыстарында тұрып жатқан поляк азаматтарын көмек көрсету үшін Алматы қаласында Польша елшілігімен Польша әскерінің штаб үйін ашуға келісті. Осы күні Ташкент қаласынан Алматыға Польша елшілігінің өкілі Венцек келді.

1942 жылы 20 мамырда Алматы қаласындағы Польша елшілігінің қызметкерлерінің тізімі жарияланды.

К.Я. Венцек – председатель.

Я.Ю. Вольский – зав. общим отделом.

С.А. Барткевич – зав. паспортным отд.

В.В. Турек – секретарь.

З.Л. Ягодзинская – пом. секретарь.

Домбровский А.В. – зав. отд. доверенных.

Пилят Я.З. – зав. отд. пропоянды и культуры.

Килиян А. – помощница.

Сапега Э. Ян – зав. отд. учета и розыск родных.

Лисевич К. Ян – бухгалтер.
 Меллер Ф.А. – интендент, кассир, и зов. склад.
 Поляк Ян. М. – врач.
 Мұрағат құжатынан қазақша аударма бердік.
 Польша елшілігінің бөлімшелері Алматы облысының аудандарында ашылды [11, 167, 194 б].

Қаратал ауданында – төраға Я.С. Готлиб.

Іле ауданы (Талғар) – Ластик.

Іле станциясы – Флянк.

Қаскелең – Кранцлер.

Иссык (Есік) – Зильбер.

Шелек – Гальперн.

Ұзынағаш – Штейнбер.

Польшаның елшілігі Қазақстанға келген поляктарды қабылдап олардың тізімін анықтап, жергілікті жердің басшыларымен тығыз байланыста болды. 1941 жылы 12 тамызда арнайы қоныстанған поляктар саны облыстар бойынша 61,092 мың азамат келіп қоныстанған.

Қазақстанда орналасқан поляк азаматтарының жалпы саны туралы 28.01.1942 жылғы мәлімет кестеде берілген.

Облыстар	Орналастырылған адам саны
Оңтүстік Қазақстан	25998
Жамбыл	22051
Солтүстік Қазақстан	12362
Қостанай	5317
Павлодар	9233
Семей	9000
Ақтөбе	5646
Шығыс Қазақстан	454
Алматы	184
Қызылорда	1000
Қарағанды	373
Гурьев	187
Батыс Қазақстан	159
Ақмола	7793
Ақмола-Қарағанды теміржолы	4000
Барлығы	104207

Ұлы Отан соғысы басталарда Қазақстанда 80 мың неміс, 130 мың поляк және 60 мың корей тұрған. 1942-1943 жылдарда Алматы облысында 7549 неміс, 9098 поляк, 18538 корей болған.

Алматы қаласында Польша елшісі Венцектің мәліметінде 1942 жылы 15 наурызда Алма-Ата облысында тұрған поляктар саны көрсетілген.

	Елді мекендер	Адам саны	Жұмысқа жарамдысы
	Іле ауданы	700	450
	Алматы	300	190
	Қаскелең	150	120
	Жамбыл	150	110
	Еңбекшіқазақ	60	50
	Қаратал	400	280
	Талдықорған	150	120
	Борлы-төбе	50	30
	Ақсу	50	30
	Қоғалы	50	28
	Шелек	150	102
	Барлығы	2210	1510

Қазақстандағы Польша елшілігінің қызметтерінің бірі Қазақстанға келген поляктарды орналастырумен айналысты, бұл қызметті атқару үшін Поляк әскерінің Бас Штабы Қазақстанның барлық облыстарының комиссариаттарында өз өкілдерін тағайындады. Оңтүстік Қазақстан облысына – поручик Майковский, Жамбыл облысына – капитан Троянский, Алматы облысына – поручик Гитоновский, басқа облыстарына жіберілетін поляк өкілдері кейін қосымша хабарланатындығы ескертілді.

1942 жылы 28 қаңтарда КСРО-ның Сыртқы істер министрлігі Қазақ ССР төрағасы мен облыстық атқару комитеттерінің төрағаларына телеграмма таратқан. КСРО жерінде Польша елшілігін құруға рұқсат етеді.

Польша өкілеттілігіне жаңа міндеттер жүктеледі. Басты қызмет Польша азаматтарына көмек көрсету, тіркеу, іздестіру, жұмысқа орналастыру, поляк азаматтарына ақшалай және тауарлар арқылы көмек беру. Мүгедектер мен ауру адамдарға дәрігерлік көмек көрсету және мәдени шаралар ұйымдастыру қажет екенін

жазады. Поляктарға жеке құжаттар беру (төлқұжат, анықтама, жеке куәлік). Бұл шараларды жергілікті жердегі Польшаның сенімді уәкілдері жергілікті басшылармен бірлесіп атқаруы жүктеледі. Төтенше жағдайда бұл мәселелер КСРО Сыртқы істер министрінің орынбасары Вышинскийге хабарлануы міндетті. Қазақ ССР үкімет жанындағы Сыртқы істер министрлігінің уәкілі – Г. Смирнов.

Қазақстанда Польша елшілігінің басты қызметі поляк азаматтарын жұмысқа орналастыру болды. 1941 жылы 31 желтоқсанда Алматы облыстық атқару комитетінің жанындағы Польша елшілігімен бірігіп, облысқа келген 383 полякты орналастырған. «Барлығы жұмыспен және тұрғын үймен қамтамасыз етілді» деп хабарлайды Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы С. Шарипов. Польша азаматтарының арасында әртүрлі жұқпалы аурулар кең етек алған. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан аудандық санэпидемия басқармасының мәліметі бойынша 1942 жылы 1-15 сәуірде 115 адам сүзекпен ауырған, оның 77-сі Польша азаматтары. Дәрігерлік көмектің уақытында көрсетіліп, емханадан үйлеріне жіберілді [11. 140 б.].

1942 жылы 5-6 сәуірде поляк азаматтарына діни мейрамдары пасханы өткізуге рұқсат берді. Петропавл облыстық атқару комитетінің шешімімен поляк азаматтарына асхана, балабақшаларды пайдалануға, үй жанында бау-бақшамен айналысуға жер бөлініп берілді деп жазды облыстық атқару комитетінің төрағасы В. Грузинев. 1942 жылы 21 мамырда Польша елшілігінің ұсынысымен Қостанай облыстық атқару комитетінің қолдауымен мектеп, гимназия және ата-анасыз қалған балаларға арнап интернаттар ашылды. 1942 жылы 20 маусымда Қостанай облысында 3895 әйел, 1389 ер адам және 2797 бала, барлығы – 8081 адам деп Польша елшілігінің уәкілі Романский Мечислав жазды.

1943 жылы мамыр айында Алматы облысында тұрған поляк азаматтарына киім-кешек және аяқ киімдер берген. Облыстағы 2000 полякқа 15300 мақта-мата киім және 165 аяқ киім жеткізілген деп жазды облыстық тұтынушы президиумының орынбасары Бусыгин [11. 163, 168-169 б.].

Қазақстандағы Польша елшілігінің жанындағы әскери өкілеттілігінің 1941-1943 жылдарда атқарған қызметі Қазақстанда

орналасқан поляк әскери құрамдарды орналастыру және оларға жататын орындармен, азық-түлік, дәрігерлік көмек көрсетумен айналысты.

1941-1942 жылдарда поляк елшілігінің мәліметтеріне қарағанда, барлық есепке алынған поляк азаматтарының саны 265 мың 501 адам, соның ішінде РСФСР жерінде 117 мың, Қазақстанда 56 мың болды. Поляк азаматтарын есепке алу жұмыстары барысында 140 мың поляк азаматы төлқұжат алды. Кейіннен Қазақстандағы поляк азаматтарының саны 71789 адамға жетті [9, 128 б.].

1941 жылы 4 тамызда В. Андерс Лубянка түрмесінде 22 ай отырып шықты. Түрмеден босап шыққаннан кейін кеңес-поляк әскери келіссөздеріне қатыса бастады. 1941 жылы 30 шілдеде генерал Сикорский мен кеңес елшісі И.М. Майский екеуі қол қойып, екі ел арасында елшілік қатынас орнатуға және КСРО жерінде Польша әскерін құруға келісті. КСРО жерінде құрылатын поляк әскерінің қолбасшысын тағайындау В. Сикорскийге қиынға түсті. Себебі ол адамның кандидатурасы Англия мен КСРО басшылары У. Черчилль мен Сталинге ұнауы керек болатын. Польшаның Эмиграция үкіметінің басшысы В. Сикорскийдің ұсынысымен генерал В. Андерс тағайындалды. Ол Германияны Польшаның жауы ретінде жеккөрді. Сталин Андерсті білді, КСРО үкіметі Германиямен соғысып жатты. 1941 жылы 4 тамызда В. Андерс түрмеден Берияның нұсқауымен өз жұмыс орнына шақырып кездесті. Кездесуде генерал В. Андерстің түрмеден босатылғанын және КСРО жерінде құрылатын поляк армиясының қолбасшысы болып тағайындалғанын айтты. Генерал В. Андерс босатылғаннан кейін поляк әскерін құруға кірісті. Польша армиясының Бас штабы Бузулук қаласында орналасты.

Генерал В. Андерс КСРО жерінде поляк армиясын құрып, зор ерлік үлгісін көрсетті. Фашистік Германияны талқандауға, Польшаның 2-корпустың басшысы ретінде Италияның Монте-Кассино бекінісін қорғауда Андерс әскері ерлікпен шайқасты. Генерал Андерс туралы 2-корпуста соғыс қимылдарына қатысқан жазушы Юзеф Чапский былай деп еске алады: «Ол ешқашан ұсақ-түйекке назар аударған емес, бірақ жұмыс бабында мұқият тыңдап дауыс көтермеген. Ол өзінің әскерлеріне сеніп, бастаған

істерін тез және тиянақты орындайтын». В. Андерс Польшаны сүйді, көп жылдар шетелде тұрып, 1970 жылы 12 мамырда қайтыс болды. Өзінің өсиеті бойынша генерал Монте-Кассинодағы солдаттардың зиратында жерленді.

Поляк әскерін құрудың жеке мәселелерін талқылады. Кеңес-поляк аралас комиссиясының 16 тамыздағы отырысында поляк әскерін құрудың принциптері мен мерзімі, құрамдардың саны, қару-жарақпен және жабдықтармен қамтамасыз ету, азық-түлік және қаржыландыру мәселелері жан-жақты талқылады. Генерал Андерс үшін ең бастысы Кеңес Одағы жеріндегі лагерьлер мен түрмелерде отырған поляк офицерлері мен жауынгерлерін босатып алу болды, олар әскердің негізгі күшін құрауға тиісті еді [12, 319, 356 б.].



4-сурет. 1942 жылы КСРО жерінде құрылған поляк әскері

Поляк әскерін құруды Кеңес Одағы жеріндегі поляк жауынгерлері мен офицерлерінің тілектерін анықтаудан бастау қажет еді. Сондықтан поляк соғыс тұтқындары шоғырландырылған Грязовецк, Старобельск, Южск және Суздаль лагерьлерінде шақыру комиссиялары құрылды, олардың құрамына поляк қолбасшылығының, Қызыл Әскердің және КСРО Ішкі істер халық комиссариатының өкілдері кірді.

Сонымен қатар поляк дивизиялары мен полктарды Қызыл Әскер және НКВД ұйымдарымен байланыстыратын арнайы офицерлер тағайындалды. Алғашқы әскерге шақыру комиссиясы өз жұмысын 1941 жылдың 20 тамызында бастады. Әскерге қызмет етуге тілек білдірген адамдар өздері тұратын жерлердегі аудандық әскери комиссариаттарға жолығып анық-қанығын шешіп алды. Ал жергілікті комиссариаттар поляк ұлтының өкілдеріне жаңадан поляк әскері жасақталып жатқаны туралы құлақтандырып отыруға міндетті болды. Әскерге қызмет жасау әркімнің өз еркімен жүргізілді. Лагерьлер мен түрмелерден босатылған, арнаулы қоныстардан кетуге рұқсат алған және поляк әскерінің жасақталатынын естіген поляктар шақыру комиссиясына өз тілектерін білдіріп келіп жатты. Алайда әскердің штабы мен жеке бөлімдері қай жерде орналасатыны толық шешілген жоқ. Сондықтан шақыру комиссияларын қай жерде құру керек екені белгісіз болып, мұның өзі поляк әскерін құру жұмысын бастап кетуге әжептәуір кедергі келтірді. Генерал В. Андерске штабтың жасақталатын екі дивизияның орналастырылатын жерін 22 тамызда ғана хабарлады. Әскерді ұйымдастыру орталықтары болып Саратов және Орынбор облысының аудандары белгіленді. Әскердің алғашқы бөлімдері Бузулук ауданында, Татищевода, Колтубанкада және Тоцк бекетінде жасақталатын болды. 1941 жылы 22 тамызда генерал Владыслав Андерс өзінің алғашқы бұйрығын жариялады, онда «Речь Посполитая мен КСРО арасындағы келісімдер бойынша, Кеңес Одағы жерінде Польшаның егеменді қарулы күштері құрылады» деп поляк азаматтарын өздерінің азаматтық борыштарын өтеуге және «Ақ Бүркіт жалауының астына» тұруға шақырды [13, 251 б.]. Қыркүйек айының алғашқы күндері Везенки теміржол бекеті арқылы бұл жерлерге 9 551 поляк азаматы аттандырылды, соның ішінде: 2-5 қыркүйекте 1000 адам – Бузулукқа, 6208 адам – Татищевоға, 2143 адам – Архангельскіге жіберілді. 6 қыркүйекте 200 ұшқыш Архангельскіге аттанды.

1941 жылдың 31 тамызындағы хабарлама бойынша, поляк әскеріне кірген адамдардың жалпы саны 20,7 мыңнан асты.

2. Қазақстанға жер аударылған поляктардың тағдыры



5-сурет. Генерал Владыслав Андерс (1892-1970 ж.)

Генерал В. Сикорский Кеңес Одағында жасақталатын поляк армиясының қолбасшылығына генерал-лейтенант Владыслав Андерсті тағайындады. Кеңес Одағындағы поляк әскерінің тарихы жайлы сөз қозғағанда көп жағдайда «Андерс әскері» деген атпен береді. Андерс әскерінің тарихы екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы кеңес-поляк қатынастарының соңғы жылдарда зерттеле бастаған аспектілерінің бірі болып табылады. Владыслав Андерс 1892 жылы дүниеге келген. Ригадағы политехникалық институтта оқып жүрген кезінде әскерге шақырылған. Бірінші дүниежүзілік соғыста Ресей әскері қатарындағы поручик шенінде атты әскер эскадронын басқарған. Оның әскери білімі өте жоғары, Петербургтегі Әскери академияны және Париждегі Жоғарғы қолбасшылар мектебін бітірген. 1920 жылғы кеңес-поляк соғысында 15-Познань полкын басқарған. Одан кейін Польша мемлекеті әскерінің штаб бастығы болған. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда В. Андерс басқарған атты әскер бригадасы Польшаға басып кірген кеңес әскеріне қарулы қарсылық көрсеткен [9, 99 б.]. Ауыр жараланған генерал тұтқынға түсіп, кеңес түрмесінде болды.

В. Андерсті Қызыл Әскер қатарына кіруге үгіттеп, бұл ойлары іске аспай қалғаннан кейін НКВД қызметкерлерінің көр-

сеткен жантүршігерлік азабын өзінің естеліктерінде сипаттап жазған болатын.

Поляк азаматтарын әскерге шақыру жұмысы басталған бойда осындай табысқа жеткізуі генерал Андерсті бұл процестің жылдам іске асу мүмкіндігі туралы ойларға әкелді. Армия жасақтаудың алғашқы аптасында генерал Андерс «қысқа мерзім ішінде әскери іс-қимыл аймағына кіру үшін дивизиялар құрудың қарқынын арттыра түсуіміз қажет» деді. Аралас комиссияның екінші мәжілісінде әскери дайындықтарды 1941 жылы 1 қазанға дейін үлгеру белгіленді.

Андерс әскер, негізінен бұрын әскери қызметте болған тәжірибелі жауынгерлер мен офицерлерден құралады деп үміттенді, алайда поляк әскеріне келген лагерьлерден босатылған соғыс тұтқындарының жауынгерлік тәжірибесі болғанымен, тұтқындық азаптан шаршап келгендер еді, олармен қоса арнаулы қоныстарда жоқшылық жағдайда өмір сүрген жер аударылғандар да келді. Демек, олардың денсаулығын қалпына келтіруге уақыт керек болатын.

1941 жылдың қыркүйегінде Мәскеуде АҚШ, Ұлыбритания және Кеңес Одағы өкілдерінің конференциясы басталды. Сол кезде генерал В. Андерс жасақталып жатқан поляк әскеріне қажетті қару-жарақты Ұлыбританиядан алу мүмкіндігін білу үшін Мәскеуге келіп, Ұлыбританияның өкілі лорд Бивербрукпен жолықты. Алайда ол лорд Бивербруктан поляк әскерін қаруландыруға ағылшындардың көмек беру мәселесіне қатысты ешқандай жағымды хабар ала алмай, қиналыспен қайтты [10, 221 б.]. Осыдан кейін аз уақыт өткен соң Кеңес Одағының жерінде поляк әскерін құру туралы шешімді батыстық одақтастардың дұрыс қабылдағаны байқалды. 1941 жылы 13 қазанда Ұлыбритания Сыртқы істер министрі А. Иден Лондондағы кеңестік елші И.М. Майскиймен кездесу барысында британ үкіметі КСРО жеріндегі поляк армиясына барлық жағынан көмектесуге дайын екендігін білдірді Ал бұл мәселе төңірегінде 1941 жылдың 24 қазанында Владыслав Сикорскиймен болған әңгімесінде Черчилль осыған ұқсас сөздер айтты.

1941 жылдың қараша айының басында поляк әскерінің құрамындағы еріктілер мен шақырылғандардың саны 40 961 адамға жетті (төмендегі кестені қараңыз).

**КСРО жеріндегі Поляк әскері бөлімдерінің нақты жеке құрамы
01.11.1941**

Бөлімдер	Офицерлер саны	Унтер офицерлер	Қатардағы жауынгерлер	Барлығы
Қолбасшылық және әскердің штабы	117	201	190	508
Бузулукте орналасқан әскерге жинау пункті	79	170	791	1040
Тоцк запас орталығы	675	2871	5218	8764
Котлубанка лагері	103	962	2401	3466
5-жаяу әскер дивизиясы	595	5069	9039	14703
6-жаяу әскер дивизиясы	396	2646	9438	12480
Барлығы	1965	11919	27077	40961

Сонымен қатар 2406 поляк азаматы уақытша жұмыстарда пайдаланылды. Алдағы уақытта құрылып болған бөлімдердегі кіші құрамдағы қолбасшылардың сапасын тексеру жұмыстары жүргізіліп, қару-жарақ алғаннан кейін жауынгерлерді толық әскери дайындықтан өткізу ісі көзделген еді. 1941 жылдың 12 қыркүйегінде В. Андерс Кеңес Одағы Қарулы күштерінің Жоғарғы Қолбасшылығына жазған хатында поляк әскеріне шақырумен келген жауынгерлерден басқа өз еркімен келіп қосылып жатқандардың да қатары көбейіп жатқанын хабарлап, өз еркімен келіп жатқандарға Кеңес Одағы тарапынан жағдай жасалуын сұрады, сонымен қатар поляк әскеріне кіруге тілек білдірушілердің саны көбеюіне орай тағы жаңа дивизия құруға келісім беруді өтінді. Андерс Англиядан 50 000 адамға қажетті киім-кешек жіберілгенін хабарлай отырып, әскерді қаруландыру ісі туралы Польша Әскери Бас қолбасшылығы АҚШ-пен және Англиямен арнайы келісім жүргізіп жатқандығын да ескертті. Сондықтан әскерді қаруландыру ісі қазірше жүргізілмейді, сонда да ұйымдастырылып жатқан поляк әскеріне күніне 2-3 сағат әскери

дайындық жүргізіп, басқа уақытта Кеңес үкіметі тапсырмасымен жұмыс істеуі туралы ұсынысын да білдірген [14].

Алайда кеңес жағы поляк әскері құрамын көбейтетін жаңа бөлімдер құру туралы жоспарламаған болатын. Өйткені көп санды армияны киім-кешек, азық-түлікпен қамтамасыз ету, олардың барлығын әскери бөлімшелерге орналастыру, әскери штабтар құру, жоғары шенді офицерлерге пәтер бөлу және жасақталып жатқан поляк әскери бөлімшелерін қару-жарақпен қамтамасыз ету сияқты күрделі мәселелерді шешу қажет еді. Осы жағдайларды ескере келіп, 3 қарашада КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «КСРО жеріндегі поляк әскері туралы» қаулы қабылдады. Қаулы бойынша, поляк әскерінің құрамы 30 мың адамнан тұрады, олардан әрқайсысы 11 мың адамдық екі жаяу әскер дивизиясы, 5 мың адамдық қордағы (запас) полк, 2 мың адамдық офицерлер мектебі жасақталады, бір мың адам әскердің штабына және штабтық мекемелеріне беріледі. Поляк әскерін азық-түлікпен қамтамасыз ету, санитарлық қызмет көрсету шаралары Қызыл Армияның тылдағы бөлімдерінің алатын мөлшерімен бірдей болып белгіленді. КСРО үкіметі поляк әскерінің шығындарына жұмсалатын қаржы ретінде Польша Республикасына 65 млн сом өсіміз қарыз беретін болды. Құрылысқа жұмсалатын 5 млн соммен бұрынырақта Андерс әскерінің мұқтаждарына бөлінген 5 млн сом осы аталған қаржының құрамына кіреді. Бұл қарызды Польша Республикасы соғыстан кейін 10 жыл бойына алтынмен, америкалық доллармен немесе тауарлармен төлейді. 6 қарашада Кеңес Жоғарғы Қолбасшылығының поляк әскерін құру ісімен айналысатын өкілі генерал А.П. Павлов генерал Андерсті осы қаулымен таныстыра отырып, поляк әскері құрылатын жерлерге жиналған поляк азаматтарының қаулыда белгіленген 30 мыңнан артық бөлігі басқа жерлерге тұрақты орналасуға жіберілсін деп хабарлады [15]. Мұның өзі лагерьлермен арнаулы қоныстардан қиналып, жүдеп-жадап келген поляктардың тағы да басқа жерлерге орналасып, бұрынғыдай тапшылық көріп, бейшаралық өмірін жалғастыру болар еді.

Қаулының негізінде кеңес үкіметінен КСРО жеріндегі поляк әскеріне бөлінген ақшалай несие мөлшері мынадай болды: азық-түлік пен жем-шөпке – 9172,8 сом, киім-кешек пен мүліктерге – 13 205,1 сом, қару-жараққа – 12 593 сом, байланыс мүліктеріне

– 446,5 сом, автокөліктерге – 54,6 сом, мініс аттарына – 1974 сом, шаруашылық заттарына – 2153,6 сом, дәрі-дәрмекке – 1015,6 сом, әскери-химиялық мүліктерге – 602,6 сом, инженерлік-химиялық заттарға – 625,6 сом, ветеринарлық жабдыққа – 24,2 сом, әскери оқу құралдарына – 33,6 сом бөлінді, тасымалдау көлік шығындары 773 сомды құрады. Сонымен қатар құрылыс жұмыстарына тағы 20 млн сом керек болды. Осылайша, 1941 жылғы кеткен шығын көлемі 69 млн сомға жетті.

Поляк әскеріне кіруге тілек білдірген поляктардың саны барған сайын көбейе берді. Лагерьлер мен арнаулы қоныстарда қиындықпен өмір сүріп, шаршағандығына, күзгі-қысқы ауа райының қолайсыздығына қарамай ақтауға жатқандардың көп мөлшері өздерін КСРО жерінде жасақталатын поляк бөлімшелерінің құрамына шақырту туралы өтініштерін Мәскеудегі Польша Әскери миссиясының басшысы З. Бохуш-Шишкоға жолдады. Мәселен, шалғайда жатқан Коми автономиялық кеңестік социалистік республикасынан поляк әскеріне баруға ниеттенген 9 000 адамның өтініштері қабылданып, оның 7 000 адамы әскер жасақталып жатқан бөлімшелерге жөнелтілді. Мұндай шаралар Кеңес Одағының поляк азаматтары қоныстанған барлық жерінде дерлік жүргізіліп жатты.

Орта Азия Әскери округының штабы Қазақстанның барлық облыстарының әскери комиссариаттарына поляк әскеріне кіруге ниет білдіргендерді Бузулукқа жіберу туралы бұйрық берді. Қарағанды облысының әскери комиссариатының полковнигі Гончаров Алматы қаласындағы Әскери Штабқа жолдаған жедел хатында: Чкалов облысындағы Бузулук қаласында поляк әскерінің штабы өз еркімен өтініштерін білдірген поляк азаматтарын қабылдау жұмыстарын бастағаны туралы хабарлады.

Ал Ақтөбе облысының әскери комиссариатының 1941 жылы 30 қыркүйек пен 9 қазан аралығында 160 поляк азаматы өз еркімен Бузулуктағы жасақталып жатқан поляк армиясына жіберу туралы өтініштерін білдіргендігі Қазақ КСР-і Әскери Комиссариатына келіп түсті. Осындай өтініштер Гурьев, Жамбыл және басқа жерлерден де келіп жатты. Бұл өз еркімен өтініш білдіруші поляк азаматтарының көбі кеңестік еңбекпен түзеу лагерьлерінен босап шыққандар еді. Осы кезде Қазақстанның барлық облысында дерлік поляк азаматтарын әскер қатарына шақыру

жұмыстары қолға алынды. 1941 жылы 28 қазанда Қазақстанның Әскери комиссары генерал Щербаковқа поляк әскерінің капитаны Казимир Марьянский Алматы, Қарағанды және Ақмола облыстарында тұрып жатқан поляк азаматтарына көмек көрсету және Алматы қаласында Польша елшілігі мен поляк әскерінің штаб үйін ашу, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан поляк азаматтарын әскер қатарына шақырып, оларды Самарқанд қаласындағы поляк бөлімшесіне жіберу туралы өз өтінішін білдірді. Осы күні-ақ Ташкент қаласынан Алматыға Поляк елшілігінің өкілі Венцек келді. Мұндағы кездесуде Қазақстанның барлық облыстарында поляк азаматтарын поляк әскері қатарына шақыру және жергілікті жерлерде поляк әскерінің штаб үйлерін ашу туралы сөз болды. 1941 жылы қараша айының 20-күні Қазақстанда поляк армиясын қабылдауға 2421 поляк азаматының өтініштері қабылданып, олардың ішінен 1314 адам Орта Азия әскери бөлімшесіне (САВО) жіберілді. Дегенмен де поляк армиясына әскер жинауда Қазақ КСР-нің әскери комиссариатында заңсыз оқиғалар да етек алды; онда қолдарында уақытша куәліктері бар поляк азаматтарын Қызыл Армия қатарына жіберіп, ал басқа ұлт өкілдерін (поляктардан басқа) поляк армиясына жібергендігі және мұның бәрі өз еркілерімен емес арнайы шақырту арқылы іске асып отырғандығы мәлім болды [16].

Қазақстанның облыстық әскери комиссариаттарына 1941 жылдың тамыз – қараша айларында бірталай өтініштер келіп түсті (төмендегі кестелерді қараңыз).

Поляк әскеріне қабылдауға өтініш білдірген Қазақстандағы поляк азаматтарының саны жөніндегі 20.10.41 жылғы мәлімет

Облыстық әскери комиссариат	Өтініш бергендер	Әскерге жіберілгендер
Алматы облысы	44	49
Жамбыл облысы	146	-
Оңтүстік Қазақстан обл.	-	-
Қызылорда облысы	-	-
Гурьев облысы	28	14
Батыс Қазақстан обл.	58	55
Ақтөбе облысы	115	-
Қостанай облысы	257	98

Солтүстік Қазақстан облысы	214	16
Қарағанды облысы	16	-
Ақмола облысы	-	-
Павлодар облысы	509	479
Семей облысы	520	-
Шығыс Қазақстан облысы	-	-
Барлығы	1007	532

Поляк әскеріне қабылдауға өтініш білдірген Қазақстандағы поляк азаматтарының саны жөніндегі 20.11.41 жылғы мәлімет

Облыстық әскери комиссариат	Өтініш бергендер	Әскерге жіберілгендер
Алматы облысы	82	82
Жамбыл облысы	146	-
Оңтүстік Қазақстан обл.	286	214
Қызылорда облысы	-	-
Гурьев облысы	34	14
Батыс Қазақстан обл.	72	58
Ақтөбе облысы	123	123
Қостанай облысы	257	224
Солтүстік Қазақстан облысы	214	16
Қарағанды облысы	16	-
Ақмола облысы	-	-
Павлодар облысы	509	479
Семей облысы	520	-
Шығыс Қазақстан облысы	3	-
Барлығы	2421	1314

1939-1940 жылдары Қазақстанға жер аударылған поляк азаматтарының босатылған кездегі жағдайы ауыр болатын, өйткені республика қорынан барлық азық-түлік, қаржы майданға беріліп жатқан еді. Сондықтан Қазақстан облыстарының әскери комиссарлары Орта Азия әскери округының штабына поляк еріктілерін азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз ету мәселесі туралы қайта-қайта хат жазумен болған. 10 қарашадағы округтың штабынан келген хатта еріктілерді тек қана жолға қажетті құжаттармен қамтамасыз етіп, поляк әскері жасақталып жатқан

жерлерге жіберу туралы хат келген. Поляк әскеріне кіруге тек әскери адамдар ғана емес, тағдырдың айдауымен кеңес жеріне келген поляк азаматтарының барлығы дерлік өтініш білдірген. 11 тамызда Қазақ кеңестік социалистік республикасының Әскери комиссары Орта Азия әскери округының штабына Алматыда тұратын бір топ поляк артистерінің жасақталып жатқан поляк әскеріне кіру туралы өтініш бергенін хабарлаған. Мұның өзі поляк азаматтарының өз отанын азат ету уақытын жақындатуға күлшынысын білдірумен қатар, поляк әскеріне кіруді кеңес өкіметінің қуғын-сүргінінен құтылудың бірден-бір жолы ретінде қарауын көрсетуі де мүмкін.

Кеңес Одағы жеріндегі поляк әскерінің құрылуы мен әскери дайындықтан өтуіне айрықша еңбек сіңірген поляк офицерлері осы әскердің Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Владыслав Андерс, штаб бастығы полковник Леопольд Окулицкий: «Ол 1941 жылы НКВД ұйымдары тарапынан тұтқындалып түрмеге қамалған. 1941 жылғы ақтаудан кейін Андерс армиясының құрамында болып, 1944 жылы Польшаға келді. Сол жерде эмиграциядағы Польша үкіметінің құзырына бағынған астыртын Әскерді (Крайова армиясы) құруға қатысып, сосын «Неподлежность» ұйымын құрады. Олар Польшадағы халықтық билік пен кеңестік әскерге қарсы шықты. 1945 жылы осы ұйымның басқа да басшыларымен бірге кеңестік өкімет тұтқындап, КСРО Жоғарғы сотының шешімімен 10 жылға бас бостандығынан айырды, кейін түрмеде қаза болады». 5-дивизияның қолбасшысы генерал-майор Мечислав Боруто-Спехович, 6-дивизияның қолбасшысы генерал Михал Карашевич-Токажевский, қосалқы полктың қолбасшысы полковник Януш Галадык болды. Осы аталған жоғары шенді офицерлерге 1939 жылы Батыс Украина мен Батыс Белоруссияда «қарулы топ ұйымдастырды» деп айып тағылып, түрмеге отырғызылған болатын, олар ақыры 1941 жылы 12 тамыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен босатылды. Кеңес өкіметі жасақталып жатқан поляк әскерін, әсіресе оның қолбасшыларын үнемі бақылауда ұстады. Әрбір полк пен дивизияда Қызыл Әскердің байланыс офицерінен басқа НКВД мекемелерінің байланыс офицерлері болды. Қызыл Әскердің Жоғарғы Қолбасшылығының кеңес жерінде поляк әскерін құру мәселесі жөніндегі өкілетті өкілі генерал-майор

А.П. Панфиловтың орынбасары Г.С. Жуков та НКВД офицері болды [17, 16 б.]. Түрмелер мен лагерьлерде және шалғайдағы Сібірде, т.б. жерлерде айдауда жүрген поляк азаматтарынан армия жасақтаудың өзі үлкен қиындықтар туғызды. Сонымен қатар КСРО жеріндегі поляктарды жаппай армия қатарына шақыру жұмыстары барысында кеңестер мен поляктардың арасында келіспеушіліктер өріс алып отырды. Мысалы, поляк жағы 1939 жылы тамыздың 31-іне дейінгі Польша жерінің барлық тұрғындарын Польша азаматтары деп санады, ал Кеңес ұйымдары тек Польшаның азаматы ретінде поляк ұлтының өкілдерін ғана есептеді. Өйткені 1939 жылы қараша айында Батыс Украина мен Батыс Белоруссия КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша Кеңес Одағының құрамына кірген еді.

Керек жабдықтарын алдырмай, азық-түліксіз Сібірге, Қазақстан мен Алтайдың сусыз қуаңшылықты даласына күштеп жөнелтілген мыңдаған адамдар поляк дивизияларына арып, жүдеп, әлсіреп болған сәтте келіп жетті. Үстінде жылы киімі, басында үйі, ішерге тамағы жоқ тұтқындар ауа райы ауыр қуаңшылықты жерлерге тап болып, ауруға шалдықты. Мыңдаған поляктар жарық дүниемен қоштасып, көбі өлімші халге жетті. Әрине, өте қиын жағдайда денсаулықтарын жақсартып, өздерін толықтай жинап үлгермеген болашақ жауынгерлерден поляк әскерінің қабілетті бөлімшелерін жасақтау мүмкін емес еді. Сақылдаған сары аяз, казармалар мен ағаш материалдардың тапшылығы құрылыс жүргізуге бөгет болды. Азық-түлік жетіспеушілігі денсаулықтарын қалыпқа келтіруді созып, олардың әскери дайындықтарын қиындата түсті. Генерал Андерс 1941 жылдың қараша айында күннің суықтығына байланысты пеші жоқ, от жағылмайтын шатырларда жатқан поляк жауынгерлерінің үсуде екенін және азық-түліктің тым тапшылығын хабарлап, осы мәселені шешу үшін қаулыда көрсетілген қарыз сомасының есебінен берілетін қаржыны жылдамырақ жіберуді дүркін-дүркін өтінумен болды. Бұл кезеңде генерал Андерстің қолбасшы ретіндегі міндеттері жауынгерлерді жаттықтыруды ұйымдастыру, дивизияларды нағыз әскери бөлімдерге айналдыру болуға тиісті еді, алайда ол әскерді жабдықтау мәселесімен айналысуға мәжбүр болды. Өйткені жауынгерлерді азық-түлікпен, тұрақпен, күнделікті қажетті заттармен қамтамасыз етпей тұрып, құрылып жат-

қан бөлімдерді толыққанды әскерге айналдыру мүмкін емес. Сондықтан генерал Андерс қажырлылықпен, табандылықпен, кеңес әскери басшыларына үздіксіз өтініш жасаумен, жар құлағы жастыққа тимей поляк әскерін құруға жанталасты. Сондай-ақ осы кезде әскер қатарына шақырылуға тиісті бұрынғы поляк әскерінің жауынгерлері мен офицерлері әлі еңбекпен түзеу лагерьлерінде отырған еді. Ақтау туралы Жарлық жарияланғаннан кейін де поляк әскери тұтқындары босатылмады. Бұған қоса 20 тамызда Л. Берияның лагерь тәртібін қатаң сақтау және барлық әскери тұтқындардың тікелей өзіне бағынатыны туралы бұйрығы шықты. Поляк әскери тұтқындарының басым бөлігі тек 1941 жылы қыркүйек айында ғана Андерс әскері жасақталып жатқан жерлерге жөнелтілді. Ал әскер қатарына шақырылғандарды баспанамен, қару-жарақпен қамтамасыз ету қаншалықты қиын болса да, қысқа мерзім ішінде бұл адамдарды әскери ұйымдарға бөлу ісі қолға алынуы керектігі ескертілді. Дивизия генералы Андерс әскерді құру ісіне байланысты тағы бір ұсынысында: «КСРО Қарулы Күштер Бас қолбасшылығына Тоцк және Татищево лагерьлеріндегі поляк әскери қызметкерлері мен поляк азаматтарынан әскер құруға ақшалай несие бөліп, азық-түлікпен қамтамасыз етуін... құрылып жатқан поляк бөлімдерін жаңа аудандарға шоғырлануды сұраймын», – деп жазды. Поляк әскері жасақталып жатқан жерлерге өз еркілерімен келген поляк азаматтарын жергілікті кеңестік ұйымдар тегін жолақысы құжаттарымен ғана қамтамасыз етті. 1941 жылы 2 желтоқсанда Қазақстанның барлық комиссариаттарында поляк әскери қызметкерлеріне қамқорлықтар жасау туралы шешім қабылданып, арнайы куәліктер тапсырылды, онда Польша үкіметімен болған келіссөзді негізге ала отырып, «кеңес үкіметі поляк әскери қызметкерлері мен олардың жанұяларына мемлекет тарапынан жеңілдіктер көрсетуге құқылы» деген сөздер болды. Алайда поляктардың отбасылары ешқандай жеңілдіктер ала алмады. Сонымен қатар поляк әскери қызметкерлеріне мемлекет тарапынан несие беріле ме, жоқ па, ол да белгісіз күйінде қалды [18].

Қызыл Әскер қатарына шақырылған поляктардың қайтарылуы мәселесінде шешуде де әжептеуір қиындықтар туды. КСРО жерінде поляк әскерін құру мәселесі бойынша құрылған аралас

кеңес-поляк комиссиясының бірінші конференциясында генерал Андерс Қызыл Әскер қатарындағы поляктарды қайтарып, жаңадан жасақталатын поляк әскеріне кіруге рұқсат беру туралы мәселені еске салған болатын, 19 тамыздағы конференцияда Андерстің өтінішін орындау туралы шешім қабылдаған еді. Алайда поляк әскеріне кетуге тілек білдірген поляк жауынгерлерінің өтініштерін Қызыл Әскердің рота, полк, дивизия сияқты жеке бөлімдерінің қолбасшылары назарға алмай аяқсыз қалдырған жағдайлары жиіледі.

Андерс әскерін құру кезіндегі аса бір жағымсыз сәттер де болды, мәселен, кеңестік қауіпсіздік мекемелері поляк офицерлерінің көңіл күйін, айтқан әңгімелерін үнемі тексеріп отырды. 1941 жылдың 2 желтоқсанында Қызыл Әскердің Бас штабының КСРО жерінде поляк әскерін құру мәселесімен айналысатын өкілетті өкілі генерал-майор А.П. Панфилов пен мемлекеттік қауіпсіздік майоры Г.С. Жуков генерал В. Андерске хат жазып, поляк әскері офицерлерінің Кеңес Одағына жағымсыз көзқараста екендігін хабарлады. Хатта бірқатар поляк офицерлерінің атын атап айтқанына қарағанда олардың арасына жансыздар жіберілген болуы мүмкін. Хаттың мәтініне көз жіберейік: «...Сонымен, майор Рудановский: «Біз, поляктар, қаруды кеңестерге қарсы бағыттаймыз. Бізді майданға алған бойда, біз қаруымызды Қызыл Әскерге қарсы бұрамыз», – деп мәлімдеген. ...Майор Домань, капитан Рудковский, поручик Корабельский, поручик Вишнеvский, ротмистр Майзнер және басқалар да осындай көңіл күйде». Поляк әскерінің басшылары одақтас болып отырған Кеңес жағының ескертуін аяқсыз қалдырған жоқ. Генерал В. Андерс пен полковник Л. Окулицкий поляк офицерлері мен жауынгерлеріне Кеңес Одағына дұрыс көзқараста болу қажет екендігін айтып, «1939-1941 жылдардағы болған оқиғаларға түбегейлі нүкте қоюға» шақырған. Кеңес өкіметінің кеше ғана өзі басып алып, лагерьлерге айдап, тұтқындықтың азабын көрсеткен адамдардан көзқарастарын жылдам өзгертуді талап етуі, әрине, ағаттық деуге болады. Тұтқындық азапты генерал Андерс те басынан кешірді, алайда ол өз отанының болашағы үшін поляк әскерін құру қажеттігін айрықша түсінгендіктен, өкпе-ренішін кейінге ысырып тастады. Қалай болғанда да поляк әскерін құру қажет болатын, сондықтан генерал Андерс Кеңес Одағы

туралы жағымсыз сөз таратқандарды жауапқа тарту, немістерге ниеттестерді анықтау, ал жергілікті халықты тонағандарды қатаң жазалау туралы бұйрық берді. Алайда 1939 жылы қыркүйек науқанындағы «тыртық таңбаны» бірден ұмыта қою, сол жылы гитлерлік Германиямен жан берісіп, айқасып жатқан қысылтаяң сәтте жон арқадан пышақ сілтеу зардабын жойып, жер – шекара мәселелеріне қатысты алауыздықты бір арнаға салу, дұшпандық ниетті достықпен алмастыру бірден мүмкін бе?

Кеңес жағы генерал Андерстің өзін де айрықша тексеріп отырды. Сонымен қатар генерал Андерстің бүкіл жан-тәнін салып, жасақтап жатқан әскерінің қатарын көбейтуге рұқсат бермеуі, кеңес лагерьлеріндегі поляк офицерлерінің ұшты-күйлі жоқ болып кетуі де оның көңілін құлазытқанымен, ол Кеңес өкіметі туралы артық сөздер айтқан жоқ, өйткені отанының азаттығы үшін барлық қиыншылыққа төзді. Сонымен қатар поляк әскерінің жасақтау барысындағы поляктардың өз ішіндегі пікірталастар кезінде де генерал Андерстің дұрыс позицияда болғанын айта кету қажет. Кеңес Одағындағы Польшаның елшісі С. Кот Андерстен жасақталып жатқан поляк әскерінің қатарынан легиондарда болған барлық офицерлерді шығаруды талап етті. Легиондар – бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде құрылған, Үштік Одақ (Орталық державалар) жағында соғыс қимылдарына қатысқан қарулы бөлімдер. Андерс 1939 жылы иық тіреп бірге соғысқан поляк офицерлерін бөліп-жарғысы келмеді, өйткені олардың барлығы енді отанының егемендігін қалпына келтіру үшін күресуге ұмтылды. Жалпы алғанда бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі поляктардың жағдайы айрықша күрделі болғандығын ескеру қажет. Польша жері бірнеше бөліністерден кейін Ресей, Австро-Венгрия, Германия империяларының құрамына кіргізілді. Бұл үш мемлекет бір-біріне қарама-қарсы екі соғыс одағына (Ресей – Антантаға, Австро-Венгрия мен Германия – Үштік Одаққа) кірді де, осы мемлекеттердің әрқайсысы өз иелігіндегі поляк жерінің тұрғындарын әскерге шақырды. Осылайша, поляктар соғыста екі жарылып, бір бөлігі Антанта елдерінің, екінші бөлігі Үштік Одақ мемлекеттерінің тұтқынында болды. Алайда қай жақта соғысса да, поляктар бірінші кезекте өз отанының – Польшаның тәуелсіздігін қалпына келтіруге ұмтылды. Тап осындай жағдай екінші дүниежүзілік соғыс кезінде

де қайталанды. Крайова армиясы Польшаның эмиграциядағы үкіметіне бағынған ресми әскері болды, ал Кеңес Одағына бағдар ұстаған коммунистер Людова армиясы деп аталған жеке әскер құрды. Мұндай трагедияны ірі державалардың басқыншылық саясатының құрбаны болған, бөлініске түскен немесе отар болған елдердің барлығының тарихынан кездестіруге болады. Генерал Андерс барлық мақсат-тілектердің ішінен ең бастысын – Польшаның тап сол сәттегі тағдырын шешетін мақсатты бөліп алған, ол Польшаны нацистік Германияның қанды тырнағынан жұлып алу болатын, бұл үшін қажет мүмкіншіліктердің барлығын пайдалану керек еді. Генерал Андерстің осы жағдайды жақсы түсінгенін байқаймыз.

Кеңес жерінде поляк әскерін құру барысындағы аса күрделі мәселе – тәжірибелі офицерлер санының жетіспеушілігі болды. Барлық соғыс тұтқындары лагерьлері мен түрмелерден поляк азаматтары босатылған кезде 1939 жылы тұтқынға алынған поляк офицерлерінің аса үлкен тобының қайда екені белгісіз болып шықты. Генерал Андерс өзінің естеліктерінде кеңес өкілдерімен кездесулердің бірінде А.П. Панфиловтың әскери тұтқындардың саны жөнінде берген мәліметіне таңғалғандығын жазды. А.П. Панфиловтың айтуынша, екі лагерьде барлығы 20 мың жауынгер, 100 офицер бар болып шықты. «Қалғандары қайда? Старобельск, Козельск және Осташков лагерьлерінде 11 мыңға жуық офицердің бар екенін білетін едім ғой, одан басқа Осташковта бірнеше мың унтер-офицерлер бар болатын» [10, 253 б.].

1939-1940 жылдары кеңес лагерьлерінде болып, енді поляк әскері құрыла бастаған кезде із-түзсіз «жоғалып» кеткен поляк офицерлері мәселесін анықтауға Польша үкіметінің басшысы В. Сикорский араласты. Кейіннен осы поляк офицерлерінің кеңес лагерьлерінде жаппай өлтірілгені белгілі болды.

1941 жылы 1 қарашада Кеңес Одағындағы поляк елшісі С. Кот В.М. Молотовқа жолығып, Польша Эмигранттық үкіметінің премьер-министрі В. Сикорскийдің Кеңес Одағына сапары туралы сөйлесіп, осы сапардағы поляк басшысының кеңес жағымен талқылайтын сұрақтары көрсетілген үндеуді табыс етті. В. Сикорскийдің бұл сапары барысында Ұлыбритания үкіметі және басқа да одақтас мемлекеттермен келісе отырып, Кеңес үкіметімен төмендегідей мәселелерді шешу мақсаты көз-

делген: 1) Кеңес үкіметімен арадағы 1941 жылғы 30 шілдедегі саяси келісімнің талаптары мен 1941 жылғы 12 тамыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша жарияланған барлық поляк азаматтарына кешірім беру туралы бұйрығы шыққанмен поляк әскеріне адам шақырудың әлі шектеліп отырғандығы; 2) КСРО жеріндегі әскер қызметіне жарайтын поляк азаматтарын түгел әскерге шақыру; 3) 1941 жылдың 23 қазанындағы Халық Комиссариатының өтініші бойынша поляк әскерін қару-жарақ, азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етудің қиындығына байланысты КСРО жеріндегі поляк әскеріндегі мұндай ауыртпалықтарды Ұлыбритания үкіметі өз мойнына алғандықтан барлық поляк бөлімдерін Кавказға немесе Иранға ауыстыру керек; 4) бірінші кезекте КСРО жерінен 15-20 мың поляк жауынгерлерін Ұлыбританиядағы поляк бөлімдерін толықтыру үшін Египетке жіберу қажет. В. Сикорский Кеңес Одағына келердің алдында Иранға барды, ол жаққа генерал Андерс те барып, сол жерде үкімет басшысына кеңес жеріндегі поляк әскерінің құрылу жағдайларын, әскердің кеңес үкіметі белгілеген санының тым шектеулілігін, басқа қиындықтарын түсіндірді [10, 230-232 б.].

1941 жылдың 4 желтоқсанында кеңес-поляк декларациясына қол қойылды. Декларацияда гитлерлік неміс империализмі адамзаттың ең зұлым жауы болып табылады, онымен ортақ тіл табысу мүмкін емес, екі мемлекет те басқа одақтастарымен бірге соғысты жеңіп шыққанша жүргізетін болады және неміс басқыншыларын түптамырымен құртады, соғыс кезінде біріне-бірі толық әскери көмек көрсетеді, Кеңес Одағы жеріндегі Поляк Республикасының әскері кеңес әскерімен тізе қоса отырып, неміс басқыншыларына қарсы соғысады деген сөздер болды. Құжаттың соңғы бөліміне әділетті және берік бейбітшілік орнатудың негіздері көрсетілді: соғыс жеңіспен аяқталып, гитлерлік қылмыстыларды жазалаған соң демократиялық ұлттардың берік одаққа бірігуіне негізделген халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі жасалуға тиісті деген мәлімдеме енгізілді [19, 204 б.].

6 желтоқсанда КСРО Сыртқы істер халық комиссары А.Я. Вышинский мен Польшаның Кеңес Одағындағы елшісі С. Коттың арасында Сикорский-Сталин кездесуі туралы әңгіме болды. С. Коттың екі елдің үкімет басшыларының кездесуінде

талқыланған поляк әскерін жабдықтау мәселесі туралы айтқан сөздері дипломат үшін тым артықтау болған сияқты. Кеңес жеріндегі поляк әскерінің санын көбейткісі келмегенін айта келіп Кот былай деді: «Біз мұны Кеңес Одағының жерінде біздің әскерімізді көру ниеті жоқ деп ұқтық. Біз азық-түлік және қару-жарақ жөнінен көмектесу туралы Англия мен АҚШ-қа өтініш жасадық. Олардың екеуі де көмек беруге дайын екендіктерін айтты, алайда біздің әскерімізді жабдықтауға қажетті заттарды тасып жеткізетін жолдарға жақын жерге, мысалы Иран мен Иракқа орналастыруды талап етті. Сондықтан ғана біз әскерімізді КСРО-дан көшіру туралы мәселе көтердік».

3. Қазақстандағы Польша елшілігінің құрылуы және қызметі

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына шабуыл жасады. Германия Кеңес Одағына шабуылын бастаған күні-ақ У. Черчилль радиодан сөйлеген сөзінде: «Нацистік тәртіпте ашкөздік пен нәсілдік үстемдікке ұмтылудан басқа ешқандай да салттары мен қағидалары жоқ. Өзінің қаталдығы мен ызалы басқыншылығы жөнінен ол адамзат бұзықтығының барлық түрлерінен асып түсті. Соңғы 25 жылда ешкім коммунизмнің менен асқан қарсыласы болған жоқ. Мен өзімнің ол туралы айтқан бірде-бір сөзімнен бас тартпаймын.

Біз Ресейге және орыс халқына қолымыздан келген барлық көмегімізді береміз... Ресейге төнген қауіп – бізге және Құрама Штаттарға төнген қауіп, сол сияқты, өзінің ошағы мен үйін қорғап жатқан әрбір орыстың ісі... Өткен шақтағы қайшылықтар мен алауыздықтарға қарамастан Англия осы соғыста Кеңес Одағына қолдайтынын мәлімдеді» [8, 110-111 б.].

1941 жылы 23 маусымда Польшаның Эмиграциядағы үкіметінің басшысы Владислав Сикорский радиодан сөйлеген сөзінде гитлерлік Германияға қарсы Кеңес Одағымен бірігіп күресу мүмкіндігін мәлімдеді. 24 маусымда АҚШ президенті Ф. Рузвельт те Кеңес Одағына қолдау білдірген мәлімдеме жасады. Кеңес Одағы да өздеріне одақтастар іздей бастады. 1941 жылы 12 шілдеде бір-біріне көмектесу туралы кенес-ағылшын келісіміне қол қойылды.

Поляк-кеңес қатынастары айрықша күрделі болатын, өйткені Польша – Кеңес Одағынан аса ауыр 1939 жылдың оқиғалары түр еді. Соған қарамастан Поляк үкіметі Кеңес Одағы басшыларымен келіссөздер жүргізуге келісті [9, 84 б.].

Келесі күні Ұлыбританияның сыртқы істер министрі А. Иден премьер-министр В. Сикорский кеңес елшісі И.М. Майскийдің мәлімдемесін баяндады. Онда Кеңес үкіметі «Поляк мәселесіне байланысты келіссөз жүргізуге дайын екендігін білдірді». Польша премьер-министрі В. Сикорский келіссөздерді бастауға келісіп, өз үкіметі жағынан қажет шарттарды атап өтті:

1. Кеңес Одағы 1939 жылғы тамыз-қыркүйек айларындағы герман-кеңес келісімшартының күші жойылғандығын мойындауы қажет.

2. Мәскеу қаласында тез арада Польша елшілігі ашылып, КСРО жеріндегі поляктардың ауыр тағдырына байланысты азаматтық комитеттер құрылуға тиіс.

3. Ресейдің шалғай жерлеріне айдауға кеткен саяси тұтқындар мен түрмедегі поляк әскери соғыс тұтқындары босатылуы керек. Бұлардан фашистік Германияға қарсы соғысқа қатысатын егеменді Польша Республикасының әскері жасақталуы керек.

Осы арыз-өтінішті Ұлыбританияның сыртқы істер министрі А. Иден қабылдап алып, тез арада кеңес үкіметіне табыс ететінін мәлімдеді [9, 84 б.]. 1941 жылы шілде айында Лондонда В. Сикорский мен Англиядағы кеңес елшісі И.М. Майский арасында кездесулер басталды, келіссөздер аса күрделі жағдайда жүрді. Келіссөз қорытындысында И.М. Майский Поляк үкіметінің құжаттарын Кеңес үкіметіне табыс етті.

Құжатта:

1. Шекара мәселесі уақытша ашық түрде қалдырылды.

2. Мәскеуде Польша елшілігі ашылды.

3. Осы шарттар орындалғанда ғана Польша Кеңес Одағымен бірлесе әрекет жасап, Германияға қарсы соғыс жүргізеді.

4. Кеңес жерінде поляк әскері жасақталып, басқа жерге көшірілді.

5. Кеңес жеріндегі поляк әскери соғыс тұтқындары мен саяси қуғынға ұшырағандар босатылды.

Ақыры, британдықтардың делдал болуы мен келіссөздер барысында, 1941 жылы 30 шілдеде Лондонда Польша Эмигрант-

тық үкіметінің премьер-министрі генерал Сикорский мен Ұлыбританиядағы кеңестік елші И.М. Майский келісімшартқа қол қойды. Қол қою рәсімі кезінде Ұлыбританияның премьер-министрі У. Черчилль мен сыртқы істер министрі А. Иден қатысып отырды.

Келісім бойынша екі елдің арасында дипломатиялық қатынастар қалпына келтірілді және олар гитлерлік Германияға қарсы күресте бір-біріне көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді. Сондай-ақ бұл келісімшартқа қосымша хаттама енгізілді. Онда: «Дипломатиялық қатынастар қалпына келтірілген сәттен бастап Кеңес үкіметі соғыс тұтқындары ретінде немесе басқа негізгі себептермен КСРО жеріндегі лагерлер мен түрмелерде отырған поляк азаматтарына кешірім жариялайды», – деп көрсетілді.

Соғыс барысында үзіліп қалған сыртқы саяси және әскери қарым-қатынастарды қайта жандандыру премьер-министр Владислав Сикорскийдің ұтымды жүргізілген саясатының нәтижесі болды.

Польша мен Кеңес Одағы арасындағы дипломатиялық қатынастарының қалпына келтірілуінің көрінісі бір-біріне елшілік алмасуы болды. Кеңес Одағы Ұлыбританиядағы Польша Эмигранттық үкіметіне А.Е. Богомоловты елшілікке жіберді. Ал Кеңес Одағына Польша елшісі ретінде Станислав Котты жіберді.

1941 жылы 2 тамызда премьер-министр және Бас қолбасшы генерал Владислав Сикорский КСРО жеріндегі генерал-майор Зигмунт Петр Бохуш-Шишкоға Лондоннан хат жолдады: «Сізді КСРО жеріндегі поляк әскери комиссиясының басшысы етіп тағайындаймын. Сізге Кеңес Одағы мен Польша арасындағы 30.07.1941 жылы жасаған келісімшартта айтылған әскери келісімді жасауға қатысты КСРО әскери басшылығымен барлық келіссөздерді жүргізуге өкілеттік беремін. Қызыл Әскер Бас Штабының бастығы Б.М. Шапошников, генерал-майор А.М. Василевскийге З. Бохуш-Шишкомен Әскери келісімді жасау туралы келіссөздерге өкілеттік берілді» [9, 88-89 б.].

1941 жылы 12 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Кеңес Одағы жерінде түрмелерде отырған поляк азаматтарына кешірім беру (амнистия) туралы» жарлық шығарды.

Осы жарлықтың негізінде «... кешірім берілген поляк азаматтары босату мен орналастыру тәртібі» деп аталған қаулы шығарды. Қаулыда поляк азаматтарының босатылатын категориялары және оларды орналастыратын аудандар анықталды.

Босатылған поляк азаматтары КСРО жеріндегі Польша елшілігінде тіркеуге алынды және поляк төлқұжаттары қолына тиген соң милиция ұйымдарының белгіленген тәртіптері бойынша шетелдіктердің тұруына рұқсат етілетін виза алуға міндеттелді.

Қорғаныс Халық Комиссариатына Поляк үкіметінің әскери өкілдері мен поляк әскери бөлімдерін жасақтаудың тәртібі туралы келіссөздер жүргізу тапсырылсын, соған орай поляк әскеріне шақыру жүргізілетін жерлерді поляк әскери қолбасшылығымен жергілікті аудандық әскери комиссариаттар өкілдерімен арнайы шақыру комиссариаттарын құру қарастырылсын.

Поляк әскери бөлімдерін жасақтаудың келесі пунктері белгіленсін. Ең алдымен:

– Сталинград облысында Камышин, Фролова-Арчеда және Урюнинск;

– Чкалов облысында Бузулук, Тоцк;

– Саратов облысында Сердобск және Татищево;

– Қорғаныс Халық Комиссариатына (Хрулев жолдасқа) поляк әскери қолбасшылығының өкілдерімен келісе отырып жасақталған поляк әскери бөлімшелерін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жүктелген.

КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығы бойынша кешірім бергеннен кейін 1941 жылы 27 қыркүйекте түрмелер мен лагерьлердегі 50295 адам, айдауда жүрген 391575 адам, 26297 соғыс тұтқыны, арнайы қоныстарда тұрған 225248 жер аударылған босатылды, жер аударылған адамдарды ауа райы жұмсақ аудандарға көшірілуіне жағдай жасау, оларды үй-жаймен, жұмыспен қамтамасыз ету, поляк әскерінің жасақтау орнын, санын ұлттық құрамы, азық-түлік мөлшерін, жабдықтау деңгейін белгілеу, жергілікті орындарда өз мамандықтарына сәйкес жұмыспен, баспана және тұрмысқа қажет құрал-саймандармен қамтамасыз ету деп жарлықта жазылды [9, 91-92 б.].

1943 жылы 20 шілдеде КСРО Сыртқы істер министрлігі Польша елшілігіне мәлімдеме жасады. «Польшаның уақытша елшілігі өздерінің міндеттерін орындай алмауына байланысты,

Халық Комиссариаты Польша елшілігінің қызметін жабуға шешім қабылдады». 1943 жылы 25 сәуірде КСРО үкіметі Польшаның Эмигранттық үкіметімен елшілік қарым-қатынасты үзу туралы нота жіберді.

Кенес үкіметі басшысы И.В. Сталиннің мұндай шешім қабылдауға поляк әскерін Иранға алып кетуі және «Катынь қасіреті» кеңес-поляк қатынастарының бұзылуына себеп болды.

Бірақ Қазақстандағы Польша елшілігі 1941-1943 жылдарда поляк азаматтарын қабылдап, оларға айтарлықтай көмек көрсетті. Кеңес-Польша келісіміне сәйкес, Орта Азия, Қазақстан жерінде Польша азаматтары шақырылып, 70 мыңдық әскери дивизия құрылып, ол тарихта Польша генералы ұйымдастырған Андерс әскері деп аталады. Ағылшын-Кеңес үкіметтерінің келісімімен 1942 жылы Иранға көшіріліп, фашистік Германияны талқандауға өз үлестерін қосты.

4. Қазақстандағы поляк әскери бөлімдерінің жасақталуы

Жаңа поляк әскери бөлімдері жасақталатын жер ретінде Қазақстан мен Орта Азияның таңдалуы, әрине, бірінші кезекте мұндағы ауа райының жылылығына байланысты болар. Сонымен қатар жер аударылған поляк азаматтарының басым бөлігі осы аймақта, негізінен Қазақстанда тұрып жатқан болатын. 1941 жылдың 12 тамызындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы бойынша кешірім алған азаматтардың барлығы да Қазақстанға орналастырылды.

12 тамыздағы жарлықты орындау барысында босатылғандар негізінен Қазақстан мен Орта Азия республикаларына жіберілді. 1941 жылы 1 қазанда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті Өзбекстанға 100 мың поляк азаматын қоныстандыру туралы шешім қабылдады. Атап айтқанда, Ферғана облысына – 10 000 адам, Самарқанд облысына – 25 000 адам, Бұқара облысына – 25000 адам, Хорезм облысына – 15 000 адам және Қарақалпақ автономиялық республикасына – 25 000 поляк әскери қызметкерлері мен азаматтарын орналастыру және оларды баспана, азық-түлік, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жұмыстары Өзбекстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті

мен Өзбек Кеңестік социалистік республикасының Халық Комиссарлар Кеңесіне тапсырылды. Алайда жергілікті үкімет мекемелері Өзбекстанда поляк азаматтарын тұрғын үймен, азық-түлікпен қамтамасыз ету, оларға дәрігерлік көмек көрсету мәселесі қаржы мен азық-түлік тапшылығынан дұрыс шешім таппады да, поляк азаматтарын енді қабылдаудың өте қиын болатынын ескертті. Сондықтан 1941 жылы 19 қарашада бұл шешімді өзгертті: қоныстанушылардың санын 35 мың адамға қысқартты, ал қалғандарын Қазақстанның оңтүстік облыстарына және Қырғызстанға орналастырды. 19 қарашадағы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімі бойынша Қазақстан жеріне Өзбекстаннан 36 500 адам көшірілді, олардың 18 мыңы – Оңтүстік Қазақстан облысына, 12 мыңы – Жамбыл облысына, 6,5 мыңы – Семей облысына орналастырылды. 1941 жылғы 26 қарашадағы мәлімет бойынша Оңтүстік Қазақстан облысына жіберілген 18 000 поляк азаматы мынадай аудандарға қоныстанған: Қызылқұмда – 3000 адам, Созақта – 3000 адам, Шәуілдірде – 2000 адам, Шаянда – 3000 адам, Фрунзеде – 3000 адам, Қаратаста – 3000 адам. Жаңадан келгендерді орналастыру мәселесі шешілген соң олардың басым көпшілігі машина-трактор станциялары мен шеберханаларына, жаппай ауыл шаруашылық жұмыстарына жіберілді [21]. Сонымен қатар Қазақстанға Кеңес Одағының басқа облыстарынан 2678 адам келді. Ал кешірім алғанға дейін Қазақстанда тұрған 1311 поляк Кеңес Одағының басқа облыстарына, соның ішінде Омбыға – 98 адам, Челябинскіге – 274 адам, Самарқандқа – 23 адам, Ташкентке – 448 адам, Свердловскіге – 7 адам, Новосибирскіге – 146 адам, Ферғанаға – 65 адам, Куйбышевқа – 78 адам, Башқұртстанға – 31 адам, Чкаловқа – 92 адам, Алтай өлкесіне – 22 адам және басқа да облыстарға 27 адам кетті. 1941 жылдың 3 қарашасында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Котласта тұрып жатқан және поляк әскері жасақталып жатқан аудандардағы (Бузулук, Татищево, Тоцк) әскерге алынбайтын поляк азаматтарын, солтүстік облыстардағы кешірім алған поляктарды Қазақстанның Жамбыл, Семей және Оңтүстік Қазақстан облыстарына жіберу туралы қаулы (№ 865 сс.) қабылдады. Ал 8 желтоқсанда Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Қазақстанның теміржол бекеттеріне тағы да 25 мың поляк азаматын қоныстандыруға шешім қабылдады. Осылайша, поляк

азаматтарының Қазақстан жеріне келуі тоқтаусыз жүргізілді. 1941 жылғы 12 тамыздағы қаулы бойынша кешірім алған поляк азаматтарының Қазақстан жерінде орналасу географиясын көрсететін кестеге көз салайық [22].

**1941 жылдың аяғына дейін Қазақстанға келген поляктардың
облыстар бойынша қоныстануы**

Облыстар	Орналастырылған адам саны
Ақмола	2781
Ақтөбе	1542
Алматы	2113
Атырау	292
Жамбыл	3458
Қарағанды	560
Көкшетау	4624
Қостанай	3704
Қызылорда	215
Петропавл	6000
Павлодар	7000
Семей	3500
Талдықорған	1300
Шымкент	3712
Орал	140
Өскемен	-
Барлығы	43221

Поляк азаматтарына кешірім жарияланғаннан кейін арнайы қоныстарда тұрып жатқан поляктарға да Қазақстанға көшуге рұқсат берілді. Осылайша, арнайы қоныстардан Қазақстанға 61 092 поляк азаматы келіп қоныстанды.

**Арнайы қоныстардан босаған поляк азаматтарының
облыстар бойынша орналасуы**

Облыстар	Барлығы	Жас ерекшеліктері бойынша			
		Отбасылар саны	Ересек адамдар	60 жастан асқандар	16 жасқа дейінгі балалар
1	2	3	4	5	6
Солтүстік Қазақстан	20064	-	8820	-	жоқ
Қостанай	8705	2554	3886	613	3524

1	2	3	4	5	6
Павлодар	11411	3587	5250	706	5403
Ақтөбе	7092	-	3535	713	2919
Семей	7644	-	5553	819	1988
Ақмола	6176	1894	2170	689	2754
Барлығы	61092	-	29214	3540	16588

**Қазақстанда орналастырылған поляк азаматтарының
жалпы саны туралы 28.01.1942 жылғы мәлімет**

Облыстар	Орналастырылған адам саны
Оңтүстік Қазақстан	25998
Жамбыл	22051
Солтүстік Қазақстан	12362
Қостанай	5317
Павлодар	9233
Семей	9000
Ақтөбе	5646
Шығыс Қазақстан	454
Алматы	184
Қызылорда	1000
Қарағанды	373
Атырау	187
Батыс Қазақстан	159
Ақмола	7793
Ақмола-Қаратал теміржолының құрылысында жұмыс істейтіндер	4000
Барлығы	104207

Осы кешірім алған поляк азаматтарын ұжымдық және кеңестік шаруашылықтарға және өндіріс орындарына орналастыру жұмыстары да алдын ала қарастырылған болатын. Поляк азаматтары мен әскери қызметкерлерін өз мамандықтарына байланысты жұмыспен қамтамасыз ету жағына келсек, бұл мәселеге Кеңес өкіметі айрықша мән берген жоқ, ал жергілікті мекемелер кешірім алған соң, келіп орналасып жатқан поляктарға қолдарынан келген көмектерін аяған жоқ.

Арнайы қоныстанушыларды жұмысқа орналастыру

Облыстар	Барлық адам саны	Жұмысқа жіберілген орындар			
		Кеңшар	Ұжымшар	Өндіріс орындары	Мемлекеттік орындар
Солтүстік Қазақстан	20064	4000	16040	жоқ	жоқ
Павлодар	11411	5081	4763	1567	39
Қостанай	8705	2935	5737	15	30
Ақтөбе	7092	750	3017	54	106
Семей	7644	4376	1412	1570	286
Ақмола	6176	758	4559	493	271
Барлығы	61092	17900	35528	3699	732

КСРО Жоғарғы Кеңесінің 12 тамыздағы жарлығы негізінде Қазақстан жеріндегі арнайы қоныстарда тұрған және айдауда жүрген 31 590 адам кешірім алды (төмендегі кестені қараңыз).

12 тамыздағы қаулы бойынша кешірім алған Қазақстан жерінде айдауда жүрген поляк азаматтарының саны

Облыстар	Кешірім алғандар саны				Басқа облыстан келгендер
	Ер адамдар	Әйелдер	Балалар	Барлығы	
1	2	3	4	5	6
Қостанай	1427	3873	3682	8982	697
Атырау	56	4	4	64	-
Шығыс Қазақстан	123	176	111	410	-
Семей	1638	3189	2640	7467	276
Қызылорда	54	6	-	60	97
Жамбыл	2	-	-	2	654
Оңтүстік Қазақстан	213	129	-	342	524
Ақмола	1154	3107	3310	7571	344
Қарағанды	1793	1170	-	2963	106
Ақтөбе	8	3	-	11	236

1	2	3	4	5	6
Батыс Қазақстан	21	6	2	29	-
Солтүстік Қазақстан	13290	13290	6677	19967	58
Алматы	44	33	2	79	225
Барлығы	6533	11696	16428	47947	3217

Сондай-ақ 12 тамыздағы жарлық бойынша кешірім алған поляк азаматтары Кеңес Одағы жерінде еркін жүріп-түруға рұқсат алды, оларды шетелдік азаматтар қатарына жатқызып, уақытша төлқұжаттармен қамтамасыз ету жұмыстары қаралды. Польша елшілігі жүргізген жұмыстар бойынша 1941-1942 жылдары поляк азаматтарын есепке алу жұмыстары барысында 140 мың поляк азаматы төлқұжат алды. Олардың ішінде көбі офицерлердің отбасы мен шенеуніктер болды. Поляк елшілігінің құжаттары бойынша, барлық есепке алынған поляк азаматтарының саны 265 501 адам, соның ішінде РКФСР жерінде – 117 мың (оның 71 мыңы – Сібірде), Қазақстанда – 56 мың болды. Кейіннен Қазақстандағы поляк азаматтарының саны 71 789 адамға жетті, ал Орта Азияда 90 мың адам болды, сонымен қатар көптеген поляктар әлі есепке алынбаған еді. Мысалы, Ақбалықта (Қазақстан) 800 поляк отбасы тіпті поляк елшілігінен көмек алмақ түгілі, елшіліктің бар екенін де білмеген [9. 128-129 б.]. Ал осы кезде Ресейдің шалғай аудандарында жұмыс істеп жүрген 80 мың поляк азаматына төлқұжат берілген де жоқ.

Поляк әскерін Қазақстан мен Орта Азияға 1942 жылдың қаңтарында көшіру жоспарланды. 2 қаңтар күні Орта Азия әскери округының штабынан Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысына, республиканың әскери комиссарына 11500 адамнан тұратын поляк дивизиясын орналастыру үшін қатардағы құрамға шатырлар тігетін жері бар ауа райы жылы ауданды дайындау, дивизия штабындағы 100 адамды, жоғары шенді 900 офицерді және дивизия мектебіндегі 400 унтер-офицерді пәтермен қамтамасыз ету туралы жеделхат келді. Осы жұмысқа байланысты поляк әскерінің Бас штабы Қазақстанның барлық облыстық комиссариаттарында өз өкілдерін тағайындады: Оңтүстік Қазақстан облысына – поручик Майковский,

Жамбыл облысына – капитан Трояновский, Солтүстік Қазақстан облысына – капитан Яня, Қостанай облысына – капитан Романовский, Павлодар облысына – ротмистр Свенцидский, Семей облысына – поручик Рагин, Ақтөбе облысына – поручик Онешкевич, Шығыс Қазақстан облысына – капитан Кмижановский, Алматы облысына – поручик Гиженовский, Қарағанды облысына – подполковник Яцин, Ақмола облысына – поручик Щаблицкий жіберілді. Ал Гурьев облысы және Батыс Қазақстан облыстарына жіберілетін поляк өкілдері кейін қосымша хабарланатындығы ескертілді.

Поляк әскерін Қазақстан мен Орта Азияға көшіру басталғаннан кейін де кейбір жергілікті әскери комиссариаттар әскерге шақырылған поляктарды бұрынғыша Бузулук, Татищево сияқты ескі орындарға жіберіп жатты, мұның өзі де әжептәуір бейберекеттік туғызды. Мысалы, Ташкентке Орта Азия әскери штабының поляк армиясы бөлімшесіне келіп түскен мәліметте өз еркілерімен поляк армиясы қатарына өтініш білдірген 2 879 ерлер мен әйелдерді бір күндік тегін жолақысымен қамтамасыз етіп, ерлерді Татищевоға, әйелдерді Бузулукқа жіберу туралы шешім қабылдады. Ал сол кезде Павлодар қаласындағы әскери комиссариат поляк армиясына қабылдауға өтініш білдірген барлық поляк азаматтарын Бузулук, Тоцк және Татищево қалаларына жіберіп отырды. Ал кейін генерал Андерстің штаб басшысы поляк армиясының полковнигі Окулицкийдің Алматыдағы әскери комиссариатқа жолдаған жеделхатында: «Бузулук, Тоцк және Татищево жерлеріндегі поляк армиясына ешкім жіберілмесін. Өз еркімен армия қатарына келушілердің барлығы Өзбекстан жеріндегі Фараб бекетіне жіберілсін», – деген өтініш хаты келді [23].

1942 жылдың 3 ақпанында Орта Азия әскери округынан келген телефонограммада Қазақстан поляктарды жасақталып жатқан әскерге шақыру жұмысының негізгі орындаушысы болып саналатынын, сондықтан әскерге шақыру міндетінің орындалу барысын округтың штабына үздіксіз хабарлап тұру қажеттігі айтылды. Бұл кезде Қазақстанда поляк әскері қатарына шақыру жұмысы қызу жүріп жатқан еді. 1942 жылы қаңтар айының өзінде-ақ поляк әскеріне 114 офицер, 813 унтер-офицер және 2 341 қатардағы жауынгер есепке алынды. Сонымен қатар Қазақстан-

да поляк әскерінің қызметкерлері мен олардың отбасыларына республика жерлеріндегі жергілікті халықпен бірдей деңгейде жеңілдіктер жасалып және талаптарына қарай көмектер көрсетуге тырысты. Оларды әскер қатарына шақыру жұмыстары да Қызыл Әскердегі деңгеймен бірдей болды. Поляк әскеріне шақырылған немесе еркімен кіруге өтініш бергендердің барлығы жүйелі түрде есепке алынып, барлық құжаттарды әрбір облыстағы жергілікті поляк өкілдері қабылдап алды.

Луговая бекетінің әскери комиссариатының қызметкерлері Ішкі істер ұйымының өкілі Кирпиченкомен бірігіп жүргізген жұмыстарының қорытындысы бойынша аталған бекетке көшірілген поляк әскери бөлімшелеріне 1942 жылдың 26 ақпанына дейін 2 280 адам қабылданғаны анықталды (төмендегі кестені қараңыз).

Луговая бекетіндегі поляк әскери бөлімшелеріне жаңадан қабылданған толықтыру (26.02.42 жылғы мәлімет бойынша)

Әскери бөлімдер	Офицерлер	Унтер-офицерлер	Қатардағы жауынгерлер
Жаяу әскер дивизиясы	60	270	689
Артиллерия	16	76	373
Кавалерия	4	71	75
Бронетанк	1	15	92
Байланыс бөлімшесі	5	30	100
Саперлік бөлімше	6	25	120
Дәрігерлер	10	10	54
Арт-койма	3	8	10
Жандармерия	3	20	5
Әскери-теңіз флоты	-	7	13
Әскери-әуе флоты	-	10	20
Барлығы	108	553	1551

Меркіде әскери комиссариатының аға саяси жетекшісі Зубарев тексеруі бойынша, поляк дивизиясын құру жұмысын мынадай ретпен жүргізілетін болып шықты. Бұл жерде әскерге жинау пункті жұмыс істеуде екі тексеру комиссиясы бар. Әскер қатарына өз еркімен және арнайы шақырту арқылы келгендер әуелі есепке тұрулары керек, есепке алынбаса, әскерге жіберілмейді.

Есепке уақытымен тұрмай, сол үшін басқа бөлімшелерге кетіп қалғандар да баршылық екен. Сондықтан әрбір азамат есепке алынғаннан кейін оларға арнайы поляк әскеріне алынғаны туралы рұқсат қағазы беріледі. Одан кейін ғана олар жасақталып жатқан әрбір бөлімшеге жіберіледі. Поляк жағынан бұл жұмыстарды тек жоғары шенді өкілдер атқарады және барлық құжаттарды өз тілдерінде жазып бекітеді. 1942 жылдың қаңтар-ақпан айларында поляк әскерінің жаңадан құрылатын бөлімдеріне поляк азаматтарын шақыру ісі Қазақстанның барлық облыстарын қамтыды (төмендегі кестені қараңыз).

**Поляк әскеріне 1942 жылдың қаңтарында
шақырылғандардың саны туралы**

Әскери бөлімдер	Офицерлер	Унтер-офицерлер	Қатардағы жауынгерлер
Алматы	5	12	16
Жамбыл	17	233	635
Оңтүстік Қазақстан	24	213	473
Қызылорда	4	27	169
Солтүстік Қазақстан	23	153	417
Қарағанды	1	-	-
Ақмола	-	-	-
Семей	19	22	149
Шығыс Қазақстан	-	2	12
Павлодар	21	91	470
Барлығы	114	813	2341

1942 жылдың ақпан айының ортасына қарай құрылып жатқан әскерге 3969 поляк азаматы шақырылды. Жаңадан жасақталып жатқан поляк әскери бөлімдерін орналастыратын ғимараттар табу мәселесі айрықша күрделі болды. Өзбекстан, Қазақстан мен Қырғызстандағы Халық Комиссарлар Кеңесіне Мәскеуден: «Орта Азия әскери бөлімшесіне поляк армиясын орналастыруға штаб үйлері, мектептер, демалыс үйлері және жатақханалар пайдалануға берілсін, ал жоғары шенді офицерлерге жеке баспана берілсін», – деген нұсқау келді [24]. Осы нұсқауға орай шыққан Қазақ Кеңестік Республикасының Халық Комис-

сарлар Кеңесі мен Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің арнайы қаулысы бойынша, поляк әскери құрамдарын мынадай жерлерге орналастыратын болды:

– Түркістан-Сібір теміржолы бойындағы Отар бекетінде № 29 мектеп-интернатқа орналастыру;

– Түркістан-Сібір теміржолы бойындағы Луговая бекетінде облыстық кеңшар мектебіне және оның жатақханасына, № 33 теміржол мектебіне және оның жатақханасына орналастыру;

– Меркі ауданында аудандық клубқа, «Красный интернационал» кеңшарының клубына және «Красный Восток» кеңшарының клубына орналастыру;

– Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шоқпар, Түлкібас және Манкент елді мекендердегі пунктерге орналастыру.

Ал кейін мұндай жұмыстың өзі мардымсыз болғандықтан, генерал Андерс КСРО жеріндегі поляк әскерін құруға байланысты өкілетті жұмысты атқарушы генерал-майор Панфиловпен келіссөз жүргізе отырып, Орта Азия республикалары мен Қазақстанның оңтүстік аудандарында ауа райының жұмсақтығын ескеріп, қатардағы жауынгерлерді шатырларға орналастыруға тырысты. 1941 жылы 31 желтоқсанда В. Андерс А.П. Панфиловтың атына хат жазып, Керминдегі, Пахтаралдағы, Горчаководағы, Луговаядағы поляк гарнизондарының әрқайсысына 770 шатырдан, Отардағы, Қарабалтадағы, Қарасудағы гарнизондардың әрқайсысына 360 шатырдан, барлығы 4160 шатыр беруді өтінді. Бірақ поляк әскерін шатырлармен қамтамасыз ету мәселесі де бірден шешіле қоймады. Орта Азия әскери округы 3000 шатыр ғана тауып бере алатын болды, оның өзін әскерлерге орналасатын жерлерге жіберу қиындық туғызды. Кавказдан келуге тиісті шатырлар да кешікті. Ал шатырлар жетіспегендіктен және жауынгерлерді орналастыратын тұрақтың жоқтығынан әскерге шақырылғандардың басым бөлігі есепке алынып, «әскерге алынды» деген құжат алып, шақыру пунктері маңында қала берді. Осылайша, кейбір жаңадан жасақталатын дивизиялардың болашақ жауынгерлерін дивизия орналасатын жерге жинау да мүмкін болмай қалды. Сонымен қатар осындай шақырылғандардың саны көбейген сайын оларды әскери бөлімнің орналасқан жеріне жіберуге дейін азық-түлікпен, тұрақпен қамтамасыз ету мәселесі пайда болды [25].

Орта Азия аудандарының бекеттеріне орналастырылған мыңдаған поляк әскерлерін азық-түлікпен, әскери киім-кешекпен және қару-жарақпен қамтамасыз ету мүмкін болмағандықтан, оларды әскери дайындықтардан өткізудің өзі көздеген мақсатқа лайықты жүргізілмеді. Англиядан Поляк әскері үшін жіберілген киім-кешек пен жабдықтар екі ай бойы әскер орналасқан жаңа жерлерге жіберілмей Тоцк мен Бузулукта жатты, ал жаңадан жасқталып жатқан поляк дивизияларының жауынгерлері қысқы суыққа лайықты киіммен қамтамасыз етілмей, қиындық көріп жатты. Орта Азиядағы поляк дивизиялары орналастырылуға тиісті жерлердің кейбіреуі әскердің тұрағы болуға мүлде сай келмейтіні көрінді. 1942 жылдың 14 қаңтарында Поляк қолбасшыларымен байланысты іске асыратын Ішкі істер халық комиссариатының өкілі, қауіпсіздік капитаны Волковицкий 4-бөлімінің бастығы Г.С. Жуковқа 7-дивизияның аса қиын жағдайда екендігіне байланысты генерал Андерс бұл дивизияны Каган қаласына ауыстыруды сұрайды деп хабарлады. Шынында да, жазық, шөл далада тұрған Кермене негізгі бекеттен 6 шақырым алыста орналасқан, мұнда жергілікті халықтың тұрғын үйлерінен басқа бірнеше кішілеу ғимараттар ғана бар, олар әскердің штабын және дивизия мекемелерін орналастыруға мүлде жарамайды. Ауылдарда электр жарығы, таза су көздері де жоқ, жергілікті халық суды ашық арықтан алады. Бекеттер арасындағы жол қатынасы өте нашар, демек, бұл жердегі поляк бөлімі барлық басқа бөлімдерден оқшауланып қалады. Алайда кеңес әскери мекемелері бұл мәселені шешуге асықпады, ақыры, 7-дивизия қалып қойды.

Жаңадан құрылатын поляк дивизияларына кіруге ниеттенген поляктардың бір бөлігі әлі де Қызыл Әскер қатарында, жұмысшы батальондарында жүрген болатын. Кеңес-поляк комиссиясының тамыз айындағы отырысында қабылданған Қызыл Әскер қатарындағы поляк азаматтарын қайтару туралы шешім іс жүзіне аспай қалды. Ақыры, бұл мәселеге қатысты кеңес жағына арнайы хат жазуға тура келді. 1942 жылдың 21 қаңтарында Қызыл Әскердің Жоғарғы Қолбасшылығының өкілетті өкіліне Поляк әскери миссиясының басшысы генерал-майор Воликовский В. Андерстің атынан Қызыл Әскер қатарындағы поляктарды босату және поляк әскерінің орналасқан жеріне жеткізіп салу туралы

өтініш жасады. Алайда бұл хаттан кейін де Қызыл Әскер басшылары поляктарды босатуға асыққан жоқ. 1942 жылдың 30 қаңтарында генерал Андерс А.П. Панфиловқа өзі хат жазды: «Жаңа поляк дивизияларының құрылуына байланысты Қызыл Әскер қатарындағы тұрақты әскери бөлімдерде, арнаулы механикалық-құрылыс бөлімдері мен жұмысшы батальондарында жүрген поляк азаматтарын босату және тұтас эшелондармен поляк әскері құрамына жіберу туралы нұсқау беруіңізді өтінемін». Бұл эшелондар енді Қазақстанның Арыс бекеті мен Алматы қаласының теміржол бекетіне жіберілуге тиісті болды. Олар негізінен Қазақстан мен Өзбекстан жерінде құрылып жатқан бөлімдерге қосылады.

Кеңес-поляк одақтастық келісімі жасалғаннан кейін де әлі шешілмей, созылып келе жатқан бір мәселе бар. Поляктар Польшаның екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейінгі шекарасы бойынша Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның барлық тұрғындарын Польша азаматы деп санады және оларды тұтастай поляк әскері қатарына шақырды. Алайда кеңес жағы поляк әскеріне тек қана поляк ұлтының өкілдері кіруі керек деген пікірді ұстанды [26]. Поляк Консулдығы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Әскери комиссары генерал Щербаковқа жасақталып жатқан поляк әскеріне 1939 жылы Батыс Украина мен Батыс Белоруссия Кеңес Одағына қосылғанға дейін сол аймақтарда тұрған тұрғындардың барлығын, соның ішінде украин, беларусь, еврейлерді армия қатарына алу туралы өтініш жасады. Бірақ Мәскеуден келіп түскен жеделхатта «тек поляк азаматтарын қабылдаңдар» деген бұйрық берілді де, әскер қатарына тек қана поляк ұлтының өкілдері жіберілетін болды. Поляк әскерінің құрамы көбейтіліп, 96 мыңға жеткізілетіні туралы қаулы шыққан соң оған енді Польшада 1939 жылдың қыркүйегіне дейін тұрған басқа ұлт өкілдерін шақыруға рұқсат беріледі деген үміт туды. Алайда бұл мәселеде кеңес жағы қатаң саясат ұстады. «Әскерді Бузулуктан Янги-Юльға ауыстырардың алдында сол жаққа жіберілген подполковник Рудницкий кеңес өкіметі әскерге Польшаның аз ұлттарының өкілдерін алуға мүлде қарсы екендігін хабарлады, – деп жазды В. Андерс өзінің естеліктерінде, – Шақыру комиссары осындай нұсқаулар алған. Бұл ұстанымды генерал Панфилов 1942 жылдың 24 маусымында жазбаша нұс-

қауымен бекітті. ...Біз бұл жағдайға келісе алмайтын едік, өйткені 1941 жылдың 30 шілдесіндегі келісімшартта Полшаның барлық азаматтарын босату қажеттілігі айтылған болатын» [10, 242 б.].

Кеңес қауіпсіздік мекемелері поляк әскерінің барлық құжаттарын, шығарған бұйрықтарын тексеріп отырды. 1942 жылдың қаңтар айында генерал Андерс әскер бөлімдерін Орта Азия мен Қазақстанға көшіру, жауынгерлерді жаңа жерлерге орналастыру, азық-түлікпен, тұрақпен қамтамасыз ету сияқты ұйымдастыру жұмыстарымен айналысып жатқан кезде А.П. Панфилов пен Г.С. Жуков оған «Ожел Бялы» газетінің мазмұнына қатысты наразылығын білдірген хат жазды. Хатта: «Поляк әскерінің штабы шығаратын «Ожел Бялы» газетінің бетіндегі мақалаларда Кеңес Одағы жеріндегі Сізге тапсырылған әскердің жасақталу жағдайларын дұрыс бейнелемейді және Кеңес Одағына қатысты жағымсыз көзқарас байқалады. Мысалы, 1941 жылдың 7 желтоқсанындағы газеттің 1-санында басылған «Жоғарғы қолбасшы В. Сикорский» атты мақалада оның кеңес-поляк соғысы кезіндегі Қызыл Әскерге қарсы күресі атап көрсетіледі. 1941 жылдың 14 желтоқсанындағы 2-санында басылған «Поляктар соғыста» мақаласы Шишко-Богуш басқарған поляк бригадасы экспедициялық корпустың құрамында Финляндия жағында КСРО-ға қарсы соғысқа қатысу үшін құрылған деген жағымсыз және бұл жерде мүлде керек емес ескертуден басталады. Ал 26 желтоқсандағы 4-санында: «Генерал мырза, сіздің өмірбаяныңызда сіздің КСРО жеріндегі қызметіңіздің кейбір сәттерін сипаттауда шындықты бұрмалау орын алған», – деген сөздер болды. Хатта газеттің 1941 жылдың желтоқсанындағы әрбір санындағы мақалаларға ескерту жазылған.

Поляк әскерін құрудың осындай қиындықтарынан басқа тағы да бір күрделі және маңызды мәселесі толық шешілмеді: Ресей жерінде құрылған және Қазақстан мен Орта Азияда құрыла бастаған алты поляк дивизиясының біреуіне ғана (5-дивизия) тиісті қару-жарақтар жеткізілді, ал қалғандары әлі қаруландырылған жоқ. Поляк ғалымы Петр Жаронның еңбегіндегі мәліметтер бойынша, Кеңес өкіметі 5-дивизияға 8651 винтовка, 162 автомат, 162 пулемет, 81 граномет және 54 миномет, т.б. оқ-дәрілер берген [9, 137 б.]. «5-дивизияның өзі де толық қаруландырылған

жоқ, біз сонау 1941 жылдың күзінде алған қару-жарақтан басқа ештеңе алған жоқпыз», – деп жазды генерал Андерс өзінің естеліктерінде. Соған қарамастан поляк әскерінің штабы жасақталған және енді жасақталатын дивизиялардың жауынгерлерін әскери жаттығудан өткізу бағдарламасын жасап, дивизиялар штабтарына жіберді. Бағдарлама екі бөлімнен тұрды, біріншісінде дивизиялар қарусыз дайындық жасайды, екіншісі бойынша қару-жарақ алғаннан кейінгі дайындық жоспарланды. Жоспарда тактикалық дайындық, винтовка мен автоматтан атуға жаттығу сияқты тұрақты әскер бөлімдерін ұрысқа дайындаудың барлық түрлері қарастырылды. Қызыл Әскер Бас штабының поляк әскеріндегі байланыс офицері полковник Черствой әскери жаттығу жұмысының жүргізілу барысын тексеріп, А.П. Панфиловқа жаттығу жұмыстары негізінен 5-дивизияда толығымен, ал 6-дивизияда ішінара жүргізіліп жатыр деп хабарлады. Бірақ ол мұның өзі 5-дивизиядан басқа бөлімдердің қару-жарақпен жабдықталмауына байланысты болуы мүмкін екендігін еске алған жоқ. Черствой сонымен қатар поляк әскерін толықтыруға жаңадан келіп жатқан адамдар сүзек ауруын ала келгенін, гарнизондарда 1200-1500 адам ауру екенін, аурулардың 2-3 %-ы қайтыс болғанын хабарлады.

Жаңа жерге жетіп үлгерген поляк бөлімдері енді ғана жаттығуға кірісе бастаған кезде кеңес үкіметі 5-дивизияны майданға аттандыруға ниеттенді. 1942 жылдың 3 ақпанында қауіпсіздік майоры Г.С. Жуков генерал Андерске 5-дивизияны майданға жіберетін сәт келді деп хабарлап, поляк әскерінің жауынгерлік дайындығы қай уақытта толық деңгейіне жететінін сұрады. Генерал Андерс бүкіл поляк әскері соғысқа осы жылдың 1 маусымында дайын болады деп, осы мерзімге дейін жеке бөлімдерді майданға жіберуді қаламайтынын білдірді [17, 62 б.]. Поляк әскерінің майданға жіберуге толық дайындығының мерзімін белгілеу қиын сұрақ еді. Өйткені әскерді оңтүстік аудандарға көшіру жұмысы айрықша күрделі болып шықты. Көшіру 15 қаңтарда басталды, жоспар бойынша күніне 4 эшелон жіберіліп, бүкіл әскер құрамын 7-8 күнде белгіленген жерлерге жеткізу жобаланған болса да, көліктің жетіспеушілігіне байланысты күніне бір эшелонды зорға жіберіп отырды. Ақпанның алғашқы күндерінде Бузулукта және Тамбовта 8 эшелон әлі жіберілмей

жатты. Әскердің толық көшіп үлгермеуіне байланысты штаб ескі орында қала тұруға мәжбүр болды. Сонымен қатар әлі көшіріліп үлгермеген поляк бөлімдерінің жауынгерлеріне берілетін азық-түлікті қысқартып тастады. Поляк әскерінің штабы қаңтар айында ескі орнында қалған бөлімдер үшін 10 мың паек сұраған еді, оның орнына 5 мың жарты айлық паек ғана берілді.

Генерал Андерс кеңес жағының 5-дивизияны майданға жіберу туралы ойын мүлде қолдамады, өйткені ол соғыс қимылдарына поляк әскерінің біртұтас құрама ретінде қатысқанын қалады. Әйтсе де 4 ақпанда ол үкімет басшысы В. Сикорскийге жеделхат жіберіп, жағдайды хабарлады: «Кеңес үкіметі дайын болған поляк бөлімдерін, яғни кеңес үлгісі бойынша жарақтанған 5-дивизияны майданға аттандыруды дұрыс деп тауып отыр. ...Мен бұған мүлде қарсы екенімді айттым. Біздің жалғыз дивизия орасан көп кеңес дивизияларының арасынан мүлде көрінбей қалады, демек, бұл қадамның саяси және әскери тиімділігі жоқ. Поляк әскері барлық күштерін тұтас салып және табысқа жету мүмкіндігімен шайқасқа шығуы қажет. Сонда ғана оның әрекеті туған елімізде қолдау табады, ал біз саяси және әскери мақсаттарымызға жетеміз. Шайқасқа жеке дивизияны қатыстыру біздің бүкіл әскердің жауынгерлік рухын төмендетеді. Егер маған Бас қолбасшыдан осындай бұйрық берілетін болса, онда мен оның зардаптарын болдырмау үшін және өзіме бағыныштылардың алдында беделіме нұқсан келтірмес үшін осы дивизиямен бірге майданға баруға міндеттімін деп санаймын». 7 ақпанда Сикорскийден келген жауапта поляк дивизиялары жеке-жеке майданға жіберілмейтіндігі, Польша мен КСРО арасындағы келісім бойынша поляк әскері соғысқа біртұтас құрама ретінде қатысуға тиісті екендігі айтылды. Әрине, бұл жауап кеңес өкіметіне ұнаған жоқ.

Поляк әскерінің майданға жіберуге дайын еместігін, оның жабдықталу жағдайының әлі де нашарлығын Қызыл Әскер Бас штабының поляк әскеріндегі байланыс офицері полковник Черствойдың 1942 жылдың 10 наурызында А.П. Панфиловқа жіберген мәліметінен де байқауға болады: 65 274 адамнан құралған (3 432 офицер, 61 842 қатардағы жауынгер) әскерде, егер 26 ескі, нашар автокөлікті санамасак, көлік мүлде жоқ деуге болады.

Поляк әскери бөлімдері азық-түлік, отын-су, т.б. керек-жарақтарды тасу үшін сол маңдағы ауылдардан ат-арба жалдайды. Сондықтан әскери жаттығу өткізудің орнына жауынгерлер осындай қажетті керек-жарақты тасумен айналысады. Жауынгерлерді орналастыруға қажетті шатырлар жетіспейді. Әскерге жаңадан келгендерден сүзек жұғып, 2 мың адам ауырып жатыр, оларға әскери ауруханадан орын да жетіспейді. Офицерлердің асханасында көкөністер мен ет жоқ, тек әр адам басына 80 граммнан колбаса бөлінеді, офицерлер асханасының тамағы жауынгерлерге бөлінген паектан нашар екені көрінеді. Поляк әскерінде арнаулы дайындықтан өткен байланыс офицерлерінің жоқтығы салдарынан жеке бөлімшелер арасындағы байланыс өте нашар. В. Сикорский мен В. Андерстің поляк әскерінің жеке дивизиясын майданға аттандыруға қарсы болуына кеңес өкіметінің келісуі де осы жағдайды білгендіктен болар. Ал егер поляк әскери бөлімдері жақсы жабдықталып, шайқасқа кірісуге дайын тұрса, онда кеңес әскери басшылары поляк дивизиясын майданға жіберу идеясынан бірден бас тартпаған болар еді.

Кеңес Одағы жерінде жасақталып жатқан поляк әскерін азық-түлікпен, қару-жарақпен жабдықтауда Ұлыбританияның көмек көрсетуі туралы мәселе В. Сикорский бастаған Польша үкіметі мен ағылшын үкіметі арасындағы келіссөздерде қаралды. Поляк әскеріне арналған ағылшын тауарлары негізінен Иранға жіберуге тиісті болатын. 1942 жылдың 28 ақпанында генерал Андерс А.П. Панфиловтан Таяу және Орта Шығыстағы ағылшын базаларымен тікелей байланысты іске асырып отыру үшін поляк әскерінің штабында ағылшын байланыс офицерін қабылдауға рұқсат сұрады: «Жақын арада КСРО жеріндегі поляк әскерін қару-жарақпен және әскери киім-кешекпен қамтамасыз етуді ағылшындар өз мойнына алғандықтан, осы жұмыстарды анықтау жағдайымен Таяу Шығыстағы ағылшын базасында поляк әскері мен Англия арасында байланыс болмақ. Мен алған мәлімет бойынша поляк әскері үшін Иранға 700 тонна жүк келгендігі айтылған. Сізден өтінерім, генерал мырза, сонымен қатар осы жұмыстарды атқарушы және поляк әскерін құру ісіне шын берілген кісі ретінде ағылшын әскерінің полковнигі Галльсті (Hullsa) тағайындауыңызды сұраймын. Бұл офицерді қа-

зiрдің өзiнде Тегеранға жiберуге болар едi. Аса құрметпен Андерс». Ағылшындардың беретiн қару-жарағы қашан жiберiлетiнi белгiсiз болғандықтан 1 наурызда генерал Андерс А.П. Панфиловқа «Армия құру мен оны тез арада әскери дайындықтардан өткiзу жұмыстарына байланысты маған Лондонға барып, қайтарда Тегеран арқылы оралуыма рұқсат берулерiңiздi сұраймын» деген өтiнiш жасады [27]. Кеңес өкiметi В. Андерстiң Лондонға баруына рұқсат бердi және оған арнайы ұшақ бөлiндi. Генерал Андерс Лондонда В. Сокорскиймен кездесiп, поляк әскерiнiң жағдайын, оны Иранға көшiру мәселесiн талқылады. В. Андерстiң естелiктерi бойынша, осы кездесулер кезiнде В. Сикорский оны кеңес жерiндегi поляк әскерiнiң қолбасшысы болуымен қатар Таяу Шығыстағы әскерлердiң инспекторы етiп тағайындады.

1942 жылдың 10 наурызында генерал Андерс поляк әскерiне берiлетiн паяктың қысқартылып, 26 мыңға түсiрiлгенi туралы хабар алды. 70 мыңға жуық адамы бар поляк әскерi үшiн азық-түлiктiң мұншалықты қысқартылуы айтарлықтай ауыр шешiм болды. Генерал Андерс осы мәселе туралы тiкелей И. Сталинге хат жазды, хатқа жауап ретiнде Сталин оны Мәскеуге шақыртты [9, 140-141 б.]. 18 наурызда генерал Андерс пен поляк әскерiнiң штаб бастығы Мәскеуде Сталиннiң қабылдауында болды, кездесуге В.М. Молотов қатысып отырды. Сталин әуелi поляк әскерiнде қанша дивизия құрылғанын сұрады. Андерс 6 дивизия құрылғанын, бiрақ екi дивизиядан басқасының құрамы әлi толық құрылып бiтпегенiн айтты. Поляк әскерiн азық-түлiкпен қамтамасыз ету мәселесiн талдау барысында Сталин АҚШ және Англия үкiметтерi 1941 жылдың қыркүйегiнде Мәскеуде болған үш мемлекеттiң өкiлдерiнiң конференциясында Кеңес Одағына ай сайын 200 000 тонна астық жiберiп тұру туралы мiндеттi өз мойындарына алған болатын. Бiрақ осы уақытқа дейiн Тынық мұхитында жүрiп жатқан соғысқа байланысты тек 60 000 тонна астық жеткiзiлдi, сондықтан поляк әскерiне берiлетiн әскери көмек қысқартылғанын айта келiп, паяк санын 44 мыңға көбейте аламын дедi. Андерстiң қалған адамдарды немен тамақтандырамыз деген сұрағына Сталин оларды кеңшарларға жұмысқа жiберудi ұсынды. Андерс егер басқа мүмкiншiлiк болмаса, оларды Иранға көшiру керек дедi. Сталин бұл ұсынысқа қарсылық

білдірген жоқ, тек қана поляк әскері құрамының 44 мыңы Кеңес жерінде қалады деді. Кездесу барысында Сталин Андерстен поляк әскерінде қанша дивизия және нақты қанша адам бар екенін сұрады. Сталиннің бұл сұрақтарды қандай бір ішкі есеппен қойғанын түсіну қиын, алайда сол жылдың 14 наурызында Л. Берияның Сталинге поляк әскерінің адам саны, соның ішінде офицерлер, унтер-офицерлер мен қатардағы жауынгерлер саны, дивизия саны мен олардың қайсысы қандай дәрежеде жасақталып болғаны туралы соншалықты нақты хабарды жіберген болатын. Берияның хатында сонымен қатар поляк офицерлерінің көңіл күйі сипатталған, әр жерлерде айтқан сөздері берілген [28, 76-83 б.]. Берияның бұл хатын оқыған адам поляк әскері офицерлерін бірден-ақ Кеңес Одағына қарсы немесе жағымды көзқарастағы адамдар топтарына бөле алады. Осы хабарды біліп отырған Сталиннің поляк әскерінің бір бөлігін Иранға көшіруге және нақты 44 мың адамды алып қалуға келісе қоюында да өзіндік есеп бар деп ойлауға болады. Егер осы кездесуден кейінгі оқиғаларды еске алсақ, поляк әскерінің негізгі бөлігі Иранға аттандырылғаннан кейін Кеңес Одағында қалған бөлігіне жаңадан толықтыру жасап, 3. Берлингің басқаруындағы поляк бөлімі құрылғанын еске алсақ, Сталин 18 наурыздағы генерал Андерспен кездесуден бұрын-ақ өзіндік жоспарын жасап қойған деп жорамалдауға болады.

Генерал Андерс поляк әскерін Иранға көшіруде жүргізілген жұмыстар мен ұйымдастыру істеріне байланысты Кеңес Одағы үкіметі басшыларына ешқандай талаптары жоқ екендігін айтып, поляк әскерінің бірқатар бөлімдері Иранға көшірілгеннен кейін Кеңес Одағында қалған әскердің саны 44 мың болады деп келісті. Осы жерде қалған әскерді қайта ұйымдастырғанда оның құрамында мынадай бөлімдер болады деп белгіленді:

- армия штабы мен қызмет көрсету тобы;
- 5, 6 және 7-жаяу әскер дивизиясы;
- әскери оқу орталықтары;
- қосалқы полктар;
- артиллерия мектебі;
- арнайы батальондар;
- байланыс батальоны;
- саперлік батальон.

Бұл бөлімдер Орта Азия әскери округына қарасты төмендегідей жерлерде орналасады:

- армия штабы мен командасы – Янги-Юль;
- офицерлік оқу мектебі – Веревск;
- қосалқы полк – Гузар;
- 5-жаяу әскер дивизиясы – Жалал-Абад;
- 6-жаяу әскер дивизиясы – Кермине;
- 7-жаяу әскер дивизиясы – Шахриязбз;
- артиллерия мектебі – Қарасу;
- байланыс батальоны – Велико-Алексеевск.

Кеңес-поляк комиссиясы поляк әскерінің Веревск, Велико-Алексеевск, Шоқпар, Маргелан, Құлан (Луговое), Отар, Қарабалтада орналасқан 8, 9 және 10-жаяу әскер дивизияларын көшіру мәселелерін талқылады. Көшірілетін бөлімдердің адам санын, керек-жарақ мүлкін, т.б. материалдық иеліктерін есепке алу жұмысы 1942 жылдың 1 сәуіріне дейін аяқталуға тиісті. Орта Азия әскери бөлімшесінің штаб басшылары олардан қалған заттай мүліктер мен вагондар саны туралы және оларды тасымалдау туралы хабарлап отырады. Ал вагондарды Иранға жөнелту туралы өтініштердің барлығын бөлімше қызметкерлері Қызыл Әскердің Бас штабымен байланыс жасай отырып, іске асырады. Поляк әскерінің қызметкерлерін, автокөлік жүргізушілерін тексеру комиссиялары тізімге алады, поляк әскерінің штаб бастығы генерал-майор З. Бохуш-Шишко қол қойған соң бұл тізімдер НКВД өкілдеріне және шекаралық пункт қызметкерлеріне тапсырылады. Поляк бөлімдері Иранға Красноводск және Гуадун арқылы өткізіледі. Олар өздерімен шекарадан қару-жарақ, киім-кешек, азық-түлік және дәрі-дәрмек алып өтуіне болады. Поляк әскеріне қажетті осы заттардың тізімі НКВД бас офицерлері рұқсат бергеннен кейін ғана шекаралық басшыларға ресми түрде тапсырылады. Шекараға тасымалданған жүктердің барлығы Гуадунда НКВД офицерлері тарапынан тізімге сәйкестендіріліп түгел тексеріледі. Жүктерді тексеру барысында тізімге сәйкес келмеген заттар кеңестік шекаралық қызметкерлер тарапынан тәркіленеді.

Отырыста алдағы уақытта КСРО жеріндегі поляк әскери қызметкерлері мен азаматтарының қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда дереу тұтқынға алынып, Кеңестік Әскери трибуна-

лының сотына тапсырылатыны хабарланды. Генерал Андерс қауіпсіздік майоры Г.С. Жуковтың хабарламасын қабылдап, поляк армиясының әскери қызметкерлері тарапынан болатын қылмыстарға қарсы күрес жүргізуге уәде берді және поляк әскери соты 357 поляк әскери қызметкерін жазаға тартқанын хабарлады.

Комиссия поляк әскери бөлімдері ұйымдастырылған түрде Иранға көшірілгеннен кейін де Кеңес Одағында поляк азаматтарын әскер қатарына шақыру ісі тоқталмайды деп хабарлады. Генерал Андерс жергілікті жерлерде поляк азаматтарын әскерге тіркейтін поляк офицерлерін қалдыруды өтінді. Комиссия бұл өтінішті жоғары жақ қарап, шешеді және қандай шешім болса да, ол генерал Андерске хабарланады деді.

Поляк әскерін Орта Азия арқылы Иранға көшіру генерал Андерс және басқа да қолбасшылар үшін, *біріншіден*, ауа райы жайлы жерге ауыстыру болса, *екіншіден*, Иран ауған шекарасындағы ағылшын жабдықтау орталығына жақындау болатын. Дегенмен жазы қанша ыстық болса, қысы соншалықты суық болатын Қазақстан мен Орта Азия республикаларының ауа райы еуропалықтарға өте қолайсыз болды. Бұл жерлердің көбі күмды, боранды болғандықтан поляк әскері арасында безгек ауруымен қатар жұқпалы іш аурулары, сары ауру, сүзек басталды. 1942 жылдың қаңтар айында Шоқпарта орналасқан бір дивизия Орта Азияға аттандырылған соң мұнда қалған 800 поляк тек жазғы айларда ғана тұруға лайықталған барактар мен пионер лагеріне орналастырылды. Қаңтар айында осы Шоқпар бекетіндегі поляк әскері арасында бөртпе сүзек індеті тарады. Сондай-ақ теміржол ғимараттарының қосалқы бөлмелеріне орналастырылған поляк азаматтары да осы бөртпе сүзекпен ауырғандықтан бұл жұқпалы ауру жергілікті теміржол жұмысшыларына да ауысты. Шоқпарта ауырған адамдарға дәрігерлік көмек көрсету мүмкіндігі болмағандықтан, оларды қарлы қыста Орта Азия Әскери округының қарауындағы басқа жерлерге жөнелтіп жатты. Түркістан-Сібір теміржол бекетінің басшысы Брекунец Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Оңдасыновқа осы жұқпалы аурудың алдын алу үшін індетке қарсы дәрігерлік жұмыстар жүргізілуін талап еткен мәлімдеме жіберді. Онда індетке қарсы келесі іс-шараларды жүргізу көрсетілді:

1. Оңтүстік Қазақстан облысындағы поляк дивизиялары орналастырылған орындардың барлығына дерлік денсаулық сақтау бөлімшесінің жанынан арнайы комиссия құрылып, тексеру жұмысын тез арада қолға алуын сұраймыз.

2. Поляк азаматтарын облыстық денсаулық сақтау бөлімі арқылы түгел дәрігерлік тексеруден өткеннен кейін ғана Орта Азия Әскери округы қарамағына жіберу қатаң түрде қадағалануы қажет.

3. Поляк азаматтары орналастырылған барактар, пионерлер лагерлері мен теміржол үйлерін уақытша босатып, поляк дивизиялары жасақталып жатқан орындарға толық тазарту (дезинфекция) жасалсын.

Аз ғана уақыттың ішінде жұқпалы бөртпе сүзек ауруы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан-Сібір теміржол бекеттерінің барлығын қамтыды. Ал Шоқпар бекеті әскер қатарына шақырылған поляк азаматтарын жинау орталығы болғандықтан поляк азаматтары Орта Азия Әскери округы қарауындағы дивизияларға бару үшін тағы екінші рет дәрігерлік тексеруден өтуге тиісті болды. Олар уақытша аялдаған барактардың іші мен оның айналасы, яғни ауласы адам төзгісіз өте лас күйде еді. Бұл жұқпалы бөртпе сүзекпен ауырғандардың саны көбейген кезде оларды шатырларға орналастырды, мұның өзі аурулардың жағдайын тым нашарлатты, олардың өкпелеріне суық тиіп, мұның ақыры адам өлімін жиілетіп жіберді. Сонымен, наурыз айының ортасына қарай бөртпе сүзекпен ауырып өлімше халге түскен 200 адамды Орта Азия Әскери округы штабының нұсқауымен уақытша Манкент бекетіндегі әскери ауруханаға жатқызуды ұйғарды. Тап осы кезде бұл ауруханада бөртпе сүзекпен ауырғандардың көптігінен аяқ алып жүргісіз еді.

Наурыз айының соңына қарай Шоқпар бекетінен дивизия түгел көшірілгеннен кейін Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау бөлімшесі бұл ауданды толық дәрігерлік тексеруден өткізу үшін арнайы комиссия жіберді. Ал 1 сәуірдегі тексерістің қорытындысы бойынша, Шоқпар бекетінде бар-жоғы 4 ауру ғана қалған, ал дивизия орналасқан тау-кен қоныстарындағы барактарда бөртпе сүзекпен ауырған 304 адам болды. Высокое бекетіндегі (Шоқпартан 3 км жерде) поляк әскери ауруханасында 184 ауру адам жатты. Сондай-ақ барлық жер кір-

ден әбден тазаланған екен. Бұған қоса поляк әскери қолбасшылары жақын арада барлық жерде дәрігерлік тазалық сақталатындығына уәде берді. Ал денсаулық сақтау халық комиссариатының жүкпалы індетке қарсы көмек қоры бұл жерге 50 төсек, матрастар және көрпе-жастықтар, т.б. бөлді. Орта Азия Әскери округының денсаулық сақтау басқармасының бастығы Павловский де поляк әскери басшыларымен ақылдаса отырып бұл індеттің алдын алу шараларын жүргізуге уәде берді [29].

Сонымен, 1942 жылдың ақпан – тамыз айлары аралығында поляк әскерінде 10 мыңға жуық адам аурудан қайтыс болды. Ал әскери ауруханаларда жатқандардың саны 47 500 адамға жетті. Бұл мәселеде ғалым К. Розен-Завадскийдің: «Поляк әскерінің майданға өз аяғымен барулары әлі алыс, олар соғысқа қатыспай жатып-ақ жүкпалы аурудан өте үлкен шығынға ұшырады. Әрине, бұл поляк әскері үшін үлкен күйреу, бұл соғыс майданынан жеңіліс тапқаннан да ауыр» [9, 147 б.], – деген сөздерімен әбден келісуге болады. 19 наурызда генерал Андерс армияны Иранға көшіру туралы арнайы бұйрық шығарды. Кеңес-поляк комиссиясы белгіленген рет бойынша, Кеңес Одағы жеріндегі поляк әскері Иранға көшірілгеннен кейін кеңес жерінде үш дивизия (5, 6 және 7), оқу орталығы, қосалқы полк, артиллерия мектебі, арнайы батальон, байланыс және саперлік батальондар, жалпы саны 44 мың адам қалады деп көрсетілді. Кеңес жерінде қалған әскерді одан әрі ұйымдастыру және әскер қатарына шақыру жұмыстарының барлығы Гузар бекетінде жүргізіледі, ал Красноводскідегі әскери базадан ағылшындардың Пехлеви мен Каспий теңізі маңындағы әскери базасына 8, 9 және 10-жаяу әскер дивизиялары көшіріледі.

Наурыздың аяғы, сәуірдің басында Красноводскідегі әскери базадан 31 488 поляк жауынгерлері мен офицерлері, олармен бірге 12455 поляк әскери қызметкерінің отбасылары көшірілді. Поляк әскері Иранға Красноводск арқылы Каспий флотилиясының кемелерімен тасылды. 2 сәуірде генерал-майор А.П. Панфиловқа тапсырылған хабарламада поляк әскерінің бір бөлігі Иранға көшірілгеннен кейін кеңес жеріндегі поляк әскерінде 40 927 адам қалды, оның ішінде 2 215 офицер, 37 092 унтер-офицерлер мен қатардағы жауынгерлер, 59 әскери шенеунік, 723 еріктілік

негізінде әскерде қызмет ететін әйел, 28 жас ерікті деп көрсетілді. Сәуір айында кеңес өкіметі поляк әскерін Иранға көшіру жұмыстарын да, поляк әскеріне шақыру жұмыстарын да тоқтатты.

1942 жылдың 11 мамырында Кеңес Одағы жеріндегі поляк әскері штабының бастығы генерал-майор З. Шишко-Бохуш А.П. Панфиловқа Польша үкіметінің генерал-лейтенант Андерсті КСРО мен Иранда орналасқан Поляк Қарулы күштерінің Бас қолбасшысы етіп тағайындағанын, сонымен қатар оған Ливия мен Палестинадағы Поляк моторлы корпусына бақылау жасау міндеті де жүктелгенін хабарлап, генерал Андерстің атынан поляк әскеріне шақыруды тоқтатпау туралы өтініш жасады. «Осыған байланысты генерал Андерстің маған тапсырған бұйрығы бойынша КСРО үкіметінде поляк азаматтарын армия қатарына шақыру және оларды Иранға көшіру жұмыстарының тоқталмауы қажет, – деп жазды З. Шишко-Бохуш, – Бұл ағылшындардың поляк армиясын жақын арада қару-жарақпен қамтамасыз ету жұмыстарына Иран-Польша әскери корпусы үшін өте тиімді болмақ. Ал осы әскер қатарындағыларды қару-жарақпен, автокөлікпен қамтамасыз ету 20 мамырда Андерс Лондоннан оралған соң шешіlmек. Қазіргі кездің өзінде Кеңес Одағындағы поляк әскерінің саны 40 мыңнан асып отыр. Генерал мырза, Сізден әскерді Иранға көшіру ісіне байланысты жергілікті қиыншылықтарға қарамай аудандық әскери бөлімдерде поляк азаматтарын әскер қатарына шақыру ісінің тоқталмауын сұраймын» [30].

Генерал Андерс поляк армиясы Қорғаныс Күштері Бас қолбасшысы болып тағайындалғаннан кейін Ирандағы Мешхед қаласында поляк әскері үшін әскери база салу ісін жүзеге асыруға кірісті. Ол осы мақсатпен 1942 жылы 15 маусымда генерал-майор А.П. Панфиловқа арнайы өз өтінішін білдірді: «Англиядан поляк әскері үшін келетін жүкті (қару-жарақ, әскери киім-кешек) түсіріп алуға қажетті жабдықтау базасын ұйымдастыру ісіне рұқсат беруіңізді сұраймын. Поляк әскерінің басшылары мен менің пікірім бойынша ең тиімді орын Ирандағы Мешхед қаласы, яғни мұнда Тегераннан теміржол жүргізілген және Захеданнан жүргізілген тасжол арқылы Үндістандағы әскери жабдықтар қоймасымен байланыс жасауға мүмкіндік береді. Әскери

базаны оның материалдық жақтарымен жете таныс құрам басқармақ, онда 58 офицер, 763 унтер-офицер және механиктер, қару ісі шеберлері, көлік жүргізушілер сияқты әртүрлі мамандық иелері бар. Генерал мырза, сізден Мешхед қаласында поляк әскері үшін жабдықтау базасын салуға КСРО үкіметі тарапынан рұқсат алуға көмектесуіңізді сұраймын. ...Сондай-ақ Англиядан Иранға әскери база құрамына бекітілген офицерлер мен арнайы мамандарға шығыстағы біздің әскери орында жұмыс істеуі үшін арнайы рұқсат құжатын (виза) беруіңізді сұраймын. Олардың аты-жөні тіркелген құжат Мешхед қаласына келгеннен кейін сізге арнайы тапсырылады. Қазірше біздің орталығымыз Аш-хабадта болмақ» [31].

Кеңес Одағында қалып қойған поляк әскерінің отбасылары мен басқа да әскерде жоқ поляк азаматтарын қоса Иранға көшіруге рұқсат алу әжептәуір күрделі мәселе болды. Алайда бұл мәселе Ұлыбритания премьер-министрі У. Черчилльдің араласуымен шешілді. 1942 жылы 26 маусымда Янги-Юльге Г.С. Жуковтан: «Кеңес үкіметі КСРО жеріндегі поляк армиясының Орта Азиядан Таяу Шығысқа көшірілуі туралы мәселеге қарсы емес», – деген хабар келді. Осы маусым айында Ташкент қаласында біріккен комиссияның поляк әскерін Иран жеріне көшіру туралы арнайы отырысы болып өтті. Мұнда Кеңес Одағынан Иранға көшірілетін поляк әскерінің саны оның отбасы мүшелерін қоса есептегенде 70 мың адамнан аспауы керек, көшіру жұмыстары 1942 жылдың 5 – 25 тамызы аралығында жүргізілсін, кеңестік жақтан көлік Красноводскіге дейін барып, ал одан әрі британдық жолмен Иранға жеткізілсін деген шешім қабылданды. У. Черчилль 1942 жылдың 18 шілдесінде жазған хатында И. Сталиннен поляк әскерімен қосыла әйелдер мен балалардың да көшірілуіне қарсы болмауын өтінді: «Премьер Сталин, сіздің жағыңыздан ілтипаттылықпен ұсынылған үш поляк дивизиясының Палестинадағы отандастарына қосылғаны біздің мүдделерімізге сай келетініне мен сенімдімін, ол жерде біз оларды толық қаруландыра аламыз. Олар болашақтағы күресте маңызды рөл атқаратын болады... Поляктардың жауынгерлік паектың арқасында өмір сүріп жатқан әйелдер мен балалардың әжептәуір бөлігін қоса ала кетуге ниеттенуіне бола Сіз ұсынған және біз жоғары бағалайтын жоба іске аспай қалмай-

тын шығар деп үміттенемін». Поляк әскерін Кеңес Одағынан Иранға көшіру жұмыстары 1942 жылдың қыркүйек айында аяқталды. Иранға жалпы саны 104 902 адам, соның ішінде 66 527 поляк офицерлері мен жауынгерлері, 38 375 поляк азаматы көшірілді. 1942 жылдың 22 қазанында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің Кеңес Одағы жерінде поляк әскерін құруға жауапты өкілі қауіпсіздік майоры Г.С. Жуков Қазақ Кеңестік Республикасының Әскери комиссарына поляк әскерін Иранға көшіру аяқталды деп хабарлады. 23 қарашада Республикалық әскери комиссариат барлық облыстық комиссарларға: «Поляк әскері мен әскери қызметкерлерінің отбасыларын Кеңес Одағынан Иранға көшіру аяқталды, сондықтан поляк азаматтарына жолжүріс құжаттарын беруге тыйым салынады», – деген бұйрық жіберді.

Андерстің әскері Шығыстағы поляк әскерінің бөлімдерімен бірігіп, әуелі «Шығыстағы Поляк әскері», кейіннен 2-поляк корпусы деп аталды. Кеңес Одағынан келген бөлімдер негізінен Ирактың солтүстік және орталық аймақтарына орналастырылды. Кеңес жерінен келген әскери бөлімдердің қатарында аурулар болғандықтан, бұл жерде де аурудан өлгендер баршылық еді. Генерал В. Андерс басқарған 2-поляк корпусында 2 жаяу әскер дивизиясы, бронетанк дивизиясы, атқыштар дивизиясы, 3 артиллерия полкы, Карпат кландарының полкы, сапёрлар полкы болды. 1943 жылы бұл 53 мың адамы бар, толығымен моторландырылған корпус болды. 1943 жылдың тамызында корпус Палестинаға ауыстырылды да, жаттығулар өткізді. Осыдан кейін поляк корпусы Италия жеріндегі шайқастарға қатысты [32, 43-48 б.].

Польша басшыларының кеңес жерінен поляк әскерін жылдам алып кетуге ұмтылуының бір ұшығы поляк бөлімдерін жеке-жеке кеңес-герман майданының ең бір ауыр жерлерінде шайқасқа салып, қырып жібере ме деп сескенгендікте жатқан шығар. Шындығына келер болсақ, кеңес жерінде поляк әскерін ұйымдастыру өте ауыр қиындықтармен жүрді, ал кеңес шенеуніктері бұл қиыншылықтарды жоюға аса үлкен жауапкершілікпен қараған жоқ. Генерал Андерстің ойынша, «әскер майданға аттанған күннің өзінде ең нашар, ұйымдастырылмаған жерлерге түсіп, жауынгерлердің көп бөлігінің бірде-бірі оқ атпай өліп

кетуі» мүмкін еді. Поляк әскерін Иранға көшіру жобасын айрықша табанды түрде ұстанған генерал Андерс еді, оның басты мақсаты Сталиннің уысынан поляк әскерін тезірек алып кету болды. Премьер-министр В. Сикорский де әскерді Кеңес Одағынан Иранға алып шығу поляк әскери тұтқындарын және жер аударылған азаматтарды босатып алуға мүмкіндік береді деп санаған тәрізді. В. Сикорский мен В. Андерстің кеңес жеріндегі түрмелер мен лагерьлерде, арнайы қоныстарда аштықтан, аурудан, азаптан өліп кетуі мүмкін қаншалықты әйелдер мен балаларды Иранға алып кетіп, аман алып қалғанын еске алсақ, бұл шешімге тоқтауы қателік немесе КСРО әскери көмегін бағалай алмаушылық деп айтуға болар ма екен.

Андерс басқарған поляк әскерін Кеңес Одағы жерінен Иранға алып кетудің тағы бір себебі Ұлыбритания басшыларының Таяу Шығыстағы мұнайлы иеліктерінің қорғанысын күшейту ниетімен де байланысты. 1941 жылдың тамыз айында У. Черчилль В. Сикорскиймен әңгімесінде кеңес жерінде жасақталып жатқан поляк әскери бөлімдерін ағылшындармен байланысты іске асыруға ыңғайлы жерлерге орналастырылса деген ой айтқан еді. Поляк армиясын Кеңес Одағынан тысқары келісімшартына қарама-қайшы келсе де, В. Сикорский соған келісті. Алайда поляк әскерінің Иранға көшірілуіне ағылшындардың тілегі тікелей себеп болды дей алмаймыз. Өйткені антигитлерлік одақтың нацистік Германия талқандалғанша берік болып тұруына Ұлыбритания да, АҚШ та, Кеңес Одағы да мүдделі болды, сондықтан У. Черчилль кеңес-поляк қатынастарын бұзуы мүмкін, тіпті кеңес-ағылшын қатынастарына да салқынын тигізуі мүмкін әрекетке барар ма еді? Осы жерде тағы да И. Сталиннің аса айлакерлігі, ақылдылығы, көрегендігі және өз мақсаттарына жету жолындағы табандылығы еске түседі. Ол өзінің алдағы әрбір қадамын алдын ала есептеп, әрбір сөзін белгілі бір мақсатпен айтатын адам. Егер Андерс әскері Иранға кеткеннен кейін кеңес үкіметінің жылдам арада жаңадан поляк бөлімдерін құрып, оны жақсы қаруландырып, Кеңес Одағына жақсы көзқарастағы поляк офицерлеріне басқартып, майданға аттандырығанын еске алсақ, сонымен қатар Польшаның жерінде коммунистік топтардың басқаруындағы «Людово армиясы» деп аталған

бөлімді құру, ақыры соғыстан кейін Польшаны социалистік лагерьге қосып алу сияқты ірі қадамдардың барлығы сонау 1942 жылы жоспарланбағанына кім кепіл?

Поляк әскерінің осылайша кеңес-герман майданына қатыспай Таяу Шығысқа көшірілуі Кеңес Одағы мен Лондондағы поляк үкіметінің арақатынасын біршама нашарлатып жіберді. Польша үкіметі 1942 жылдың 27 тамызында КСРО елшісіне ұсынған үндеуінде кеңес жерінде поляк әскерін құрудағы қиындықтарға байланысты жайттардың барлығына Кеңес үкіметін айыптады, қарудың болмауынан, әскерді жабдықтаудың нашарлығынан поляк дивизиялары майданға бармай қалды деп тұжырымдады. Ал бұған кеңес жағы 1942 жылы 31 қазанда берген жауабында поляк әскерін құру жұмыстарына байланысты кеңес үкіметі қолынан келген барлық жағдайды жасады, 1941 жылғы 30 шілдедегі кеңес-поляк келісімшартының талаптарына сай міндеттерін орындады, ал материалдық және азық-түлік қиындықтары кеңес-герман соғысына байланысты шешілмей қалды, ал поляк басшылары кеңес жерінде жасақталған әскери бөлімдерді майданға аттандыруды үнемі кейінге қалдырып отырды деген айыптар тақты. Сонымен, поляк әскерінің Кеңес Одағынан көшірілуі кеңес-поляк қатынастарын дағдарысқа ұшыратса да, екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстардың үзілуіне жол бермеді.

Поляк тарихшыларының бірқатары Кеңес Одағындағы поляк әскерін Иранға көшіру үлкен дипломатиялық қателік болды деп санайды. Біздің ойымызша, қателік екі жақтан да болды. Кеңес өкіметі поляк әскерін құруға келіскеннен кейін әскер бөлімдерін жасақтауға көбірек көңіл бөліп, 1939 жылғы тамыз-қыркүйектегі Польшаға жасалған әділетсіздікті еске ала отырып, поляктармен тіл табысуға барлық мүмкіншіліктерді пайдалануы керек еді. Алайда поляк әскерін Иранға 1942 жылы алып кетпесе де, 1943 жылғы Катынь мәселесіне байланысты кеңес-поляк қатынастарының бұзылуы бәрібір болмай қалмас еді.

Қазақстанның облыстық әскери комитеттері Андерс әскері Иранға көшірілгеннен кейін де поляктарды әскерге шақыруды және еріктілерді қабылдауды тоқтатқан жоқ. 1942 жылдың 11 маусымында республиканың Әскери комиссариаты барлық

облыстық әскери комиссарларға құпия жеделхат жіберді. Онда Орта Азия Әскери округының немесе Республикалық Әскери комиссариаттың арнаулы бұйрығы шыққанға дейін поляктарды әскерге шақыруды тоқтата тұру бұйырылды.

Андерстің әскерімен бірге Иранға кетпей Кенес Одағында қалып қойған офицерлер 1943 жылдың 15 наурызынан бастап Ванда Василевская басқарған Поляк патриоттарының одағына (Związek Patriotów Polskich) кірді.

1943 жылдың 6 мамырында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің «Тадеуш Костюшко атындағы 1-поляк жаяу әскер дивизиясын құру туралы» бұйрығы (№ 3294) шықты. Дивизияның қолбасшысы болып полковник Зыгмунт Берлинг тағайындалды. 13 мамырда Қазақстанның Республикалық әскери комиссариаты барлық облыстық комиссарларға құпия бұйрық жіберді. Бұйрық бойынша:

1. 1943 жылдың 15 мамырынан 5 маусымына дейін барлық бұрынғы поляк азаматтары әскерге шақырылсын:

– 50 жасқа дейінгі және 50-ді қоса барлық жоғарғы және орта басшылық құрам;

– 45 жасқа дейінгі және 45-ті қоса барлық кіші басшылық құрам;

– 18 – 40 жас аралығындағы қатардағы құрам.

2. Осы ретпен Ішкі істер халық комиссариатына қоса барлық халық комиссариаттарының құрылыс батальондары мен құрылыс колонналарындағы бұрынғы поляк азаматтары шақырылсын.

3. Ұлты поляк емес бұрынғы Польша азаматтары, сондай-ақ КСРО жергілікті тұрғындары – поляктар да еріктілік негізінде поляк бөлімдеріне жіберілсін. Ерікті түрде поляк әскеріне барғысы келмегендер жұмысшы колонналарына жіберілсін.

4. Шақыру науқанын жүргізген кезде шақырылғандарға мынаны түсіндіру қажет:

– олар КСРО жерінде жасақталатын поляк бөлімдеріне жіберіледі;

– поляк бөлімдеріне шақырылғандардың отбасылары Қызыл Әскер қатарындағылар үшін берілетін барлық жеңілдіктерді пайдаланатын болады.

7. Жасақталатын поляк әскерін қылмыстық жау элементтерден қорғау үшін бұрынғы поляк азаматтарын әскерге шақырғанда НКВД мекемелерімен тығыз байланыс жасау қажет.

8. Барлық қорларды толық анықтауды ескере отырып, шақыру жұмысы 25 мамырдан кешіктірмей толық аяқталуға тиісті. Шақырылғандар Ленин теміржолының Дивово бекетіне, Селецк лагеріне жіберілісін.

Мамыр айының ортасында Рязань түбінде Селецк әскери лагерінде 1-поляк жаяу әскер дивизиясын құру басталды. 1943 жылдың 19 шілдесіндегі мәлімет бойынша, Қазақстан жерінен жоғарғы басшылық құрамға 2106 поляк азаматы шақырылды, олардың ішінде жоғарғы басшылық құрамына жататындар үшеу-ақ болды.

Дивизияны жасақтаудағы күрделі мәселе оны офицерлермен жабдықтау болды. Офицерлерді кіші басшылық құрамнан жылдам арада әскери курстар мен мектептерде оқыту арқылы дайындады. 12 шілдеде Қазақстаннан шақырылған 100 поляк азаматы Рязаньдағы жаяу әскер офицерлерін дайындайтын мектепке жіберілді. 1943 жылдың 4 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша, 1350 адам шақырылып, медициналық тексеруден өткен соң оның 847-сі әскерге алынды, сержанттар қатарынан 125 адам офицерлік мектепке жіберілді. Кеңес үкіметі ендігі жерде поляк әскерінің жасақталуына айрықша мән берді. 1943 жылдың қыркүйек айында поляк әскеріне шақыру мәліметтерін Қазақстанның Әскери комиссариаты орталыққа күн сайын хабарлап отырды. Поляк әскеріне адам жетіспеушілігінің салдарынан кеңес өкіметі жазалап, түрмелерде отырған поляк азаматтарын әскерге шақыруға мәжбүр болды. Қазан – желтоқсан айларында Қарағанды, Павлодар түрмелеріндегі поляктардың тізімі жасалып, олар түрмелерден босатылған бойда әскерге жіберілді.

1943 жылдың тамыз айында Тадеуш Костюшко атындағы 1-поляк жаяу әскер дивизиясы, Вестерплатт батырлары атындағы 1-поляк танк полкы және «Варшава» шабуылшы авиация полкы біріктіріліп, генерал-майор З. Берлингтің қолбасшылығымен бірінші поляк корпусы құрылды. Тадеуш Костюшко атындағы 1-поляк жаяу әскер дивизиясы 33-кеңес әскерінің құрамында 1943 жылдың қазанында Белоруссия жеріндегі шайқастарға қатысты.

5. Генерал Андерс әскерінің Иранға кетуі және поляк жауынгерлерінің Еуропадағы соғыс қимылдарына қатысуы

Генерал Андерс Лондоннан қайтып келген соң поляк әскерінің бір бөлігін Иранға көшіру басталды. Әскерлермен бірге бірталай поляк азаматтары, әйелдер мен балалар да Иранға көшуге дайындалды. 1942 жылы 28 наурызда Ташкент қаласында көшіру мәселесімен Кеңес-поляк комиссиясы айналысты. Бірінші комиссия отырысына мемлекеттік қауіпсіздік майоры Г.С. Жуков, Қызыл Әскер Бас штабының офицері полковник Черствой, ал поляктар жағынан поляк әскерінің Бас қолбасшысы генерал-лейтенант В. Андерс, поляк әскерінің тылдағы жұмыстарын басқаратын полковник Васньиновский және ротмистер Климовский қатысты.

Отырыста қаралған мәселелер поляк әскерін Иранға көшіру, Кеңес-Иран шекарасынан поляк әскерімен олардың жүктерін тасымалдауды жеңілдету шараларын белгіледі. Кеңес-поляк комиссиясы поляк әскерінің Веревск, Велико-Алексеевск, Шоқпар, Маргелан, Құлан, Отар, Қарабалтада (Қырғызстан) орналасқан 8, 9 және 10-жаяу әскер дивизияларын көшіру мәселелерін талқылады. Көшірілетін бөлімдердің адам санын, керекжарак, мүмкін т.б. материалдық иеліктерін еске алу жұмысы 1942 жылдың 1 сәуіріне дейін аяқталуға тиісті.

1942 жылы 2 мамырда Кеңес Одағы жеріндегі поляк әскері штабының бастығын генерал-майор З. Шишко-Бокуш Панфиловқа, Польша эмиграция үкіметінің басшысы генерал Сикорский КСРО мен Польшаның Иранда орналасқан қарулы күштерінің Бас қолбасшысы етіп генерал-лейтенант Андерс тағайындалғанын жазды. Сонымен қатар Ливия мен Палестинадағы Поляк моторлы корпусына бақылау жасау міндеті жүктелгенін айтты.

Андерстің бұйрығымен «КСРО жерінде поляк әскерін толықтыру жұмысын тоқтатпауын өтінген» деп жазды Шишко-Бокуш.

«Әскери базадан арнайы адамдармен қатар 58 офицер, 763 унтер-офицер және механиктер, қару ісі шеберлері, көлік жүргізушілер де жұмыс істеуде. Генерал Андерс Мешхед қаласындағы поляк әскері базасында жұмыс істеу үшін Англиядан ке-

летін мамандарға арнайы рұқсат құжат (виза) беруіңізді сұраймын. Олардың аты-жөні тіркелген құжат Мешхед қаласына келгеннен кейін сізге арнайы тапсырылады. Қазірше біздің орталығымыз Ашхабатта болмақ», – деді генерал-майор А.П. Панфиловқа жазған хатында. Поляк әскерін Иранға көшіруде генерал Андерстің қызметіндегі әжептәуір күрделі мәселе КСРО жерінде қалып қойған отбасылары мен әскерде жоқ поляк азаматтарын қоса Иранға көшіру болды.

Генерал Андерс поляк әскерін майданға жіберуге әлі де болса дайын емес екенін айтып И.В. Сталинге хат жазады. Хатты алғаннан кейін Сталин оны Мәскеуге шақыртты. 1942 жылы 18 наурызда генерал Андерс Сталиннің қабылдауында болды. Кездесуге В.М. Молотов қатысып отырды.

Сталин: Поляк әскерінде қанша дивизия құрылғанын сұрады.

Андерс: Қазіргі кезде 6 дивизия құрылғанын, бірақ 2 дивизиядан басқасының әлі толық құрылып бітпегенін айтты.

Андерс: Поляк әскерін азық-түлікпен қамтамасыз ету өте ауыр қиындықтар туғызып отырғанын айтты.

Сталин: Бұл мәселе туралы 1941 жылдың қыркүйегінде Мәскеуде болған үш жақты кездесуде (КСРО, АҚШ және Ұлыбритания) КСРО-ға 200 мың астық жіберіп тұруға келіскенбіз, бірақ соғыс жағдайында Тынық мұхиты арқылы 60 мың тонна астық жеткізілді. Сондықтан поляк әскеріне 44 мың пәк көбейте аламыз деп уәде берді.

Андерс: «Оларды немен тамақтандырамыз», – деген сұрағына...

Сталин: Оларды кеңшарларға жұмысқа жіберуді ұсынды.

Андерс: «Егер басқа мүмкіншілік болмаса, оларды Иранға көшіру керек», – деді.

Сталин: Бұл ұсынысқа қарсылық білдірмейтінін айтты. Егер Иранға поляк әскері көшкен жағдайда, Кеңес жерінде 44 мың поляк әскерінің қалуын сұрады.

Кеңес Одағы жерінде жасақталып жатқан поляк әскерін азық-түлік, қару-жарақ, жабдықтар мәселесі Ұлыбритания мен Польша Эмиграциялық үкіметтің басшысы Сикорский арасындағы келіссөздер барысында шешілетін болды. Бұл келісімдердің негізінде поляк әскеріне арналған ағылшын тауарларын Иранға жіберуге тиісті болатын.



6-сурет. 1942 жылы поляк әскері КСРО жерінен Иранға аттануы

1944 жылы қаңтар айында одақтас әскерлерімен поляктар Рим қаласының маңындағы Монте-Кассиноны алу үшін шайқасқа қатысты. Бұл бекіністі алу үшін Польша жауынгерлері айтарлықтай ерлікпен соғыс қимылдарын жүргізді. Бұл шайқас мамыр айының 2-күні болды.

Польша жауынгерлері алып шабуылды тоқтатты. Германия және Италия әскерлерінің қорғанысы мықты болып, одақтастар әскерлерін Римге жібермеді. Монте-Кассино биіктігі үшін бірнеше күнге созылған шайқаста одақтастар әскерлері 46 мың адамнан айырылса, 923 Андерс әскері қаза тапты. Бұл шайқас туралы журналистер мен жазушылар көптеген өздерінің еңбектерін жазды, жастар күні бүгінге дейін айтып жүр. Монте-Кассино шайқасына арналған өлеңнен үзінді беріп отырмыз.

Орысшасы:

Красные маки на Монте-Кассино
Вместе росли пили польскую кровь
Шеи солдаты по маком и гибли
Но смерти сильнее был гнев
Проходят годы, проидет и столетие
Останется след тех дней
И только маки но Монте-Кассино
Красные будут, обо на польской выросликрови [34].



7-сурет. Монте-Кассино биіктігіндегі Польша жалауы

Италияның Монте-Кассино асуында Польша жалауы желбіреуде.

Генерал Андерс 1970 жылы 12 мамырда қайтыс болғаннан кейін, өзінің қалдырған өсиетіне сәйкес оны Монте-Кассинодағы жауынгерлері жатқан жерге жерленді. Оның аруағы тыныштық тапты. Екінші майдан әскерлерінің құрамында 1 танк дивизиясы оның басшысы генерал С. Мачек соғыс қимылдарына араласып, Белгия, Голландия қалаларын азат етуге қатысты. Голландияның ежелгі қаласы Бредуді азат еткен поляктарды олар күні бүгінге дейін еске алып, өздерінің ризашылығын білдіріп келеді.

1943 жылы генерал Андерс армиясы Иранға кеткеннен кейін, КСРО Польша Эмиграциялық үкіметімен елшілік қатынасты үзді.

Монте-Кассино шайқасынан кейін генерал Андерс Польша әскерінің 2-корпус жауынгерлері Солтүстік Италиядағы одақтастар әскерлерімен бірге соғыс қимылдарына қатысты.

1945 жылдың көктемінде Польшаның 2-корпус әскері Сенио өзенінің бойындағы Болоньи қаласы үшін болған шайқасқа қатысты. Поляк жауынгерлері Солтүстік Италияның Сенио, Сантерио, Силларо, Идиче және Имоль қалаларын азат етті. 12 сәуірде неміс-фашистер қарсы соғыс қимылдарын жүргізіп Болоньи қаласын алды. Солтүстік Италиядағы шайқаста поляктар 17924 адамынан айырылды. Соғыс аяқталғаннан кейін 2-корпус әскерінің көбі Ұлыбританияға жіберілді. Қалған бөлімдерінің солдаттары Канадаға және өз отаны Польшаға оралды. 1944 жылы 26 тамызда генерал В. Андерс Ұлыбританияның премьер-министрі У. Черчилльмен Италияда кездесті. У. Черчилль: «Біз сіздермен одақтас болып, бірге соғыстық. Біз сіздерді қолдаймыз, қандай қиындық болса да қолдау көрсетеміз...». В. Андерс: «Біз бұл соғыста өлсек те, ешуақытта тізе бүкпейміз!», – деп сөзін аяқтады.

ҚОРЫТЫНДЫ

1992 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасында елшілік (дипломатиялық) қатынастар орнады. Екі ел арасында саяси, экономикалық, инновациялық және мәдени байланыстар дамып келеді. Оған басты себептердің бірі ҚР-дың тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылы қараша айында және 2002 жылы мамыр айында Польшаға ресми сапары барысында екі ел арасында инновация және серіктестік кездесулер өткізді. 2001 жылы Рим папасы Иоанн Павел тұңғыш рет Астана қаласына келіп, халықаралық дін басшыларымен кездесіп, саммит өткізді. Бүгінде Қазақстанда тұрып жатқан 45 мыңнан астам поляктар Қазақстанды өздерінің отаны деп қабылдап, оның дамуы мен гүлденуіне өз үлестерін қосуда.

1939-1945 жылдарда Польша мемлекетінің тарихында ең қаралы жылдары Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы болды. Польша (Речь Посполитая) Германия жаулап алып, тәуелсіздігінен айырылды. Гитлер мен Сталиннің құпия саясаты Польшаны екіге бөлді. Кеңес-Польша тарихында екі ел арасында тағы бір қасірет, ол – «Катынь қасіреті». Бұл оқиғалар екі ел арасындағы қатынасты бұзып, елшіліктен бас тартты.

1941 жылы 30 шілдеде Кеңес-Польша келіссөздері, Польшаның антигитлерлік одаққа кіруі фашистік Германияға қарсы күресуге мүмкіндік алды. КСРО жерінде генерал Андерс поляк әскери дивизиясын құруға қол жеткізді. Сикорский мен Андерстің саясаты тек поляк әскерін құрып қана қойған жоқ, сонымен қатар мыңдаған поляк азаматтарын соғыс шайқастарынан аман қалуына мүмкіндік жасады. КСРО жерінде поляк әскері құрылып және оның Иран арқылы көшіріліп Ұлыбритания жағында соғыс қимылдарына қатысты. Бұл мәселеде Ұлыбритания премьер-министрі У. Черчилльдің қызметі аса құрметпен жазылды.

Польша тарихындағы қиындықтардан өзінің тұтастығын сақтап қала алған поляк халқы ендігі уақытта өзінің бұрынғы кездерде көрген азабының айыптысын іздемеуге мүмкіндігінше, сол қиындықтарды тарихтың еншісіне қалдыруға дайын деп үміттенуге болады.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Вторая мировая война. Краткая История. – М.: Наука, 1985.
2. Дыбковская А., Жарын М. История Польши / С древнейших времен до наших дней. – Варшава, 1995. – 271 с.
3. Самсонов А.М. Крах фашистской агрессии (1939 – 1945). Исторический очерк. – М.: Наука, 1975.
4. Накануне 1933 – 1939. Сборник документов. – М., 1990.
5. Семиряга М.И. Тайны Сталинской дипломатии (1939 – 1941). – М.: ВШ, 1992.
6. История южных и западных славян. Т. 2. – М.: МГУ, 2001.
7. Парсаданова В.С. Депортация населения из Западной Украины и Западной Белоруссии в 1939 – 1941 гг. // Новая и новейшая история. – 1989. – № 2.
8. Вторая мировая война в воспоминаниях У. Черчилль, Ш. де Голля, Д. Эйзенхауэра – М., 1990. – 110-111 б.
9. Көкебаева Г.К., Сманова А.М. Польша. Қазақстан: тоғысқан тағдырлар. – Алматы, 2012.
10. Андерс В. Без последней главы // Иностранная литература. – 1990. – № 12.
11. Из истории поляков в Казакстане (1936 – 1956). – Алматы, 2001.
12. Советско-польское отношений. 1939 – 1943 гг. Т. 7. – М., 1982.
13. Андерс В. Без последней главы / пер. с пол. Т. Уманской; послесл. Н. Лебедевой // Иностранная литература. – № 11.
14. Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 43-іс. – 30-п.
15. Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 43-іс. – 42-п.
16. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 1146-қ. – 1-т. – 148-іс. – 114-п.
17. Русский архив: Великая Отечественная. Том 14.: СССР и Польша. – М., 1994.
18. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 1146-қ. – 1-т. – 148-іс. – 34, 89-90-п.
19. Документы и материалы по истории советского-польских отношений. Т. 7. 1939 – 1943. – М., 1973.
20. Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 43-іс. – 35-п.
21. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 1137-қ. – 18-т. – 33-іс. – 1 – 4-п.
22. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 1146-қ. – 1-т. – 148-іс. – 209-п.
23. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 1146-қ. – 1-т. – 148-іс. – 142, 143-п.
24. Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 42-іс. – 120-п.

25. Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 43-іс. – 130,152-п.
26. Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 42-іс. – 35-п.
27. Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 53-іс. – 203-п.
28. Новая и новейшая история. – 1993. – № 2.
29. Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты. – 708-қ. – 6/2-т. – 124-іс. – 101-п.
30. Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 43-іс. – 182-п.
31. Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік мұрағаты. – 280-қ. – 768407-т. – 43-іс. – 207-п.
32. Цыган В., Скальски Я. Польша: Борьба за свободу и независимость. 1939 – 1945. – Варшава, 2005.
33. ҚРОММ. – 1146-қ. – 1-т. – 287-іс. – 321-п.
34. Пастушко С. Генерал Андерс и его солдаты. – Алматы, 2012.
35. Майский И.М. Воспоминания советского дипломата. Война 1939 – 1943 гг. – М., 1965.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1-тарау. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҰЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ	5
1. Герман-Польша соғысының алғашқы кезеңі (1939 жыл 1-28 қыркүйек)	5
2. КСРО әскерінің Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны азат етуі	10
3. Польша халқының фашизмге қарсы күресі	13
4. Сталин мен Сикорский арасындағы келісімдер	18
5. В. Сикорскийдің өмір жолы	22
2-тарау. КСРО ЖЕРІНДЕ АНДЕРС ӘСКЕРІНІҢ ЖАСАҚТАЛУЫ	25
1. КСРО жерінде поляк әскерін құрудағы генерал Андерстің қызметі	25
2. Қазақстанға жер аударылған поляктардың тағдыры	34
3. Қазақстандағы Польша елшілігінің құрылуы және қызметі	48
4. Қазақстанда поляк әскери бөлімдерінің жасақталуы	52
5. Генерал Андерс әскерінің Иранға кетуі және поляк жауынгерлерінің Еуропадағы соғыс қимылдарына қатысуы.....	81
ҚОРЫТЫНДЫ	86
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	88

Оқу басылымы

Мәшімбаев Серік Мектепұлы
Сманова Айгүл Молдаәліқызы

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ПОЛЯК ӘСКЕРИ ЕЛШІЛІГІНІҢ
ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ
(1939-1943 ж.)**

Оқу құралы

Редакторы *Г. Ыбырайқызы*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын көркемдеген *Қ. Өмірбекова*

Мұқабаны безендіруде сурет
<http://www.vidiani.com> сайтынан алынды.

ИБ №11032

Басуға 29.06.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 5,62 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №3904.
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.